AQTÖBE OBLYSYNYŊ TILDERDI DAMYTU BASQARMASY

# TILDERDI OQYTU:
# IZDENIS JÄNE ÄDISTEME

aqparattyq- ädıstemelık jurnal

№1(23)

2021-jyl, 26-nauryz

# «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме»

*ақпараттық-әдістемелік журнал*




**Меншік иесі:**
«Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы» ММ

**Бас редактор м.а.: М.Жанасова**

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпарат тандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 2016 жылғы 15 сәуірдегі №15956-Ж куәлігін алған.**

**Басылым мерзімділігі:**
3 айда 1 рет

**№1 (23) саны**
**26 наурыз, 2021 жыл**

**Таралымы:** 100 дана
**Тапсырыс:** №59
**Баспахана атауы:**
«Хабар-Сервис» баспаханасы ЖШС
**Мекенжайы:**
Қазақстан Республикасы,
Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі, 9/2.
**Тел.:** 8 (7132) 545-545, 400-400.
**E-mail:** habar-service@mail. ru

**Редакция мекенжайы:**
Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 20 «А»
тел. /факс: 8 (7132) 41-69-34

**E-mail:** ortaluktil@mail. ru

*Авторлардың стилі, орфографиясы сақталады. Ақпараттардың нақтылығы мен ақиқаттығына редакция жауап бермейді.*

# МАЗМҰНЫ


| | | |
|---|---|---|
| | Редактор бағаны | 5 |
| | «Тіл таным» | 6 |
| *Г.Б.Төлегенова* | Жаңа әліпбиді оқытудың әдістері | 6 |
| *К.Ә.Қондыбай* | «Қазақ тілін оқыту әдістемесін» оқытуда әдіс-тәсілдерді пайдалану жолдары | 7 |
| *Ж.Р.Жақанова* | Әліпбидегі әріптерді қалай үйретеміз? | 9 |
| *Ә.Д.Смықова* | Сөздіктердің жасалу тәжірибесінен | 10 |
| *Л.Т.Балгазиева* *А. Қалиева* | Ғылым көгінің жарық жұлдызы | 13 |
| *М.Ж.Болысбекова* | Мәтін арқылы сөйлеу әрекетін қалыптастыру | 15 |
| *Т.А.Алпамысова* | Үштілділік –бәсекеге қабілеттіліктің басты шарты | 17 |
| | «Рухани жаңғыру» | 18 |
| *Д.Е.Нысанқуатова* | «Латын әліпбиіне көшу – уақыт талабы» | 18 |
| *Ш. С. Айнабекова* | Абайды білу парыз ойлы жасқа | 19 |
| *М.Ө.Өтесін* | Үш тілде білім беру— адамзаттың дамуының басты бағыты | 20 |
| *К.Ж.Кулымов* | Махамбет толғауларының тілі мен көркемдігі | 22 |
| *К.С.Советбаева* | «Қазақ ауылының көркем шежіресі» | 24 |
| *М.Д.Әлжанова* | Балалар әдебиетінің бастауы — халық ауыз әдебиеті | 26 |
| | «Тіл үйрету әдістемесі» | 28 |
| *А.С.Сүгірбаева* | Қазақ тілін үйретуде «learningApps» сервисін пайдаланудың тиімділігі | 28 |
| *Қ.Б.Құлбалина* | Мектепке дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту | 30 |
| *Р.А.Лекерова* | Балабақшада халық ауыз әдебиеті арқылы ұлттық тәрбие беру | 30 |
| *Л.Т.Мәдемуханова* | STEAM технологиясын қолдану арқылы балалар арасында анимациялық байқау өткізудің ерекшелігі | 32 |
| *А.И.Нургалиева* | Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілі грамматикасындағы ұқсас формаларды салыстыра оқыту | 32 |
| *Б.Н.Нұржанов* | Жаңартылған білім мазмұны: Дене шынықтыру пәнін қашықтан оқытуда қолданылатын тиімді әдіс тәсілдер мен технологиялар | 34 |
| *Р.Ж.Ожанова* | Мұғалімнің жеке тұлғалық кәсіби дамуы | 35 |
| *С.А.Сексембаева* | Виды дифференцирования на уроках английского языка | 36 |
| *А.К.Тлеубергенова* | Балалар тілінің екпіндік мәнерлігін қалыптастыру | 37 |
| *А.Туребаева* | Балалардың әлеуметтік бейімділігін дамытудағы әсер ететін факторлар | 39 |
| *Н.М.Шамшина* | «Мейірімділік - ең тамаша қасиет» тренингі (Педагогтармен) | 39 |
| *С.О.Шинтасова* | Г.Альтшуллер технологиясы бойынша «Луллия сақиналары» сандық білім берудің мазмұнын презентациялар арқылы ұйымдастырылған оқу қызметінің құрылымы | 40 |
| | «Үздік сабақ» | 42 |
| *Ж.К.Абрашева* | Бізді қоршаған орта | 42 |
| *К.А.Айтишева* | «Қазақтың бас театры» | 44 |
| *А.А.Арыкова* | Табиғи ресурстар. Бірыңғай толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш | 46 |
| *А. Ж.Бекмурзина* | Ы.Алтынсарин. «Қыпшақ Сейтқұл» әңгімесі | 49 |
| *Ж.Т.Дауылова* | Қазақ тілі-қазақ халқының әдеби тілі және мемлекеттік тіл | 52 |
| *Г.К.Ермекова* | «Кенесары- Наурызбай» поэмасының сюжеттік- композициясы | 53 |

| | | |
|---|---|---|
| *А.Т. Жунусова* | С.Торайғыровтың өмірі мен шығармашылығы | 55 |
| *А.Е.Кальжанова* | Оразақын Асқар « Шетте жүрген бауырларға» өлеңі. Атажұртқа оралу. | 57 |
| *Л.К.Кемаладинова* | Ас адамның арқауы | 59 |
| *А.Ә.Қартанова* | М.Әуезов «Абай жолы» роман- эпопеясы | 60 |
| *Б.Қыйлыбаева* | Мәдени мұра дегеніміз не? Сөйлемнің дара және күрделі мүшелері | 61 |
| *И.М.Турумбетова* | "What nice weather!" | 64 |
| *М.Уразтаева* | Конус (Cone) | 66 |
| *А.М.Улмагамбетова* | Дастархан басындағы әдептілік | 68 |
| *Ә.Утешова* | Отбасы | 70 |
| *Л.Шарафиева* | Сөз таптары | 73 |
| *Г.С.Кадралина* | А.Сопыбеков «Сапар мен парта» | 76 |
| | «Тәрбиеші жазбалары» | 78 |
| *Р.П.Алдабергенова* | Төрт түлік және оның төлдері | 78 |
| *А.К.Базаргалиева* | Жақсы деген немене, жаман деген немене | 80 |
| *Г.Ж.Бекенова* | Біз рәміздерді құрметтейміз | 81 |
| *Э.С.Бекмагамбетова* | Конспект организованной учебной деятельности по самопознанию «Добрые поступки» | 82 |
| *Е.В.Варюта* | «Мальвина учит Буратино» | 84 |
| *Э.К.Галиева* | Күлше қыз | 85 |
| *А.Б.Досова* | Ең асыл сөз –ана | 87 |
| *М.Е.Кулькашева* | «Менің отбасым» | 88 |
| *Ж.Ж.Қарабекова* | «Мамандықтың бәрі жақсы» | 89 |
| *Г.С.Косанова* | Қазақ халқының салт - дәстүрі | 90 |
| *Т.Ж.Махамбетова* | «Тәуелсіздік елдігімнің белгісі» | 90 |
| *Н.Б.Молдашева* | Сиқырлы сандар | 91 |
| *А.А. Наурзалиева* | «Ғажайып қыс» | 92 |
| *К.І.Нұрмаханова* | «Дәрігер апай қонақта» | 93 |
| *А.Б.Ршимова* | "Өзен балықтары" | 94 |
| *А.Д.Сатаева* | «Менің отбасым» | 95 |
| *Б.С.Сембаева* | «Қанатты достар» | 96 |
| *Ж.Қ.Сүйінбаева* | «Қуыршақ Әйгерімнің ойыншықтары» (ұлттық үлгідегі) | 97 |
| *А.А.Тлеумагамбетова* | Қайырымды Алдар көсе | 98 |
| *Г.Б.Уразалина* | «Жолда жүру ережелері» | 99 |
| *А.Х.Урынбасарова* | «Қарлығаш пен дәуіт» қазақ халық ертегісі Театрлық қойылымға арналған сценарий | 101 |
| *А.М.Утегенова* | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері | 102 |
| *Г.Ж.Уразбаева* | «Қыс қызығы» | 103 |
| | Хабарландырулар тақтасы | 104 |

# Құрметті оқырман!

«Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» журналы тағы да өздеріңізге қарай жол тартты. Сіздер журнал беттерінен облыстағы мемлекеттік тіл саясаты, тілдік ахуал, латын графикалы қазақ әліпбиі мәселелері, сондай-ақ тілдерді оқытудың озық тәжірибелері туралы материалдарды таба аласыздар. «Тіл үйрету әдістемесі», «Үздік сабақ», «Тәрбиеші жазбалары» айдарлары арқылы Сіздерді тек оқырман ғана емес, ортақ іске белсене атсалысатын авторымыз деп танимыз.

Журнал алғаш жарық көрген кезден бастап тіл саясатына қатысты басым бағыттарды негізге алып келеді. Журналдың биылғы жылғы сандарында да осындай дәстүрлі бағыт жалғасын тауып, «Тілтаным», «Рухани жаңғыру» сияқты айдарлар сақталып отыр. Мұндағы мақсат – Ақтөбе облысында мемлекеттік тіл саясатын дамыту бағытында атқарылып жатқан іс-шаралар жөнінде кеңінен ақпарат беру, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын, оның ішінде 6-бағыт «Латын графикалық жүйеге көшуді» насихаттау құрал ретінде қызмет ету. Сонымен қатар, тілдерді оқыту саласында тың ізденіс пен озық әдістемені насихаттай отырып, тілдер оқытушыларына, әдіскерлерге әдістемелік көмек көрсету, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге ықпал ету. Әлбетте, журнал профессор-ғалымдардың, тілдер оқытушыларының мақалаларын, үздік әдістемелік әзірлемелерін, сабақ үлгілерін жариялауды жалғастырады. Жариялым тегін екендігін естеріңізге саламыз.

«Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болуы керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылдық керек, мағыналы, маңызды болуына білім керек» деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, авторлардан жаңашыл мазмұндағы мақалалар күтеміз. Ендеше, іске сәт, жаңалыққа жаны құштар МҰҒАЛІМ!

Зерделі оқырмандар! Сөз соңында Сіздерді төрімізге енген Ұлыстың ұлы күні – әз Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Әрқашан еліміздің еңсесі биік, мәртебесі асқақ, мемлекеттік тіл мерейі үстем болсын!

***К.СЕРҒАЗИНА***
*Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының*
*Тілдерді оқыту орталығы директоры*

«Тілтаным»

# Жаңа әліпбиді оқытудың әдістері



**Г.Б.Төлегенова**
*Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-пракатикалық орталығы Әдістеме басқармасының аға әдіскері*

Қазіргі уақытта елімізде жалпыхалықтық сипатқа ие болып отырған аса маңызды реформалардың бірі — латын графикалы жаңа әліпбиге көшу. Жаңа жазуды енгізу мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтып отыр. Елдің төл жазуы мен мемлекеттік тіл — егемендіктің белгісі. Латын графикасына көшу туралы идеялар мен пікірлер қанша жылдардан бері айтылып келе жатқанымен, нақ іске асыратын уақыты енді келіп отыр. Оның негізінде саяси, экономикалық, әлеуметтік факторлар жатыр. Оның үстіне Қазақстан әлемдік деңгейде өз орнын алып, ғылым мен білім арқылы дүние халықтарымен еркін араласа бастады. Осы жағдайларды ескере отырып Елбасы қазақ тілінің жазуын латын графикасына көшуді қолға алуды тапсырған болатын. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Елбасы: «Бұл — қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылым мен білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты»,-деп атап көрсетеді[1].

Тілтанымдық реформа алғашқы «өтпелі» кезеңін артқа тастап, жаңа белеске қадам басқалы отыр. Оны алдымен жетілдірілген әліпбиді насихаттау мен халыққа үйретуден бастаған жөн. Білім үйренушіге берілетін білім оның әдісіне байланысты. Білімді тез игеру үшін үйрету әдісінің жүйелі де оңай әрі адамды жалықтырмайтын болуы шарт.

Жазу — бұл ауызша сөйлеу элементтеріне сәйкес графикалық белгілерді (графемаларды) салу арқылы оның элементтерін қағазға (немесе басқа материалдарға) түсіре сөйлеудің ерекше түрі. Ол оқу процесінде қалыптасатын күрделі дағдылардың бірі. Жазуға үйретудің маңызды элементі — орфографиялық дағдыларды қалыптастырумен қатар графикалық жазу дағдыларын қалыптастыру. Қазақстандағы тіл үйрету орталықтары мен түрлі сала мамандары 2017 жылғы бекітілген әліпбиді оқып, сертификаттарын алды. Өз өңірлерінде түрлі курстар ашып одан әрі әліпби оқыту жұмысын жандандырды. Осы саланы ұйымдастырушылардың бірі ретінде бұл тарихи оқиғадан көп тәжірибе жинақтадым. Соны осы мақала барысында әріптестеріммен бөлісуді жөн көріп отырмын.

Жазуға үйрету барысында жинақталатын топтардың мамандықтары мен жұмыс саласы бірдей болуының пайдасы мен кемшілігі тең болды. Терминологиялық лексиканы үйрету жеңіл болғанымен, басқа лексикаға қызығушылықтары жоқ екені байқалды.

Топтарды жасақтауда жас ерекшеліктері мен қызмет бабы арасындағы қарым-қатынастар заңдылықтары ескеруге тура келді. Кейбір жағдайда бір топтар сала бойынша бөлім басшысы, маман, кіші қызметкер, әскери шені төмен-жоғары білім алушылар жиналғанда тапсырмаларды орындау кезінде қызметтік «субординация» сақтап отыратын уақыттар кездесті. Бұндай жағдайды ескере отырып, топты қайта жасақтау шаралары атқарылды. Алғашқы кезде жасы үлкен кейбір білім алушының топта қорқынышын жою мақсатында арнайы жеңіл тапсырмалар қарастыру көзделді.

Жазуды үйрету барысында білім алушы мен білім берушінің *ғылыми-терминологиялық ақпаратты* толық игеруі маңызды болды. Осы уақытқа дейін тілді үйретуде жазуға қатысты терминология көп оқытылмайтын. Себебі қазақ тілін үйренушілер әліпбимен дайын келетін. Әліпбиді үйрету кезінде фонема мен оның түрленуі, вариациясы, графема, графикалық жазу, диграф сияқты лингвистикалық терминдерді жан-жақты түсіндіріп, олардың қолдану деңгейлері сараланды. Мамандықтарға байланысты оқытудың деңгейлері де нақтыланды. Себебі жазуды үйрету барысында гуманитарлық және техникалық сала, медицина, әскери сала аясында оқыту әдістемесі өзгеше болу керектігі анықталды.

Әліпбидің қырық екі әріптен бірден отыз бір әріпке түсіп кетуі тілдік ортаны қызықтырып отырды. Ең алғаш салыстырмалы түрде жаңа әліпбиден шығып кеткен әріптердің орны қалай дыбысталатынан бастаған жөн. Әсіресе, «ю» мен «я» әріптерін іздейтіндері сөзсіз. «Ю» және «Я» әріптері бар сөздердің жазылуында бірнеше өзгерістер болғандықтан оларға арнайы сабақтар арнау арқылы жақсы игерілді.Сол сияқты емледе екі түрлі болып жазылатын әріптерді үйретуде мысалдарды көбірек беріп дағдыландыру қажеттілігі туады. **Ц** әрпі және **сц** әріп тіркесі s арқылы жазылады: *konstitusia, korporasia.* Қос **ц** әрпі бар сөздерде **ts** әріп тіркесі жазылады: *pitsa, Nitsa.* **«Ю»** әрпі төл сөздерде және шеттілдік сөздің басында **iu** әріп тіркесімен *aiu, oiu, İupiter, İurmala* түрінде таңбаланса, ал шеттілдік сөздердің

ортасында *ü* арқылы таңбаланады: *paraşüt, absalüt, glükoz, debüt, prodüser, lüks, salüt, valüta, büdjet, bürokratia, süjet).*

Болашақта қазақ тілін білмейтін ересектер үшін әліпбиден бастағанда әрбір дыбыстың академиялық сипатын көрсету орфография мен орфоэпияны дұрыс игеруге септігін тигізеді. Қазіргі қазақ тілді ортада төл дыбыстарды айта алмайтын және қалай жазылса солай айтатын жас ұрпақ пайда болғаны рас. Сондай олқылықтарды болдырмас үшін әрбір дыбыстың жазылуы мен дыбысталуын, қазақ тілінің үндестік заңын мен дыбыстар әуезін бірден үйрету ұсынылады.

Әдістемелік тәжірибе бойынша білім алушы көрмей тұрып жазуға қалыптасуы қиындық туғызады. Сол үшін ең бірінші жаңа әліпбимен берілген сөздерді көрсету керек. Оқу дағдысы қалыптасқаннан кейін жазуды бастаған жөн. Жазу дағдысы емле-ережелер арқылы іске асады.

Орфографияны меңгертуде жаттығулар түрінің көп болуы жақсы нәтижеге әкеледі. Оқылыммен жазылымды байланыстыратын бірнеше жаттығуларды қолдануға болады:

1. Сөзді әріптеп оқу;
2. Сөздегі орналасуына қарай бірдей дыбысты беретін әріптер мен әріптер тіркесімін жазу;
3. Мәтіннен әріптер тіркесімі бар сөздерді табу;
4. Жетіспейтін әріптерді табу;
5. Сөздерді емле белгісі бойынша топтастыру;
6. Мәтіннен бірдей дыбыстар әр түрлі жолмен берілетін сөздерді жазып алыңыз;
7. Сөздің белгілі бір морфемасын жазу үшін қажетті алфавиттің әріптерін ұсыну;
8. Тақтадан көрнекі диктант жазу (сөздерді немесе сөйлемдерді өшіру арқылы);
9. Мәтінді мұғалімнің диктантымен жазу;
10. Мәтінді жадыдан жазыңыз

Жазуды пайдаланушы әрбір социум үшін ең маңыздысы — орфография. Орфографияның тарихи, морфологиялық, фонетикалық, иероглифтік, дәстүрлі деген түрлері болады [2]. Жазуды үйрету осы орфографиядан бастау алатыны сөзсіз.

Жазуды үйрету барысында лингвомәдени бірліктерді қолдану оны дұрыс әрі жылдам игеруге септігін тигізеді. Әріптерді үйретуде алынған мысалдар халықтың салт-дәстүріндегі жекелеген сөздер немесе атаулар, мәдени ұғымын білдіретін лексика болса, қабылдаушы оны танымдық бағыт арқылы жылдам есінде сақтайды. Өйткені ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани материалдық байлыққа байланысты лексика жаңа заманғы лексикаға қарағанда тезірек қабылданады.

Жазу күрделі психофизиологиялық құрылымы бар және артикуляция мен есту анализі, визуалды есте сақтау және визуалды бақылау, визуалды-моторлы үйлестіру және қимыл-қозғалыс басқару, перцептивті реттеу және лингвистикалық дағдылардың кешенінен (дыбыстарды ажырата білу, дыбыстық-әріптік талдау, және т.б.) тұрады.

Жазуды үйретудің бастапқы кезеңінде білім алушылар әріптер — графикалық белгілер (баспа, жазбаша, үлкен және кіші) белгілері туралы түсінік алуы керек, барлық графикалық элементтерді дұрыс, анық және жылдам жазуға, дұрыс қалыпқа, қолдың қимылын дұрыс сақтауға үйретілгені жақсы. Сонымен қатар, сөйлеу дыбыстарын дұрыс ажыратуы керек, оларды қатесіз тану және әріптермен байланыстыру қажет, өйткені графикамен қатар, орфографиялық шеберліктің қалыптасуы бірге жүреді.

# «Қазақ тілін оқыту әдістемесін» оқытуда әдіс-тәсілдерді пайдалану жолдары

**К.Ә.Қондыбай**
*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты*

«Әдістеме» — бір нәрсені зерттеу жолы, тәсілдерінің жиынтығы деген ұғымдағы гректің сөзі. Оны негізінен үш түрлі ұғымды түсінуге болады: жоғары оқу орнында өтілетін арнайы пән, оқыту әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы және педагогика, психология, философия мен арнайы пәннің тоғысуынан тұратын педагогика ғылымының бір саласы. Қазақ тілін оқыту әдістемесі үшін арнайы пән — лингвистика. Осыған орай, әдістеме ғылымына мынындай анықтамалар беріледі: «мектепте оқылатын тілдік материалдарды практика жүзінде оқушыларға саналы түсіндіріп меңгертудің бірден — бір дұрыс жолын үйрететін және оны зерттеп, тексеретін дидактикалық маңызы зор ғылым», «мектепте оқылатын қазақ тілі материалдарын практикалық тұрғыдан саналы түсіндіретін ғылым», «пәнді терең меңгертуде қолданылатын әдіс-тәсілдердің жүйесі», «методика — это наука, которая рассматривает, чему, и как учить», «қазақ тілін оқыту методикасы — қазақ әдеби тілінің маңызын, әдіс-тәсілдерін, амалдарын, оқушыға ана тілінен білім берудің, оны меңгертудің жолдарын үйрететін ғылым». Демек, «методика — дайын рецепт те емес, әкімшілік нұсқау да емес, тек педагогикалық кеңес, жол-жоба» болғанмен, қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымы — қазақ тілін оқытудың заңдылықтары мен жолдарын зерттейтін дербес ғылым.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі — оның мазмұны мен ұстанымдары, әдістері мен тәсілдері туралы

және мектепте қазақ тілінен оқушыларға берілетін білім, дағды, білік мөлшерін белгілеп, оны игертудің жолдары, шарттары туралы ғылым.

А.Әбілқаев, З.Бейсенбайқызының «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты оқулығында пәннің ғылым ретінде қарастыратын нысаны — оқыту үдерісі екендігі, ал оқыту үрдісі: оқытудың мазмұны, яғни тілдік материал, оқушыларда білім, дағды, іскерлікті қалыптастырудағы мұғалімнің әрекеті, білім алудағы оқушының әрекеті және оқытудың нәтижесі сияқты ұғымдарды қамтитындығы айтылған болатын. Осыған орай әдістеме ғылымында «оқыту», «білім беру», «оқу» ұғымдары ажыратылады. Білім беру –оқыту үдерісіндегі оқытушының әрекеті, оқыту — мұғалім мен оқытушының әрекеті, оқу — оқушының әрекеті.Яғни қазақ тілін оқыту әдістемесі — қазақ тілін оқытудың заңдылықтарын зерттейтін (субъект — субъектілік қатынастағы) педагогикалық пән екендігі сөз етілген.Нақтылап айтсақ, оқыту әдістемесі мына мәселелерді зерттейді:

1) мақсаттары (не үшін оқыту керек);
2) мазмұны (нені оқыту керек?);
3) ұйымдастырылуы (қалай оқыту керек?)
4) құралдары (ненің көмегімен оқыту керек?)
5) оқыту кезінде оқушылардың білімді меңгеру деңгейі, ақыл-ойының дамуы мен тәрбиеленуі арасындағы ұштастық мәселелері.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің басты — қазақ тілін тиімді оқытудың жолдарын қарастыру, пәннің танымдық, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттарын іске асыру.

Нақты мақсаты — тіл білімінің салаларын заман талабына сай оқытудың тиімді жолдарын қарастыру. Жеке мақсаты — тіл білімінің әр саласынан қалыптасатын білім мен біліктілік мазмұнын және нәтижені анықтау.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі — тарихи жағынан дамыған, жетілген, теориялық негізі қалыптасқан, белгілі бір ғылыми жүйеге түскен ғылым. . Пәннің мақсаты — студенттерді болашақ мамандығына бейімдеу, қазақ тілін оқытуға байланысты практикалық іскерлік пен дағды қалыптастыруға негіз болатын ғылыми мағлұматтар беру, олардың пәннің танымдық, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттарын іске асыруға дайындау, болашақ маманның кәсіби-әдістемелік шеберлігін қалыптастыру.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының міндеті — қазақ тілінің оқу пәні ретінде мақсаты мен мазмұнын, оқыту ұстанымдары мен әдіс тәсілдерін айқындау. Аталған әдістеме туралы айтылған пікірлер біздің студенттерге беріп жүрген типтік бағдарлама бойынша берілген болатын.

Ал 2016 жылғы типтік бағдарламада, негізінен, бұрынғы әдістемені оқытудағы тақырыптар сақталған, дегенмен жаңартылған білім беру бағдарламасы ескеріліп, мынадай тақырыптар жаңадан берілген:

1. Қазақ тілін оқытудың жаңа тенденциялары, парадигмалары, қағидалары мен бағыттары

2. Қазақ тілін оқытуға арналған базалық-нормативтік құжаттар

3. Бағалау.

Басқа тақырыптар бұрынғы типтік бағдарламада берілген тақырыптарды қайтадан беріліп отыр, дейтұрғанмен, жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс жалғаса берген жағдайда бұл бағдарлама өзгеретіні анық.

Әлеуметтік-сындарлылық тұрғыдан оқытуды түсіну (Vygotsky, 1978; Wood, 1998) осы Үшінші деңгей бағдарламасында айтылған «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» негізінде жатыр. Балалар өзіндік зерттеулері мен әлеуметтік өзара байланыс негізінде өз түсініктерін құратын белсенді білім алушылар болып табылады. «Диалог негізінде оқыту және оқу» (Mercer, 1995; Alexander, 2008), метасана немесе «Қалай оқу керектігін үйрену» (Flavell, 1976; Vygotsky, 1978) деген атаулармен танымал педагогикалық тәсілдер әлеуметтік-сындарлылық идеялары қазіргі заманғы маңызды түсіндірмелері ретінде қолданылады. Жеті модульдің барлығында қарастырылатын идеяларды оқыту мен оқудың жаңа тәсілдері деп санауға болатынына қарамастан, біз жаңа әдістер ретінде «Диалог арқылы оқыту» мен «Қалай оқу керектігін үйренуді » ғана қарастырамыз, себебі олар әлеуметтік-сындарлылық көзқарасымен тығыз байланысты. Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетін амал екенін көрсетеді. «Қалай оқу керектігін үйрену» немесе метасана оқушыларға оқуды өз бетінше жалғастыра алатын білім жинау жауапкершілігін түсінуге және оны өз мойнына алуға қалай көмектесуге болатынын көрсетеді. Осы пікірлерді негізге ала отырып, сабақ барысында студенттерге топтық жұмыс, жұптық жұмыс жасатуды әдетке айналдыра бастадық. Тақырыпты беріп, оны топпен талдау жасауға, өздігінен, жұппен жұмыс жасауға мүмкіндік бердік, сонымен қатар, студенттер интернет желілерін пайдаланып, ақпараттарды пайдалануға мүмкіндік бердік. Әр тақырыпты өткен кезде, студенттер топпен жұмыс жасады, содан соң, әр топқа түрлі тақырыпты меңгерту барысында жұмыс тапсырылды, топ мүшелері көп жағдайда бірлесіп, ақылдаса отырып, өздері тақырыпшаларды бөліп алып, әрқайсысы өз бөліктерін оқып, ол туралы ғалымдар пікірлерін, басқа жаңа ақпараттады пайдаланып, өз топтарымен бірге тақырып бойынша постер қорғау, интервью алу, топтарға сұрақтар қою, тест тапсырмаларын дайындау т.б. жұмыс түрлері бойынша тақырыптарды ашып көрсете алды, өз пікірлерін білдірді, ғалымдар пікірлерін пайдалана отырып, қорытынды жасай алды.

Қорыта айтқанда, «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәнін оқытуда, типтік бағдарлама тақырыптарын оқып үйрету барысында жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, студенттерді топтық, жұптық және жеке жұмыс түрлерін орындату арқылы оқу тиімділігін арттыруды мақсат еттік, соның нәтижесінде студенттердің барлығын жұмыс істетіп, диалогқа түсуге, сын тұрғысынан ойлауға бағыттадық деп білеміз.

# Әліпбидегі әріптерді қалай үйретеміз?



**Ж.Р.Жақанова**
*Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы Ресурстық тіл орталығының бөлім меңгерушісі, п.ғ.магистрі*

Соңғы ұсынылған жетілдірілген нұсқаға дейін акутнегізді әліпби бойынша мемлекеттік тілді үйретіп жүрген оқытушылар, жалпы тренерлер латынға негізделген әліпбиді қалай оқытамыз деген мәселені қолға алып, түрлі инновациялық жобаларды өмірге әкелді. Сөйтіп, акутты әріптерді жазып үйрету, оқылым дағдысын қалыптастыру тәжірибесі біршама қалыптасып үлгерді деп айтуға болады. Тіл мамандары үшін ұйымдастырылған тренинг, семинар, біліктілікті арттыру курстары да әліпбиді үйретуде оң нәтижесін берді. Тәжірибе жинақтау үшін бұл іс-шаралардың барлығы қажет деп ойлаймыз. Өйткені әдістеме тәжірибе негізінде жетіледі, тәжірибе барысында әліпбиді оқытудың ұтымды және ұтымсыз жақтары айқындалады. Бекітілетін әліпбиімізге өзгеріс еніп жатқан жағдайда да, әліпби үйретудегі атқарылған іс-шаралар бойынша жинақталған тәжірибе әрі қарай жұмысымыздың нәтижелі болуына ықпал етері сөзсіз.

Әліпбиде диакритикалы әріптердің тіл заңдылығына сай орынды қолданылуы біршама әдістемелік мәселелердің жылдам шешілуіне ықпал жасайды. Әдістеме ғылымында диакритиканың кез келгенін, мәселен, умлаут, бревис, седиль, макрон және тағы басқаларын үйретудің тиімді жолдары көп болса да, ең бастысы, оқыту ұстанымдарын басшылыққа алып оқыту қажеттілігін естен шығармаған абзал.

Өз заманында мықты әліпби түзген ғалым Ахмет Байтұрсынұлы: «Жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды тани білу керек. Ол дыбыстарға арналған әріптерін тани білу керек. Таныған әріптерін жаза білу керек....», - дейді. Иә, әріптерді тез танып, таңбалау үшін әліпбидің ұтымды нұсқасы керек. Осы орайда соңғы кездері ғалымдардың әліпбиге байланысты жарыққа шыққан мақалаларын зерделеу нәтижесінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесін анық көрсететін басқа да диакритиканы таңдау мүмкіндігі бар екеніне назар аудардық.

Президент тарапынан мақұлданып, ҚР Үкіметі жанындағы Ұлттық комиссияда қаралып, оң бағасын алған әліпби құрамымен таныса отырып, дауысты және дауыссыз дыбыстарды таңбалауға алынған әріптердің оқып-жазуға, көзшалымдық тұрғыдан сыртқы тұрпаты қабылдауға оңтайлылығына көз жеткіздік. Мәселен, бірыңғай жіңішке дауыстылар үшін умлаут, диграф орнына седиль диакритикасы, жуан еріндік дауыстыға макрон диакритикасн, ұяң дауыссызға бревис диакретикасы алынған екен.

Соңғы әліпби нұсқасындағы осы диакритикалы әріптер өзгертілмей қабылданатын болса, оқытудың ұтымды әдіс-тәсілдерін ойластыру әдістемешілердің негізгі міндеті болмақ. Осы орайда дауысты және дауыссыз дыбыстарды модульмен оқыту, яғни дауысты дыбыстарды жуан-жіңішкелігіне қарай жұппен, дауыссыз дыбыстарды «қатаң-ұяң-үнді» деп өзіндік диакритикалық белгілеріне баса назар аудартып оқыту әліпби үйретуде нәтиже береді деген ойдамыз.

Умлаут, бревис, седиль, макрон диакритикаларын үйрету ғылымилық ұстанымына негізделген дұрыс. Әрбір диакритиканы үйретуде тиімді әдіс-тәсіл, осыған дейін өзге елдерде қалыптасып үлгерген тәжірибе басшылыққа алынғаны жөн. Жаңа тұрпатты әріптерді үйрету барысында ассоциация әдісі көмекке келеді. Әзірше қолымызда әріптердің жазбаша нұсқасы жоқ. Әйтсе де, мәселен, Şş таңбасымен берілетін Ш-ға келсек, әріпті седильмен беру қиындық туғызуға тиісті емес. Неге десеңіз ассоциация әдісіне сүйенетін болсақ, кирилнегізді қазақ әліпбиінде әріптің төменгі жағын қосымша белгімен ерекшелеп түртіп жазу тәжірибесі бар. Бұл ретте Қ және Ң әріптерін бағдарға алсақ жеткілікті. Ш әрпі диграфпен және седильмен берілген мысалдарға назар аударайықшы: shar – şar, ushaq – ūşaq. Әдістемелік жағынан да, үнемді жазу тұрғысынан да қостаңбалы Sh-ға қарағанда седильмен берілетін Ş-ның тиімділігі аңғарылады. Сондай-ақ умлаутпен келген жіңішке Ää, Öö, Üü дауыстыларын таңбалауда қазіргі кирил әліпбииндегі Ёё әрпін, Ğğ ұяң дауыссызын таңбалауда Йй әрпін, Ŋŋ үнді дауыссызын үйретуде кәдуілгі Ңң әрпін мысалға алып, үйренушілерге ассоциация арқылы түсіндіруге болады.

Осы ретте айта кетейік, жаңа әліпби жобасы Президент тарапынан мақұлданғаннан бастап Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы Ресурстық тіл орталығы тарапынан түрлі жобалар қолға алынды. Негізгі мақсаты жаңа әліпби бойынша оқылым және жазылым дағдысын қалыптастыру болғанын атап өтеміз. «Ärıpter söileidı» «Bügıngı oi» «Oimaqtai oi» «Aitylym men jazylym bırdei me?» «Latyn-karaoke» «Jyldam oqyr, jazyp ülger» жобалары түсіндіру шараларында жүйелі қолданылып жүр. Біздің бір-екі жобамыз төменде мысал ретінде беріліп отыр.

Нәтижесінде бір шараға қатысқанның өзінде қатысушылар оқуға, жазуға тырысады. Әсіресе, көбірек мән бергендіктен де болар, оқылым дағдысы жазылымға қарағанда жылдам қалыптасатын тәрізді көрінді.







Қорыта айтқанда, жаңа әліпбиді үйрететін курстар басталған кезде дыбысты әріппен таңбалай білу, каллиграфиялық талапқа сай жазу, емле ереже бойынша қатесіз жазу, көз жүгіртіп оқу дағдыларын қалыптастыру мақсатында сабақ сайын ұтымды әдістермен жаттығулар орындалған жөн. Жалпы, біздің мекеменің 2018 жылдан бері үздіксіз қолға алған шараларына қарап, жаңа әліпбиді үйретуде, сауаттылықты қалыптастыруда қиындық болмайды деген қорытындыға келіп отырмыз.

# Сөздіктердің жасалу тәжірибесінен



**Ә.Д.Смықова**
*Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы Ресурстық тіл орталығының әдіскері*

Әр елден келіп жатқан жаңа сөздер біздің тілге салмақ салып жатқаны рас. Әр ұлт өз тілінің табиғи қалпын сақтағысы келгенмен, бүгінгі техникалық даму үрдісі әр елдің тіліне өз түзетулерін енгізіп жатқандай. Өз тілінің ерекшелігіне қарай бұл мәселелерді шешуге талпынып жатқандар бар. Мәселен, түріктер жаңа сөздерді толығымен аударуға ұмтылса, ағылшындар сөзді сол қалпында сақтап, өзінің сөздік қорына енгізуде. Ал бізде мұндай бірқалыптылық байқалмайды. Бұл сөзді сөздік қорға қосайын ба, жоқ па, әлде аударайын ба деп тұрған жалтақ күйде отырмыз. Кез келген жаңа сөзге жатырқап қарайтын қазақ тілі аударма мәселесіне келгенде бір жүйеге түскен жоқ. Осындай мәселелерді түбегейлі дұрыс шешуге әр тілде болатын ортақ қағида көмектеседі деп ойлаймын. Бірақ осының ара-жігін дұрыс айырмағандықтан, бәрін аудару керек сияқты болып тұрады. Аударманың сөздіктерге қандай қатысы бар десеңіз, бәріне белгілі ағылшын сөздіктері қалай жасалатынын түсінгенде, даудың басы қайдан шығып жүргеніне көз жеткіземіз деп ойлаймын.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, әлем тілдері жаңа сөздермен толыға бастады. Әлемдік жаһанданудың әсерінен көптеген мамандықтар пайда болды, жаңа технологиялық салалардың әсерінен жаңа сөздер пайда бола бастады. Ағылшын лингвистері жүргізген деректер бойынша ағылшын тілінде жылына 15-20 мың лексикалық бірлік пайда болады екен. Бұл – 98 минутта бір сөз пайда болады деген сөз.

Бүгінде интернеттің әсерінен жаңа сөз әлемге тез тарап, басқа елдің сөздік қорына еніп жатыр. Қазір ағылшын тілі Еуропа елдерінің ішінде әлемдік донор тіл болып тұр. Оның Испания, Франция және Ресей сияқты елдерге әсері ерекше. Бірақ ағылшын тілі жаңа сөздерді қайдан алып жатыр десеңіз, бұл тіл де көршілес француз сияқты тілдердің әсерінен сөзден-сөз жасап жатыр. Ағылшын тілінде қазір кіріккен сөздер мен бірікен сөздер өте көп. Тіпі ағылшын тілін үйреніп жүрген адамдар жаңадан пайда болған әртүрлі сөздерді жаттауына тура келеді. Сол сияқты сөздерді қысқарту арқылы жаңа сөздер туып жатыр. Мысалы, бәріне белгілі Teflon сөзі табаларды күюден қорғайтын жабындыны «Tetrafluoroethylene»

атты химиялық формуланың қысқартылуы. Ал Seal сөзі – әскер саласы, мұны орыстар «морской котик» деп атайды. Бұл сөз «Sea, air, land» сөзінен шыққан. Атақты Jeep көлігінің атауы «General purpose vehicle» сөзінен қысқарып, лексиконға Jeep боп енген. Ағылшындарда осылайша қысқарту арқылы жаңа сөз тудыру әскери салада қатты көрініс тапқан.

Қазір әлем бойынша ерекше тез дамып жатқан стильдің түрлеріне көңіл аударғым кеп отыр:

- **ғылыми стиль** – оның ішінде ғылыми-техникалық, әскери және медициналық технологиялар қатысты даму;
- **жарнама стилі** – маркетингтік сауданы жүргізу үшін және брендтерді қалыптастыру;
- **публицистикалық стиль** – бұқара ақпараттық құралдарда ақпаратты нақты және қысқа етіп жеткізу [1].

Осы стилдердің түрі біздің бүгінгі сөздік қорымызда қалай көрініс тауып жатыр деген мәселеге аз-маз тоқталып өтсек.

Ғылыми стиль бізде жақсы дамыған, салалық, кәсіби бағытта жазылған сөздіктер бар. 30 - 31 томдық сөздіктерді жиі қолданып жүрміз. Осы салалық сөздіктердің маңызды бір белгісі – дәлдік. Терминдер, орыс тілші-ғалымы Г.О. Винокур айтқандай, «ерекше сөздер емес, ерекше міндет атқаратын сөздер» болғандықтан, негізгі қызметті атқарады.

Қазақ тіл білімінде терминология саласының қалыптасуында А.Байтұрсынұлының алатын орны ерекше. А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы. Кез келген ғылымды оқып білу, меңгеру немесе оны өзгелерге үйрету сол ғылым саласында қолданатын арнаулы ұғым атауларынсыз мүмкін емес. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым ретінде А.Байтұрсынұлы осы ғылым саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесін түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да жасаған. Ғылыми ұғымдарға ат қою оп-оңай жұмыс емес. Ол үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық үдеріс. А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» (қазақша әліппе) өзінен буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп) сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Осы жолды үзбей жалғастырып, дамытып келе жатқан кейінгі терминология төңірегінде тілші-ғалымдар К.Мұсаев, Ә.Қайдаров, Ө.Айтбаев, Б.Қалиев, А.Әбдірахманов сияқты тіл мамандарының зерттеу еңбектері жарық көрді. Сонымен қатар терминология саласында І.Жарылғапов пен Ш.Құрманбайұлының еңбектерін ерекше атап өтуге болады [2].

Ұлттық тілдің негізінде термин жасаудың жолын ұстанатын ғалымдар «қандай бір тілде болсын жаңа термин жасау, оның терминологиялық қорын толықтыратын сол тілдің ұлттық лексикасы болып саналады. Яғни терминдер де байырғы сөздер секілді тілде бұрыннан бар сөздер мен түбірлер негізінде жасалады. Терминжасам сәтінде «түпнұсқа терминдердің мағыналық мазмұнын терең түсініп, оған қазақ тілінен әр алуан варианттар іздеп, соның ең дөп түсетін - терминдік өзегін аршып танып, таңдап пайдалануға тура келеді» - дейді.[3.29]

Әр жаңа сөз ұтымды аударылып жатса, (тінтуір, пернетақта, бағдаршам) оған дау жоқ, ал қабылдауға қиындау аудармалар (газет-үнқағаз, телефон – сымтетік, барабан-қағыран) қоғамда пікірталас тудырады. Осындай мәселелердің алдын-алу үшін мықты ғалымдар арқылы аударма жүйесін құру қажет пе деп ойлаймын [4.26].

Жаңа сөздер соңғы рет 2013 жылы шыққан «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» енгені белгілі. Ал жарнама стиліне байланысты нақты академиялық сөздіктер жоқ. Жалпы жарнама стилі зерттелмей келе жатқан сала болып саналады. Осының әсерінен сауатсыз жарнамалар қаптағаны былай тұрсын, көп сөздердің қолдануы бұрмаланады. Нарықтық қарым-қатынас қоғамның бір құрамдас бөлігі болғандықтан, жарнама ісінің әлеуметтік мазмұны кеңейді және осы терминнің ұғымдық көлемі ұлғайды. Сондықтан өздігінен сұранып тұрған саланың бірі болғандықтан, ерте ме, кеш пе қолға алынатыны белгілі.

Күнделікті киім дүкеніне бара қалсаңыз, сатушыдан бұрын-соңды естімеген свитшот, худи, блейзер, парка, дафлкот сияқты киім атауларын естіп жатамыз. Сондай-ақ, хайп, лайк, сэлфи, фидбэк, фандом, месседж коллаборация, сияқты сөздерді тілімізде еріксіз қолданып жүрміз. Осы сөздердің ұтымды аудармасы немесе баламасы табылуын уақыт еншісіне қалдырған жөн. Бүгінде бұл мәселе туралы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты зерттеу жүргізіп жатқаны белгілі, тақау арада көптен күткен сөздікте шығып қалар... Осы атауларға мән беріп қарасаңыз, қысқа әрі түсінікті, мағынаны тез бере алатын сөздер. Жаңа пайда болып жатқан лексемалар ақпаратты қысқа жеткізуге, түсінуге оңай, айтуға жылдам, сөйлем ішінде оңай икемделетіндей болу керек. Бұл атаулар жоғарыда көрсетілген ағылшын еліндегі ерекше дамыған публицистикалық стильге жатады. Олар бұқаралық ақпараттық құралдарда ғана емес, жарнамалық стильде де көрініс тауып отыр.

Публицистикалық стиль тілдің екі қызметін, яғни хабар беру және әсер ету қызметін ұштастырады. Осының сырын жақсы түсінген ағылшын тілі бүгінде бұл қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында және маркетинг саласында ұтымды қолданып келеді. Ондай мүмкіндік бізде де бар. Біз тек тіліміздің байлығын қолдана алмай жүрген сияқтымыз. Қазақ тіліндегі екі сөз табы еліктеуіш пен одағай қалыс қалып келеді. Ағылшын тілі осындай бір мағыналы сөздерді ұтымды қолданудан қорықпайды, керісінше, ақпаратты ұтымды, мағынасын дәл береді.

Бұл арнайы үш стильге тоқталып, қысқаша ақпарат бергенімнің себеебі, қазақ тіліне ғылыми стилдегі сөздердің аудармасын табуға тырыссақ та, маркетинг саласын аударудың қажеті жоқ деп ой-

лаймын. Олардың тек қазақша дыбысталуына мән берген дұрыс сияқты. Бұл сөздер тілімізді шұбарлап, көлеңкесін тигізеді деген қорқынышты артқа тастау керек. Мұндай атаулар ешқай тілдің негізгі жұмыс істеу механизмін бұза алмайды.

Пайда болған неологизімдердің барлығы сөздікке еніп үлгермейді. Сөздікке біршама тұрақталған, жиі қолданыстағы сөздер кіреді. Бұл, өкінішке қарай, тоқтамайтын процесс. Қазір бізде де сол жағдай басымыздан өтіп жатыр. Бірақ бұларды уақыт өте келе тұрақтандырып, бір жүйеге келтіреді деген ойдамын.

Жалпы, сізді бір сәтке сөздіктер қалай жасалатыны туралы толғандырып көрді ме? Бұл біз ойлағандай оңай дүние емес. Сөздікке сөз ену үшін ұзақ процесті басынан өткереді. Сіздердің назарларыңызға ағылшынның атақты Oxford Online Dictionary мен Merriam-Webster Dictionary атты сөздіктері қалай жұмыс жасайтыны туралы айтқым келіп отыр. Мұндай тәжірибе болашақта біздің елде де қалыптасар деген үміттемін.

Әлемдегі жаңа сөздерді саралап зерттеу бойынша ең ауқымды алып баспасөз болып Оксфорд университетіндегі Oxford University Press саналады. Бұл зерттеу университеті ресурсты екі жолмен іздестіреді. Бірі – мәтіндер болса, екіншісі – шексіз интернет мүмкіндігі. Осы сөздерді аулап теру үшін, тіпті олардың әлемнің басқа тілдердің сөздік қорына ену үшін осы баспасөзде мыңға жуық адам жұмыс жасайды. Мүмкін, ағылшын тілі әлем бойынша үлкен басымдыққа ие болып отырғандығы осының да әсерінен шығар?

Баспасөз беттерінде шыққан әртүрлі стильдегі мәтіндер бір жерге жинап, оның ішінде бұрын-соңды қолданылмаған жаңа сөздерді іздейді. Сол сияқты интернет желісінен арнайы бағдарлама арқылы күнделікті сөздерді іздестіреді. Бұл бағдарлама күнде шығып жатқан әндердің сөзінен болсын, тіпті әр нәрсеге әр сайтта пікір жазған адамдардың жазбаларынан да қарастырады екен. Жалпы, интернет желісінде қандай жазба түрі бар, соның бәрін сүзгіден өткізеді деген сөз. Сөйтіп, біраз уақыт ресурс жинастырады. Осы ресурстардың ішінен ғалымдар ең бірінші, жиі қайталанатын сөздерге мән береді екен. Жиі қайталанатын сөз – қолданыстағы сөз екендігінен хабар береді. Содан кейін бұл қолданыстағы сөз қаншалықты маңызды және өміршең екендігін анықтайды. Сөздіктерге кем дегенде 2-3 жыл қызмет ететін сөздер ғана енгізіледі. Кей сөздер бір ғана салада жиі ұшырасатын болса, онда оны сол саланың сөздігіне енгізеді.

Кейде лексикографтарға кей адамдар сөз ойлап тауып жіберіп жататын кездер де болады екен, бірақ сөздердің сөздікке ену ережесі біреу болғандықтан, мұндай өтініштер қабылданбайды.

Тағы бір ауқымды сөздіктің бірі – Merriam-Webster Dictionary. Бұл сөздіктің де редакторлары ұқсас механизіммен жұмыс жасайды. Бұл баспаның редакторлары «оқы және белгіле» немесе «оқы және жаңа сөзді тап» деп аталатын үрдіс ойлап тапқан. Күніне жаңадан шыққан мақалалалрды оқып, сөздер тереді. Ол сөздердің маңыздылығын мамандар анықтаған соң, қызықты ақпарат ретінде көпшілікке жария етеді. Жай ғана сөз ретінде ғана емес, контекстегі мысалымен қоса алып, газет-журнал, интернет желісіне салып отырады. Қасына сол сөздің мағынасына қарай сурет салып, сөздің шығу төркінінен де хабар береді.

Осы Oxford Online Dictionary мен Merriam-Webster Dictionary атты сөздіктердің жасалуы, насихатталуы біздің болашақта бет түзейтін бағытымыз болуы керек сияқты. Осындай ауқымды жұмысты біріздендіру – бүгінгі қазақ сөздіктерінің алдында тұрған мәселе [1].

Мұндай жаңа сөздердің 75%-ы 2-5 жылдың ішінде ұмытылып, қолданыстан шығып қалады да, орнына жаңа сөздер туа береді. Бұл – үздіксіз процесс. Осы сөздердің кіріс-шығысына қарап-ақ та, адам баласы қандай кезеңдерді басынан өткергеніне баға беруге болады.

Қорыта айтқанда, терминографияның алдында, басты зерттеу нысандарының бірі - қазіргі кезде кеңінен жарық көріп жатқан терминологиялық сөздіктердің түрлерін анықтау. Өйткені, қазақ тіл білімінде лексикографиядағыдай терминологиялық сөздіктердің де түрлері көбеюде. Оның үстіне, терминографиядағы сөздік түрлерін анықтау арқылы олардың әрқайсысын дайындауда негізге алынатын припциптерді жүзеге асырудың жолдары мен тәсілдерін де анықтап алуға болады. Бұған ұқсас пікірді орыс тіл білімінің терминография саласында еңбектеніп жүрген ғалым С.В.Гриневтің де мақаласынан көруге болады [5.23].

Барлық тілдердегі терминографияның басқа мәселелерін шешу үшін терминологиялық сөздіктердің түрлерін ғылыми тұрғыдан жүйелеу – бірінші сатыдағы маңызды зерттеу нысаны екендігіе көз жеткізуге болады. Бұл нысанды зерттей отырып, әр сөздік түрінің терминдерді берудегі мақсатын, ерекшеліктерін, мақсатына орай оларды дайындаудың әдіс-тәсілдерін де белгілеуге болады. Демек, терминографиядағы сөздік түрлерін анықтай отырып, терминологиялық сөздіктердің әрқайсысының ерекшеліктерін аша отырып, жүйелеу жұмысын жүргіземіз. Жоғарыда көрсетілген стиль түрлеріне қарай сөздіктерді жүйелесек, қарапайым қолданушыларға өте түсінікті болары сөзсіз.

# Ғылым көгінің жарық жұлдызы

**Л.Т.Балгазиева,**
**А.Т.Калиева**
*қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушылары*
*Ақтөбе гуманитарлық колледжі*

Өткен ғасырдың 20-30 жылдары оқу-ағарту майданында жарқырап көзге түскен, қазақ тіл білімінің негізін салған, қазақтан шыққан тұңғыш профессор Қ.Жұбанов халықты өнер — білімге шақырған, өзінен бұрынғы бір топ интеллигенцияның ізін шала, кейбіреулерімен үзеңгі қағыса бой көрсетті.

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып күн болам.
Қараңғылықтың кегіне,
Күн болмағанда кім болам?-

деп Сұлтанмахмұт айтқандай, Қ.Жұбанов та өз елін алдыңғы қатардағы елдер дәрежесіне жеткізсем деген ниетпен еңбек етті.

Біз мақалада Қ.Жұбановтың әдебиеттану саласындағы зерттеулері бойынша жұмыстанғандықтан, ғалымның ең әуелі әдебиеттану саласындағы зерттеу жұмыстарын төмендегідей бағытта жіктедік:

| Ақындық жолы | Журналистік жолы | Жазушылық жолы |
|---|---|---|
| «Ай» өлеңі, 1922 жылы «Ай» журналында жарияланды, «Жаңа рамазан бастысы»,1926 жыл «Еңбекші газеті»жарияланды | 1922 жылы «Ай» атты қолжазба журналы, «Тез» атты символикалық журнал | «Ит әулие», «Жазықсыз жандар» атты әңгімелері. |

Қ.Жұбановтың әдебиеттану ғылымына қосқан құнды ғылыми мұрасы — «Абай — қазақ әдебиетінің классигі» деген еңбегі. Бұл еңбекте ғалым өткен ғасыр ақындарының шығармаларынан Абай туындыларының шоқтығы биік тұрғанын эстетикалық таным тұрғысынан бағалайды. Ұлы ақын өлеңдерінің мазмұны мен құрылысын, көркемдік ерекшелігін талдап түсіндіріп береді. Аяқталмай қалған әдеби — публицистикалық еңбегінде Абайдың қазақ әдеби тілін дамытудағы, әлеуметтік ой— санадағы орнын, ақындық шеберлігін, композиторлығы мен өлең құрылысына енгізген жаңалығын тұңғыш көрсетіп, әділ бағалады. Сонымен қатар, Абай өлеңдерінің сұлулығы мен мазмұндылығын таныту үшін Абайдың өлең— сөзге қатысты талғамын түсіндіреді. Ғалымның бұл еңбегі тек жарық көрген кезінде ғана емес, күні бүгінге дейін әрі теориялық, әрі практикалық мәнін жоймай келе жатқан құнды дүниетаным.

Сонымен бірге ғұлама ғалымның «Абай — қазақ әдебиетінің классигі» атты мақаласының тілдік— стильдік жүйесінде бірнеше айшықты сөз қолданғанын атап өтсем: «Абайдың еш қылуасында олармен әдеби оты өрелі жанатын қылық жоқ» деген сөйлемде ғалым қазақ тіліндегі «өрелі оты жанбау» деген тіркесті пайдаланып отыр.

**Өрелі оты жанбау**— көре алмаушылық, екі адамның арасындағы іштарлық деген мағына;

**Өткен өмір арбасының дөңгелегімен қоса айналу**— ескіліктің ізімен жүру;

**Шұбалық нәлі**— тіл шұбарлығы.

Осы сияқты көп кездеспейтін әсерлі сөз орамдарын орынды пайдалануы оның қаламы төселген публицист екенін танытады.

### 1. Ғалымның ақындық жолы

1922 жылдары Темір қаласында уездік оқу бөлімінде нұсқаушылық қызметте жүргенде «Ай» атты қолжазба журнал шығарады. Журналдың эпиграфы ретінде «Ай» атты өлеңін береді. Онда:

***Көп заманнан көкте жүздің жылысып,***
***Тудың, баттың, жүздің ақырын ығысып***
***Ақ кіреуке — әсем көрік дөңгелек,-***
***Келбетіңе қызығып дүние тым ыстық ...***

8 тармақты, 2 шумақты, 11-12 буынды 1— шумағы қара өлең ұйқасты өлеңі автордың қазақ халқын қараңғылықтан жарыққа қарай ұмтылдыру мақсаты көзделгендігін айқындап тұрғандай.

Ғалымның этнографиялық материал сияқты мында бір өлеңінде, жаз басында жайлауға шыққан ауыл суретін тамаша тіркестермен берген:

***Кешкітұрым болғанда,***
***Жел басылып тынады.***
***Қыбырлаған адамзат***
***Сауық сайран қылады.***

Абайдың «Жаз» өлеңімен үндесе жазылған ғалымның бұл өлеңінде қазақ елінің өмір шындығын әсерлі, тартымды сурет арқылы бейнелеп берудің тамаша үздік үлгісін туғызған.

### 2. Журналистік жолы

Қ.Жұбанов өмір сүрген тұста газет — журнал сияқты баспасөзі онша кеңінен таралмаған, кітап бастыру ісі өркендемеген қазақ даласында 1905 жылғы демократтық— революциялық лептің әсері тиіп, сана — сезімі ояна бастаған жастар өздерінің рухани үнін сыртқа, көпшілікке тарату қажеттілігін сезініп, оны жүзеге асыратын шараның бірі ретінде қолжазба журналдар шығара бастайды. Сол қолжазба журналдардың бірі-

1922 жылы Темір қаласында уездік оқу бөлімінде нұсқаушылық қызметте жүргенде «Ай» атты қолжазба журналы. «Ай» журналында ол өз атынан, кейде «Шекті», «Қараша бала» деген бүркеншек аттармен өлең, әңгіме, фельетон, пьеса да жазып отырған. Сонымен бірге «Ай» журналының беттерін-

де М.Горькийдің «Сұңқар туралы жыр», «Дауылпаз туралы жыр», «Хан мен ұлы» шығармаларын қазақ тіліне аударып жариялаған.

Екінші журнал – Күйік (Елек) қаласында Құдайберген оқып жүрген кезде жазылып тұрған «Тез» деген символикалық аты бар журнал. Журналдың атын «Тез» деп қою себебі халық арасындағы ескі қалдықтарды тезге салып түзету деген мағынаны білдіретін еді. Сол журналда Құдайбергеннің «Ит әулие», «Жазықсыз жандар» атты қысқа әңгімелері шыққан. Сонымен бірге Қ.Жұбановтың «Қараша бала», «Шекті» деген псевдонимдермен көптеген мақалалары газет — журнал беттерінде жарияланып отырған.

Ғұлама ғалым Қ.Жұбановтың бұдан басқа бізге жетіп, баспасөзге жарияланған мақалаларының тізімі төмендегідей:

айтысын 1932 жылы елден жазып алғанын айтады. Осыларға қарағанда, Қ.Жұбанов,

20— жылдардағы басқа да қазақ зиялыларының көпшілігі сияқты, туған халқының мәдени мұрасы— ауыз әдебиеті үлгілерін жинау,жариялау дегенге қатты көңіл бөлгені байқалады. Сірә, оның ел аузынан жазып алғандары едәуір көп болған болар, өкiнiштiсi дер кезінде баспа беттеріне ұсынбағандықтан, жоғарыда аталған асыл мұралар бізге жетпеген.

**3. Жазушылық жолы**

Құдайберген Жұбановтың жоғарыда аталған өлеңдерінен басқа фельетондары мен әңгімелері де едәуір болғанға ұқсайды. Ол «Ит әулие», «Жазықсыз жандар» атты қысқа әңгімелерін жазды. Сонымен қатар 1925 жылы «Сегіз бен Мақпал» атты халық поэмасының негізінде екі актілі пьеса жазады да,

| «Алаш» газеті | «Еңбекші қазақ» газеті | «Кедей» газеті |
|---|---|---|
| «Наурыз құтты болсын» өлеңі | «Үлгі алыңдар», «Аулақтан оқыту», «Біз де ұлт театрына қарай маңайладық», «Таңжарықтың куанышы» атты мақалалары | « Төрт қызық, мың бейнет— жарық өмір» мақаласы |

оны Ақтөбе қаласындағы кеңес— партия мектебінің, педтехникумның оқушыларының күшімен, өзінің режиссерлығымен сахнаға қояды.

Профессор Құдайберген Жұбановтың 1935 жылы 16 қаңтарда «Казахстанская правда» газетінде жарияланған «Қазақ драма театрының ең алғашқы елеулі табысы» («Первый серьезный успех казахского драматического театра») деген мақаласы қазақ өнерінің қара шаңырағы атанған ұжымның «Түнгі сарын» пьесасын сахнаға шығаруы арқылы бұрынғы өнерпаздық, «бұқаралық» деңгейден өтіп, жаңа кәсіби театр дәрежесіне көтерілгенін үлкен шабытты сезіммен айтады.

Қызылордадағы орталық баспадан 1936 жылы жеке кітапша болып басылып шыққан «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жөнінен» деп аталатын тарихи— лингвистикалық очеркі жұртшылыққа профессор Қ.Жұбановты мүлдем жаңа қырынан танытты.

Құдайберген өскен орта да— қазақ елінің басқа да жерлері сияқты халық ауыз әдебиетіне бай өлке. Қазақстанның түкпір— түкпіріне кең тараған әйгілі эпостық полотнолардан басқа осы өлкеге ғана белгілі дастандар, айтыстар мұнда да болғаны даусыз. Қ.Жұбанов осыларды тыңдап білумен, хатқа түсіріп жазып алумен айналысады. Таза лингвистикалық бір еңбегінде «сүт кенже» деген тіркесті сөз ету үстінде жол-жөнекей Шақар ақын мен Таразы деген қыздың

Көрнекті ғалым, филология ғылымының докторы Рабиға Сыздықова ғалым туралы: «Мыңнан біреу шығатын, ғылым тілімен «Феномен» деп, қазақтың бейнелі тілімен «біртуар» деп аталатын адамдар болады. Құдайберген Жұбанов сондай адам болған. Ең алдымен, «біртуарлардың» бір белгісі— бір сырлы, сегіз қырлы болу керек болса, осы қасиетті Құдайберген Жұбановтан табамыз»,- деп ғалымның бойындағы ақындық, суретшілік, журналистік, театр өнеріне икемділік қырларын атап көрсетеді.

Осындай ұлылық тағылымының тәрбиесін бүкіл ұрпақ сіңіріп, кемелдікке жетелеген өнердің кәусар қайнарынан бүкіл ұлт нәр алды. Елінің басын қанша жерден қырсық шалып, қар емес, қара қан жауса да, қиында пана, қияда тірек бола білген, ерен туған ер деп, міне, осындай жанқияр жандарды айтса керек.

Қысқа ғұмырында оқу- ағарту майданында бар күш – жігерін жұмсап, артына мол мұра қалдырған ғұламаның игі істері азат елінің тәуелсіз түлектерімен бірге тарих төрінен тиесілі орнын алмақ.

# Мәтін арқылы сөйлеу әрекетін қалыптастыру

**М.Ж.Болысбекова**
*Алматы облысы «Тіл» оқу-әдстемелік орталығының оқытушысы*

Қазақ тілін үйретуді тиімді ұйымдастыру және іске асырудың түрлі аспектілері қарастырылып, осы пәнді оқытудың мақсаты, принциптері, мазмұны мен әдістемесі, мәселелері, тілдік әрекет түрінде оқыту талабы алға тартылады.

Біз кеңінен оқу үрдісінде қолданып жүрген қатысымдық технология негізінен оқу материалын меңгеруге, тіл үйренушінің тұлғасына, оқытушы мен тіл үйренушінің ынтымақтастығына бағытталу арқылы оқу мақсатының жүзеге асырылатынын білеміз.

Сөйлеуді үйрету барысында қатаң талаппен сұрыпталған лексикалық, фонетикалық, грамматикалық минимумдар мен сөздік материалдар алынады. Олардың барлығы сөйлеуді меңгеруге тікелей қатысы бар жағдаяттар болып табылады.

**Тілдік дағдыларды дамыту**




Бұл дағдылар тіл үйренушінің өмірде
- еркін қарым-қатынас жасауына;
- өзгелермен пікір алмасып, көзқарасын еркін білдіре алуына;
- өз ойын, көзқарасын жүйелі де нақты жеткізуіне;
- кез-келген ақпаратты тиімді қолдануына;
- түрлі ақпаратты құр оқымай, сараптай отырып оқуына;
- оқығаны бойынша өзіндік қорытынды жасап, тың идеялар жасауға

жол ашары сөзсіз.

Тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларының ішіндегі ең маңыздысы – оқылым дағдысы, яғни **мәтінмен жұмыс,** себебі оқудың тиімді жолын меңгеріп, оқығаны бойынша анализ жасай алған адам ойын еркін айта да алады, сауатты жаза да алады. Оқыту барысында өткізілетін ең күрделі жұмыс түрлерінің бірі –мәтінмен жұмысты ұтымды ұйымдастыру болып табылады.

Мәтінмен жұмыс істеу мынадай кезеңдерге бөлінеді:

I. Мәтінді оқығанға дейінгі жұмыс;

II. Мәтінмен жұмыс кезеңі;

III. Мәтінді оқығаннан кейінгі кезең.

Мәтінмен жұмыс – модульдік оқыту технологиясының бір құрылымдық бөлшегі. Сондықтан бұл технолгияның ерекшелігі тіл үйренушілердің шығармашылық жұмыспен қамтылуы. Сөздікпен жұмыс кезінде тіл үйренушінің шығармашылығы, мүмкіндігіне қарай сөз тіркесін сөйлемдерге айналдыру, сөзжұмбақ, ребус немесе сканворд құрастыру мүмкіндігін тудыру болса, жаңа материалмен жұмыс кезінде өз ойын сурет не тірек сызбалары арқылы жеткізуіне болады.

Мәтінмен жұмыс барысында тіл үйренушілердің сөйлеу әрекетін қалыптастыруға болады. Ол үшін мына төмендегі жұмыстарды іске асыру керек.

Осы технологияны пайдаланудың тиімділігі мынада:

- дыбыстармен жұмыс;
- тіл дамыту;
- сөздік қорларын жетілдіру;
- ауызша сөйлей білуге дағдыландыру;

- тіл үйренушінің пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;
- танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
- тіл үйренушіні шығармашылық жұмысқа баулиды;
- оқытушының уақытын үнемдейді;
- қосымша мәліметтер береді.

Өзге тілді аудиторияға қазақ тілін үйретуде берілетін мәтін аудиториядағы тіл үйренушілерге арнайы дайындалуы қажет. Мәтін танымдық бағасы бар, тіл үйренушілердің тілді игеруіне көмектесетін, бұрыннан таныс мәліметтердің енгізілуін, тілді игеру деңгейіне сәйкес тіл үйренудегі қиындықтарын ескере отырып таңдалынып алынуы немесе құрастырылуы қажет.

Мәтінді қазақша оқуға үйренумен бірге тіл үйренуші ондағы сөздерді анық айтуға, сөз екпінін дұрыс қоюға, сөйлем мәнерін қазақша айтуға үйренеді. Ал сөйлеу тілін қалыптастыруда бұл мәселелерге де үлкен мән беріледі.

Мәтінді аудару – тіл үйренудегі, сөйлеу әрекетін қалыптастырудағы негізгі мәселелердің бірі. Мәтінді

аударуды алғашқы кезде оқытушы өзі көрсетеді, кейін тіл үйренушілер өзі аударады. Қазақша мәтін тіл үйренуші үшін жақсы үлгі, онда сөздердің бір-бірімен қалай байланысатынын, сөздердің бір-бірімен тіркесу жолдарымен, сөйлемнің құрлысы түрлерімен кездеседі.

Мәтін мазмұнын әңгімелеуге үйретудің сөйлеу әрекетін қалыптастыруда мәні өте күшті. Мәтін әңгімелеуді жоспар жасау арқылы үйрету тиімді болып табылады. Мәтінге жоспар жасау екі түрлі қызмет атқарады: мәтінді жақсы түсінуге, ойын жүйелі жеткізуге жәрдемдеседі.

Мәтінмен жұмыс жүргізе отырып, сөйлеу дағдыларын дамыту қызметінде тыңдалған немесе оқылған мәтін мазмұнын мазмұндаудың алуан түрлі формалары қолданылады

- өз сөзімен мазмұндау
- жекелеген бөлімдерді әсерлі ете мәнерлеп айту
- мәтінді толықтыруға арналған қосымша үзінділер
- мәтінді әрі қарай жалғастыру
- мәтіндегі қозғалған жекелеген мәселелер бойынша сұхбат жүргізу
- сөз сөйлеу

Сөйлеу әрекетін қалыптастыруда грамматикалық ережелерді меңгеріп, оларды түсініп, дұрыс қолдана білудің де маңызы зор. Грамматикалық ережелерді дұрыс түсініп, меңгеріп, орынды қолдана білу дағдыларын дамыту мақсатында сурет бойынша сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастыру, әңгімелеу жұмыстарын жүргізуге болады.

Мәтінмен жұмыс істегенде, тіл үйренушілерді жаңа сөздермен таныстырып, ойын дұрыс айта білуге, сұрақтар қоя білуге, берілген сұрақты түсініп, нақты жауап беруге үйрету. Мәтінде кездесетін таныс сөздермен, сөз тіркестермен және меңгерілген жаңа сөздермен сөйлем құрастыруға, әңгімелей білуге дағдыландыру керек. Тіл үйренушіге мәтін бойынша сұрақ қойып, жауап бергізу арқылы мәтінді диалогқа айналдыруға да болады.

Сөйлеу әрекетін қалыптастырудың тағы бір түрі – диалог арқылы дамыту. Диалог құру үшін белгілі бір тақырыпты оқуға байланысты тіл үйренушінің сөздік қорын дамыту, жаңа сөздер үйретіп, мағынасын ұқтыра отырып, оларды жасайтын формаларды меңгертіп, сөйлем құрауға үйрету, сөз бен сөзді байланыстыруға, ауызша ойларын жүйелі айтуға, әңгімелеуге жаттықтыру керек. Сонда тіл үйренуші диалог құру кезінде сауатты сөйлеуге, қазақ тілінің грамматикасын ескере отырып, диалогты дұрыс құруға тырысады. Сөйлеу әрекетін қалыптастырып, тіл үйренуші тілін дамытады.

Мәтін – тілді оқытудағы негізгі құрал. Ол оқу, жазу, тыңдау, сөйлеу арқылы жүзеге асады. Осы дағдыларды қолдана білген тіл үйренуші өзінің сөйлеу әрекетін дұрыс қалыптастыра алады. Мәтінмен жұмыс тіл үйренушінің сөздік қорын байыту мен қазақша сөйлеуге үйрету немесе қазақша сөйлеу әрекетін қалыптастыру мақсаттарын көздейтіндіктен тілді оқытуда мәтінмен жұмыс жүргізуде ұтарымыз мол болмақ.

# Үштілділік –бәсекеге қабілеттіліктің басты шарты

**Т.А.Алпамысова**
*Ақтөбе гуманитарлық колледжі*
*Ақтөбе қаласы*

Тіл — қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Бүгінгі нарық заманы бізден бәсекеге қабілетті болуымызды, дамыған отыз елдің қатарынан көрінуіміз үшін білімді де озық ойлы азаматтарды тәрбиелеуімізді талап етеді.

Әлемдегі жоғары дамыған елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ. Ал, ана тілін жақсы білмейінше, сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам бола алмайсың.

Мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену арқылы балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, өз халқы мен басқа халықтардың дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына жағдай жасау керек, яғни полимәдениетті тұлға қалыптастыру керек. «Елу жылда ел жаңа...» демекші, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері әлемнің көптеген дамыған елдерімен мәдени, экономикалық, саяси және әлеуметтік жағынан байланыс жасап келеді. Бұл қатынастардың оң нәтижелі болуы, ел мен елдің, халық пен халықтың өзара ынтымақтастығы, өзара түсіністігі, яғни тіл білуінен.

2019-2020 оқу жылында 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру» мамандығы, Мд-315 тобы үш тілді білім беру жүйесіне енгізілген. Осы топта арнаулы пәндер бойынша 2017-2018 оқу жылына бағдарламасы құрылды. Жасалынған жұмыс бағдарламасы стандарт, типтік оқу жоспары, типтік оқу бағдарламасын негізге ала отырып жасалынды. Осы нормативті құжаттарды негізге ала отырып, тақырыптық — күнтізбелік жоспар жасалып колледж әкімшілігінде қаралып, бекітілді.

Сабақ құрастырылған сабақ кестесі бойынша жүргізілді ,жүргізіліп келеді. Өтілген сабақ үрдісінде өтілетін тақырыпқа сәйкес глоссарий жасалынады.

Кейбір қазақтың классификациясына енбеген термин сөздердің шығу этимиологиясына талдау жасалынып, түсіндіру жұмыстарыы жүргізіледі. Бұл сөздер қазақша, орысша, ағылшынша айтып, жаттатылады. Өтілген, үйге берілген тақырып мазмұнына сәйкес студенттер қысқаша орысша, қазақша, ағылшынша тезис құрастырады, сабақ айтуда да осыны негізге алады.

Оқыту процесінде пәнге байланысты тақырыпты ашу, тәжірибелік тапсырмалармен байланыстыру үш тілде жасалады. Педагогтар мен ойшылдардың еңбектері, атаулары үш тілде хабарланады. Тақырып анықтамасы үш тілде жаттатылады. Әр студенттің танымына, түсінуіне қиындық келтіретін сөздерге арналған сөздік жүргізу дәптерлері бар.

Сол дәптер бойынша үш тілде сөздік жұмыстар, мәтінді үштілге аударып оқып, жүргізеді. Психологиялық ситуацияларда тақырыпқа сәйкес өз кезегінде үш тілде дайындалып, талданады.

Жалпы білім алушыларға үш тілді білім берудің маңызды тұстарын жіктеп көрсек:

Біріншіден, болашақ кәсіби мамандар мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиеленушілердің шығармашылық дамуына, тұлға болып қалыптасуына барынша ықпал етеді.

Екіншіден, білім алушылармен үш тілде жүргізілетін жұмыстар әлемдік білім беру жүйесіндегі мықты бәсекелестікке қарсы тұрып, заманауи білікті мамандардың артуына өз септігін тигізеді.

Үшіншіден, болашақ педагог-тәрбиешілердің өз салаларына деген жауапкершілігін арттыра отырып, тәрбиеші мен тәрбиеленушілерді ортақ шығармашылық арнаға салады. Бұрын бұндай ортақ арна болмады деп айтуға болмас. Алайда, жаңа жүйе әлемдік тәжірбиелерден толықтай өткендіктен де, біздің білім беру жүйесіне тереңірек еніп, оң нәтиже берері анық.

Төртіншіден, жаңа жүйені меңгерген білім алушы болашақ мамандығына тікелей жол алып, бағытталып шығады.

Қорыта келе бүгінде осы үштілділікті қолдау, қолдану мақсатында біз, педаготар өз үлесімізді қосуға, студенттерге аталған жаңа талаптарға сай білім беруге ат салысамыз.

Үштілді оқыту — жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашылатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Қарапайым тілмен айтқанда, қазақ тілді дамыту керек, орыс тілін қолданамыз және ағылшын тілін үйренеміз.

Үш тілділік — заманның талабы. Ұрпағымыз үшін, еліміздің болашағы үшін қажет. Ана тілі-ана сүтімен берілген туған тіліміз,сол ана тілін біліп өзге тілді меңгеру, менің ойымша еш артықшылығы жоқ.

«Рухани жаңғыру»

# «Латын әліпбиіне көшу – уақыт талабы»

**Д.Е.Нысанқуатова**
*Ақтөбе гуманитарлық колледжінің философия негіздері пәнінің оқытушысы*

Жылдар бойы армандаған тәуелсіздікке қол жеткізіп, Егеменді Қазақстан атанып, өзінің білім және ғылым саласындағы мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыру барысында біздің еліміз үшін латын әліпбиіне көшу мәселесі өте қажетті үдеріс болды.

Қазіргі техника мен технология қарыштап дамыған заманда жаһандану саясатын жүргізіп отырған Қазақстан халқының болашағы мен ұрпақтар сабақтастығын одан әрі дамыту жолында латын әліпбиін қолдану ұлттық санамыздың жаңғыруына оң ықпал етеді.

Еліміз оған мақсатты түрде және кезең-кезеңімен келе жатыр. Бұл тақырыпта, еске сала кетейін, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев алғаш рет латын графикасына көшу қажеттілігі туралы 2006 жылы айтқан болатын. Айта кету керек, бұл Қазақстандағы басты орган және этносаралық келісім институты — халық бірлігі Ассамблеясының сессиясында мәлімделген болатын.

Содан кейін 2012 жылы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Жолдауында 2025 жылды мәре сызығы ретінде көрсете отырып, латындандыру тақырыбын әзірледі. Сол кезде Мемлекет басшысы 2012 жылғы Жолдауында»Қазақстан-2050» Стратегиясын тұжырымдады — бұл ел дамуының ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттары белгіленген құжат болды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты өзінің дәстүрлі Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл — ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы–қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», — деп атап көрсетті. Елбасымыздың осы Жолдауында айтылған жайттарға орай еліміздің Үкіметі тарапынан бірнеше нормативтік-құқықтық актілер қабылданып, латын әліпбиінің заңды түрде еліміздің барлық салаларында енгізілуі бағытында жаңа бағдарламалар қабылданып, іс-шаралар жоспарлары бекітілді.

Сонымен қатар Елбасымыздың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында да латын әліпбиіне көшу мәселесі тағы да айтылған болатын, атап айтқанда: «...2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбимен басып шығара бастауға тиіспіз. Ол кезең де таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек»,-деп қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру қажаттігін ескерткен болатын.

Елбасымыздың тапсырмасына сәйкес жүргізілген осы бағыттағы жұмыстардың алға басуының бір дәлелі — «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 462 Жарлығы болды. Аталған Жарлықпен латын графикасына негізделген қазақ тілінің жаңа әліпбиі бекітіліп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия құруға және қазақ тілі әліпбиінің 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңмен көшіруді қамтамасыз етуге тапсырма берілді. Осы мезеттен бастап еліміздің барлық салаларында латын графикасына көшуге дайындық жұмыстары басталып кетті.

Латын графикасына көшу қазақ халқының тіл саясаты тарихында негізінен Кеңес үкіметіне дейінгі кезеңде көтерілгенін бәріміз білеміз.

Тілдік графика реформасы қазақ тілінің өзін ғана жаңғырта отырып қарастырылуда. Атап айтар болсақ, реформа тек графикаға ғана қатысты болып табылады. Біз басқа тілге көшіп жатқан жоқпыз, Кеңес заманында енгізіліп басталған графиканы жаңғыртып жатырмыз.

Ал еліміздің қазіргі дамуында латын әліпбиіне көшу уақыт талабы болып отыр. Атап айтқанда, түркі әлемінің тіл тарихын зерделеп отырсақ, Түркия елі 1928 жылы, Өзбекстан және Әзірбайжан Кеңес Үкіметі таратылғаннан кейін көшкен.

Осы түркітілдес мемлекеттердің латын әліпбиіне көшкендігі латын графикасының түркі тілдерінің фонетикалық құрылымын мейлінше дәл бейнелейтіндігін көрсетеді, ал осы тілдердің қатарына қазақ тілі де жатады. Сонымен бірге ескеретін бір жайт — латын графикасына көшу осы елдердің сыртқы саяси бағытына әсер етті ме? Яғни латын графикасына көшу мәселесін мұқият және эмоциясыз қабылдай-

тын болсақ, онда тіліміздің функционалдылығы мен өміршеңдігі мәселесі ғана көтерілетінін байқаймыз.

Осы орайда Алаш қайраткерлерінің латын әліпбиін толықтай қолдамаса да, өздерінің жазу-сызуларында латын әліпбиін қолданғанын тарихи жазбалардан көруге болады. Өйткені бұл бізге аса таңсық дүние емес. Бұл бағыттағы халқымыздың Ахмет Байтұрсынов сияқты педагог-ағартушысының жазған қаншама ғылыми еңбектерін атап өтуге болады.

Елбасымыздың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты мақаласында айтылғандай, «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қа-бі¬летімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақ¬стандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, ком¬пьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мә¬дени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың сана-тында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар — ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы».

Сондықтан, Еуразия материгінің нақ ортасында тұрған қазақ елі үшін Европа өркениетіне қол созу бағытында латын әліпбиіне көшу ең маңызды мәселе болып отырғаны белгілі. Бәрімізге белгілі, қазіргі компьютерлік жаһандану заманында компьютерлік терминдердің барлығы латын қарпінде басылады. Осы тұрғыдан қарағанда да латын графикасының қазақ тіліндегі нұсқасы біздің мемлекеттік тіліміздің мәртебесін одан әрі көтере берері айдан анық.

Білім саласындағы жарқын бағдарламалардың бірі Елбасымыздың бастамасымен құрылған «Болашақ» бағдарламасы екені баршамызға белгілі. Бұл бағдарлама бойынша 1993 жылдан бері он мыңдаған қандастарымыз мұхит асып, дүниенің төрт бұрышына барып, елімізге қажетті мамандықтарды игеріп, еліміздің басты салаларында қызмет етуде. Осы тұрғыдан қарағанда, латын графикасы дамыған еуропа елдерінде білім алу үшін біздің елімізде латын қарпін игеріп, шетел тілдерін меңгерген, бәсекеге қабілетті ұрпақтарымыздың шетелдерде білім алуына өте қолайлы үдеріс болатыны сөзсіз.

# Абайды білу парыз ойлы жасқа

**Ш. С. Айнабекова**
*Ақтөбе автожол колледжінің*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы*

***«Мен жастарға: «Алдарыңда таудай талап тұр. Өмір заңғарлары үнемі биікке шығарады. Оған жету үшін талмай ізденіңдер!»— дер едім. Жастарға тоғышарлық, бойкүйездік дертінен аулақ, сергек, сезімтал болған жарасады».***
**Ғ.Мүсірепов**

Бұл эссенің эпиграфын Ғ.Мүсіреповтың сөзімен бастауымның себебі, жастардың алар шыңы, бағындырар белестері көп болады, егер олар ерінбей білім алып, ізденіп, даналардың айтқан сөзің Абайша айтқанда, ескеріп, дұрыс нәтиже шығарса, еліміздің дамуына қосар үлестері көп болары сөзсіз.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Рухы күшті, дені сау, білімді ұрпақ — ел келешегі, келбеті», — деген сөзінің жаны бар.

Бүгінгі күні рухы мықты ұрпақ тәрбиесі үшін Абай шығармалары ауадай қажет болып отыр. Әр адам баласы Абай әлеміне үңіліп, Абайға бет бұрғаны дұрыс. Себебі, әрбір азамат Абай қарасөздерін өзінің дұрыс жолға салар бағдаршамындай көруі тиіс. Дана Абайдың айтқан әрбір сөзі саналы адамның көкірегіне ой салып, адамшылық жолға тәрбиелейтін өсиеттен тұрады.

Не себепті жастарымыз ұлы ақын Абайды білу керек десе? Мұны төмендегідей тізіп жауап берер едім:

- ✓ **Абай әлем классиктерімен тең ақын, демек оның шығармаларынан аларымыз көп .**
- ✓ **Абай шығармалары білімді, талапты, еңбекқор болуға шақырады.**
- ✓ **Абай шығармалары Отанды сүйіп, оның дамуына үлес қосуға үйретеді.**
- ✓ **Қара сөздері адам, тұлға болып қалыптасуға, сара жолыңды табуға баулиды.**
- ✓ **Абай шығармалары арқылы интеллектуалды жастарды тәрбиелейді.**

Айта берсек, бұл тізімді әрі қарай жалғастыруға болады.

Қазіргі күні айтылып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алады деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың ой-өрісін өсіруді көздеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев «Абай және 21 ғасырдағы Қазақстан» мақаласында: Абайды тану дегеніміз— адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі — кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де — осы. Сондықтан да, Абай сөзі ұрпақтың бағыт-бағдар алатын темірқазығына айналуы қажет,-деп баға берді.

Абай шығармалары жас ұрпақты тәрбиелеуде, өмірге баулуда, тұлға етіп қалыптастыруда әлі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ.

Ұлы ақын шығармалары жаңаша жаңғырып, жаңаша леп алып, жыл өткен сайын әр қырынан ашылып жатыр.

Абайдың әрбір сөзі даналыққа толы. Бүгінгі күн тәртібінде жан — жақты дамыған тұлға қалыптастыру мәселесі тұрғанда оны жүзеге асырудың бір жолы ретінде Абай мұрасына бет бұрыс жасау өте құптарлық іс.

Қараңғылықтан шығар, елді өркениетке жеткізер жалғыз жол— оқу -білім екенін көзі қарақты жастарға түсіндірген. Бүгінгі күні де біз осы жолды жас ұрпақтың білім алу жолында еңбек етуіміз керектігінің бірден-бір дәлелі деп ойлаймыз.

Абай әркімді өзінің өткен әркүніне міндетті түрде есеп беріп, келер ұрпақты парасаттылыққа шақырған. Ғылым мен білім арқылы ғана барлық жаман қасиеттерді жеңуге, жоюға болады деп есептеген.

Оны біз ақынның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен аңғаруымызға болады:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге,-

деп, Абай атамыз адам болып қалыптасу үшін ең қажеті ғылым екенін көрсетіп, адамның бойына оның өзімшіл табиғи болмысы арқылы орныққан менмендік, нәпсіқұмарлық, тұрақсыздық сияқты қасиеттеріне шектеу қоюға тырысады.

Абай мұрасымен сусындаған бала, келешекте өз мемлекетінің бір кірпіші болып қаланып, елін көркейтері айдан анық.

*Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,*
*Әуре етеді ішіне қулық сақтап,*
*Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,*
*Еңбегің мен ақылың екі жақта,-*

*деп кемеңгер, надандықтан шығар жол* –оқу-білім, өнер екендігін айта келіп, оның жетістікке жету үшін еңбектің рөлі маңызды екенін айтады.

*Надандық –білім -ғылымның жоқтығы*
*Білімсіздік –хайуандық болады*
*Еріншектік –күллі дүниедегі өнердің дұшпаны*—

деп ақын өз бағасын береді.

Егеменді еліміздің жастары осы үш кеселден, адамды қор қылатұғын нәрседен бойын аулақ салса, ақынның арманы орындалғаны деп ойлаймыз.

Абайды тек қазақ халқы емес, әлемдік деңгейде шығармаларын насихаттап, таныта алсақ, біз қазақты таныта алғанымыз деп есептейміз.Сол жолда біз аянбай тер төгіп, жастарымыздың бірнеше тілді меңгеріп, ұлы ақынның шығармаларын жоғары деңгейде зерттеп, тәржімалап еңбек етсек, еліміздің дамуына қосар үлесіміз көп болары анық.

Қорытынды сөзімді Елбасымыздың сөзімен аяқтауды жөн көрдім: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі.

Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», — деген өнегелі сөзі ақын мұрасының жас ұрпақты тәрбиелеуде, білім беруде, еңбекке баулуда мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын, өзектілігі жойылмайтындығын айқын аңғартады.

# ҮШ ТІЛДЕ БІЛІМ БЕРУ— АДАМЗАТТЫҢ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ

**М.Ө.Өтесін**
*Ақтөбе облысы Темір ауданы*
*Шұбарқұдық гимназиясының биология пәні мұғалімі*

***«Қазіргі қазақстандық үшін үш тілді меңгеру-бұл өз игілігінің кепілі».***
**Н.Ә.Назарбаев**

Қазақстанда қоғамның экономикалық және әлеуметтік жаңғыртулардың аса маңызды көріністерінің бірі тіл саласындағы саясат болып табылады. Мемлекеттік саясаттың осы құрамдас бөлігіне Ұлт көшбасшысы — Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев ерекше назар аударғаны белгілі, сондықтан бұл мәселе терең зерделеуді және талдауды қажет етеді, оған себеп тек біздің елде ғана Елбасының бастамасымен «Үш тұғырлы тіл саясаты» бірегей жобасы іске асырылуда.

Қазіргі көптілділік және мультимәдениет заманында тілдердің түйісуі, қоғамды жұмылдыру жөнінде тілдер саласында тиімді және өміршең бағдарламаларды іздеп табу аса маңызды да күрделі мәселе. Осыған байланысты үш тұғырлы тіл саясатын іске асырылуының нәтижесі болып табылатын көптілділік білім берудің маңызы мен өзектілігі күмән келтірмейді.

Көптілділік адамзаттың дамуының басты бағыты болғаны ертеден белгілі. Бүгінгі күні азаматтары тек бір тілді ғана білетін мемлекеттерді еске түсіру мүмкін емес. Және бір ғана ұлт өкілдері тұратын өркениетті мемлекет жоқ десек қателеспейміз. Кез

келген көпұлтты мемлекеттің қалыпты өмір сүруі үшін екі тілділік және көптілділікті қалыптастыру өте маңызды.

Қазақстандағы білім берудің аса маңызды стратегиялық міндеті — біржағынан қазақстандық озық білім беру дәстүрлерін сақтау, екінші жағынан мектеп түлектерін халықаралық біліктілік сапасымен қамтамасыз ету, оларда лингвистикалық сананы дамыта отырып, мемлекеттік тілді, ана тілін және шетел тілін меңгерту болып табылады.

Тіл — адам өміріндегі ең шешуші рөл атқаратын танудың, түсінудің, дамудың құралы. Бүгінгі күні үштілді білім беру заман талабына айналып отыр. Көптіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беріп қоймай, тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынастарда да аса маңызды болып табылады.

Елбасы Н.Назарбаев жастардың қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеруі үшін мемлекеттік деңгейде шексіз мүмкіндіктер жасауда. Соның бірі орта білім беру ұйымдарында жаңа міндет, жаңа талап, жаңа мақсаттар қойып отырған физика, информатика, биология, химия пәндерінен үш тілде білім беруді атап айтуға болады.

Білім беру саласында қызмет жасай жүріп «үш тұғырлы тіл саясатын» жүзеге асыру барысында, болашақ мемлекетіміздің кемелін ұстар оқушыларымызға үш тілде білім беріп келе жатырғанымы үш жылдан асты.Үш тілділік туралы мақала жазарымда көп ойландым. Ақпарат көздері, газет-журнал, әдеби кітаптар мен ғылыми кітаптарға шолу жасадым. Олай болса, ата-бабамыздың өткен тарихына көз жүгіртсек. Әлемде екінші ұстаз, энциклопедист, ұлы ғұлама Әбу-Насыр Әл-Фараби өмірінде 76 ұлттың тілін білсе, өр рухты дауылпаз ақын Махамбет пен қазақтың бір туар ұлы Шоқан да бірнеше тіл білсе керек. Ұлы Абай орыс-қазақ тілдерімен қатар парсы, араб тілдерін меңгерген. Орыс тілін орта жастан асып барып, кеш меңгерген. Қазақ тілі еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге бермегендігі мыңдаған жыл тарихынан айқын.

«Биология» пәнінен педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін ағылшын тілінде арттыруға арналған бағдарламасы бойынша біліктілік арттыру курсынан өттім.

Мен мектепте үш тілділікке байланысты бақылау — тәжірибелік жұмыстарын жүргіздім. Ол үшін мен бір сыныпты бақылауға алдым да, екіншісіне тәжірибе жүргіздім. Жүргізіліп отырған жұмыстың нәтижесінде үнемі сабақта үш тілде кіріктірілген сыныптарда оқушының тәртібі, сабаққа деген ынтасы, үлгеру белсенділігі өсе түсті, демек пәнге қызығушылығы артты. Тақырып бойынша жүргізген педагогикалық зертеу мен алдын — ала айқындау тәжірибе жұмысым 8-сынып аралығында өтті. Айқындау тәжірибесінде жалпы саны 22 оқушы қатысты, оның ішінде бір топ тәжірибелік, бір топ бақылау тобы болды. Бұл педагогикалық тәжірибе төмендегідей міндеттерді шешуді мақсат етті: оқушылардың биология сабағына қызығушылығын арттыру және үш тілділікке байланысты термин сөздерді еркін меңгерту.

Ағылшын тілі арқылы жаратылыстану, биология, химия, информатика, география және тағы бірқатар басқа пәндер оқытыла алады. Осы пәндерді ағылшын тілінде оқыту үшін таңдап алынуы толық негізделген. Ол үшін бұл пәндер білім беру мазмұнының ұлттық емес құрамдасын құрайтыны туралы тұжырымды еске алғанның өзі жеткілікті.

Пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың ойлау, есте сақтау,қайта жаңғырту, сөйлеу, шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, әр пәннің мақсатына сай көздеген, жеңіс тұғырына жетеміз.

Қорытындылай келе, Үш тілділікті тиімді ендіру — қазіргі заман талабы. Бұл жұмыс барысында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде білім беру арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырдым. Қалыптасқан үш тілді ортада оқушылар сыни және шығармашылық қабілеттерінің дамитындығын байқадым. Қоршаған орта мен қоғамға, тілдік дағдыларға сыйластық сезімі қалыптасады. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев өзінің Жолдауында қазіргі таңда қазақстандықтар үшін үш тілді меңгеру еліміздің қарқынды міндетті шарты екенін, қажеттілік екенін атап өтті. Сонымен қатар, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

ҚР жалпы тарихи тағдыры ұштасқан, жүз отыздан астам этникалық топтар өкілдерінің ұлт бірлігі топтасқан, серпінді даму үстіндегі ел. Бұл тәуелсіз елімізді өз Отаным деп санайтын ұлт өкілдерінің бірлікте, татулықта өмір сүруі ел үшін аса маңызды жағдайлардың бірі. «Тіл-халықтың ең ұлы байлығы» деген қазақ қағидасы бар. Кез келген адам үшін осы қағиданың маңызы зор. Аталған маңыздылық Елбасымыз ҚР-ның Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына жолдауында айқын көрсетілген. «Көпұлттылық пен көптілділік осы құндылықтардың бірі және біздің еліміздің басты артықшылығы болып табылады. Елбасының мына бір сөзімен аяқтағым келеді: «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез-келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы — Ана тіліміз».

# Махамбет толғауларының тілі мен көркемдігі

**К.Ж.Кулымов**
*Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Махамбет Өтемісұлы — қазақ халқының азаттығы үшін күрескен тарихи тұлға ретінде біздің Тәуелсіздігіміздің бастау көздерінің бірі ретінде танылады. Ол — қоғам қайраткері, өзінің отты, жалынды өлеңдері арқылы бар өмірін туған халқының жоғын жоқтауға арнаған ардақты ақын. Қазақтың көрнекті ақыны,жыраулардың соңғы тұяғы, жалынды жауынгер ақын Махамбет 1836-1838 жылдардағы Исатай Тайманов бастаған шаруалар көтерілісінің жалынды жыршысы ретінде де көпке мәлім, қозғалысты ұйымдастырушы тарихи қайраткер тұлғалардың бірі.

Ақын өлендерінің басты тақырыбы — теңдік пен бостандық, әділдік үшін күрес, қанаушы отаршылдық жүйеге қарсылық болса, әрқашан тыңдаушының арқыраған адуынды жігерін асып-тасып жатқан асқақ рухпен көмкереді, оған көне дәстүр бойынша философиялық терең толғамдар, пайымдаулар сабақтастырып отырады.

Халқымыздың алтын қазынасы, ауыз әдебиетінің тереңінен сусындаған, өзінің бойына халықтық дәстүрді терең сіңірген Махамбет Исатай Тайманұлы бастаған халық көтерілісінің жалынды жыршысы болды, ол өзінің өлеңдері арқылы халықты патша өкіметі мен хандардың езгісіне қарсы күреске шақырды. Махамбеттің өлеңдері бостандық пен әділдікті, халық көсемдерінің батырлығын қалың халық бұқарасына таныту мақсатында шығарылды. Оның өлеңдері бұқара халықтың жүрегіне тым жақын болды.

Махамбет өз шығармаларында бұрыннан бар өлең пішіндері мен тілдің көркемдік тәсілдерін көтеріліс рухына, халықты күреске үндеу, ерлікті мадақтау талаптарына сәйкес үлкен шеберлікпен әрі жаңғырта, жаңарта пайдаланған. Махамбеттің өлең-толғаулары күрес, тартыс, шайқас, шабуыл үстінде, шаршы топ алдында, айтылды. Тыңдаушыларының ұғымына қонымды, аламанды рухтандырып, арқасын қоздыратындай жалынды сөз, екпін-ырғақпен айтылуы керек болды. Оның үстіне суырыпсалма ақынның зор шабытпен нөсерлете, үдете, төпеп жырлауына үйлесетін форманы қажетсінетіні белгілі. Осы орайда ақынның көркем сөз айшықтарын молынан қолданғандығын оның арынды, асау толғауларынан айқын аңғарамыз.

Махамбет поэзиясының тілі — шын мәнінде халықтық тіл. Ақын өз кезіндегі қазақ халқының тіл байлығынан қажетінше ала да білген , оны өзінің керегіне жарата да білген. Тілінің байлығы жағынан және оны шебер қолдана білуі жағынан Махамбет атақты сөз ұсталарының қайсысынан болсын кем түспейді. Махамбет тілінің асқан көркемдігі, анықтық, дәлдігі, әр алуан поэтикалық қолданыстардың элементтерін (эпитет, теңеу, троп, фигуралардың түрлерін) жеке де, өзара байланысты түрде де өте шеберлікпен қолдана алуында ғана емес, ең алдымен, оның өлеңдерінде кездесетін сөз образдарының өмір шындығына дәл келетіндігі мен сөйлем құрылыстарының ішкі логикалық байланыстарының беріктігінде.

Махамбет шығармаларының тілі әрі көркем, әрі образды, әрі өткір, әрі күшті болуымен қатар, әр сөзі орынды, әр жағдайдың өзіне лайықты, соған тән болып келеді. Оның тілінің күштілігі, көркемдігі мазмұнға бағынғандығында.

Мұнар да, мұнар, мұнар күн,
Бұлттан шыққан шұбар күн.
Буыршын мұзға тайған күн,
Бура атанға шөккен күн,— деген үзіндідегі «мұнар», «шұбар» деген эпитеттерді алсақ, бұл эпитеттердің батырлардың өз бастарына және ел басына түскен ауыр халдерін суреттеп беруде үлкен мәні бар. Хан мен билердің ел басына туғызған қара күнін, басқа күндерден айырықша көрсету үшін, ақын сол күннің бейнесін оқушыларының көз алдына елестету үшін «күн» деген сөздің алдына, «шұбар», «мұнар» деген эпитеттерді қолданған. Осы үзіндінің:

Буыршын мұзға тайған күн,
Бура атанға шөккен күн,— деген жолдарындағы өткен шақтық есімше етістік арқылы жасалған эпитеттер мен аралас келген поэтикалық контраст тамаша шебер қолданылған. Мақсаты орындалмай, Исатай өліп, жолдастары оққа ұшып, көтеріліс апатқа ұшырап, оңға деген іс теріске, ойланған мақсат керісінше шыққандықтан, Махамбеттің қолданатын образы, сөздері де керісінше, шалыс келеді. Жалғыз эпитет, не поэтикалық контраст емес — теңеу, метафора қолданыстары да ақынның мақсатымен ұштасып жататынын және өздерін жауынан жоғары етіп, жауын төмендете, оған оқушылары жексұрын көзбен қарайтын етіп шығару үшін қолданғандығын көреміз. Исатайды ел қамқоры етіп көрсету үшін: «Қызғыштай болған есіл ер»,-дейді. Ал оның ерлігін көрсететін жерде оны арыстанға балайды:

Арыстан еді-ау Исатай,
Бұл фәнидің жүзінде
Арыстан одан кім өткен,— деп оның ерлігін метафора арқылы көрсетеді. Сөйтіп ол Исатайды арыстанға баласа, өздерін апатқа ұшыратқан жауын ел ұғымындағы ең оңбаған айуанға балайды. Баймағамбетке: «Сендей нарқоспақтың баласы», — дейді Өйткені балап отырған түйесі — түйенің ең жаман түрі. Мал шаруашылығымен күн көрген, әсіресе, көшпелі елдердің түйе малы ішінде ең жақсы көре-

тіні бірі тума нар, қас жампоз, онан кейінгісі қоспақ (түйенің басқа да түрлері көп); ең жек көретіні — гүрт, жарыбай, сұлама, нарқоспақ. Міне, Махамбет жауын жексұрын етіп көрсету үшін, Баймағамбетті қор туған нарқоспаққа балайды. Сонымен қатар басына қанша қиын-қыстау іс түсіп, көкірегі қарс айырылып, өзегі өртенсе де, Махамбет өзінің өр рухын, жігерін жасытпайды.

Шамдансам жығар асаумын,

Шамырқансам сынар болатпын, — деп, жауынан өзін биік етіп көрсетеді.

Бейненің шағын, кішкентай моделіне бой ұсынайық.

Мен — тауда ойнаған қарт марал
Табаным тасқа тиер деп,
Сақсынып шыққан қиядан.

Көпке белгілі Махамбет өлеңінен алынған осы қысқа үзіндіде ерекше мән бар. Тұтас суретті бөлшектеп көрейік: тау, қарт марал, табан. Тау — биіктіктің, өрлеудің, мәңгіліктің тұлғасы, табиғаттың өзі. Қарт марал — тіршілік, еңкейген шақтағы адам өмірін еске түсіреді. Марал — сұлулық іспеттес. Қарт марал дегенде жаңа ұғым туғандай: сфинкс, кентавр сияқты. Қысқасы, құбылыс пен бейне арасындағы қат-қабат күрделі байланысты көргендейміз. Нақтылықтан абстракцияға, абстракциядан нақтылыққа өту жолы аңғарылады.

Ақындық тілдің өте бір толық түрі, ақынның шеберлігін керек ететін (өз орнына қолдана алса ), суреттейін деген өмір құбылысын айтып беру үшін мәні күшті ауыстырып айтатын сөздердің бір түрі — метонимия (алмастыру ).

Махамбеттің:

Қой мойынды, көк жұлын…

Көк жұлынды, жетелеп,— деген екі жолындағы метонимия әрі орынды, әрі шебер болып шыққан. Бұл сықылды метонимиялар Махамбетте көп. Махамбет өлеңдерінде теңеу, не метафора ғана кездесіп қоймайды, ауыстырудың алуан түрлері де табылады. Сонымен қатар, оның өлеңдерінде фигураның түрлері де өте көп кездеседі, мысалы:

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!
Көл қорыған сен едің -
Сен де айырылдың көліңнен,
Ел қорыған мен едім -
Мен де айырылдым елімнен,— деген параллелизмі, немесе:

Орай да борай қар жауса,
Қалыңға боран борар ма?
Қаптай соққан боранда
Қаптама киген тоңар ма? — деген риторикалық сұрауларды кездестіруге болады.Фигуралардың қолданысы да оның негізгі тілегімен байланысты. Бұл риторикалық сұрауларға берілетін жауаптың бәрі де қарындас үшін, қатын-бала үшін, екінші сөзбен айтқанда, ел үшін, Отан үшін жауға шап деген оның негізгі мақсатымен ұштасып жатыр.

Махамбет өлеңдерінде көркем тілдің жеке-жеке барлық түрі де кездеседі. Махамбет өлеңдерінде эпитет, теңеу, әсірелеу, литота, ауыстыру мағынасында қолданылатын фигура өзара байланысты түрде де жиі ұшырайды. Бұлардың өзара байланыстары ақынның сөзге шеберлігін дәлелдейді. Бұл жағынан алып қарағанда да Махамбеттің көркем сөз ұстасы екендігіне ешкім шек келтіре алмайды. Мысалы:

Кермиығым, кербезім!
Керіскедей шандозым!
Құландай ащы дауыстым!
Құлжадай айбар мүйіздім!
Қырмызыдай ажарлым!
Хиуадай базарлым!
Теңіздей терең ақылдым!
Тебіренбес ауыр мінездім!— деген жолдарда метафора, теңеу, эпитеттер бір-бірімен байланысып, тығыз жымдасып кеткенін көреміз.Осы өлеңінен:

Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен,
Атқан оғы Еділ-Жайық тең өткен.
Атқанда қардай боратқан,
Көк шыбығын қанды ауыздай жалатқан.
Арыстан еді-ау Исатай!
Бұл фәнидің жүзінде,
Арыстан одан кім өткен?!— деген жолдарды алсақ,— теңеу, метафора, әсірелей теңеу (эпитет) және әсірелеуді кездестіреміз. Міне, не бары 6-7 жолдың ішінде бір-бірімен тығыз байланысты бірнеше көркем сөздердің қабат келуі, түр жағынан алып қарағанда да, оның шеберлігін көрсетеді. Бірақ оның шеберлігі тек қана сол сөздерді табуында емес, сол образды сөздердің ақынның ойымен байланыстылығында. Демек бұл контексте қолданылған образдар тек көркемдік үшін тұрған жоқ, бәрі де ақынның негізгі пікіріне бағыныңқы; суреттейін деген құбылысының, айтайын деген ойына сайма-сай келіп тұр. Ақынның күштілігі де, сөздерінің көркемдігі де осында.

Азаттық үшін алысқан, елі үшін егескен арыстан бабамыз Махамбет Өтемісұлының қазақ әдебиетінде алатын орны ерекше. Рухы биік жырлары ақынның атадан туған аруақты ер екенін дәлелдей түседі. Тарихшы ғалым Тілекқабыл Боранғалиұлы өзінің «Ғасырдан тәбәрік» атты еңбегінде: «Қазақ жырының ой-санасы — Абай, ар-намысы — Махамбет. Абайдың ғибратымен, Махамбеттің жігерімен еңсе тіктеген әулетпіз. Бірі — рухани ұстазымыз, бірі -рухты ұранымыз»,-деп Махамбеттің өзгеше жан екенін сөз етті.

Аз ғана ғұмырында халқына жалынды рух беріп, ұранды жырларымен жүрегінде алау отын жаққан, терең ой мен тұнық сезімдерді тек өзіне ғана тән табиғи даралықпен шебер бейнелеген жалынды, асқақ рухты суреткердің сөз қолдану шеберлігіне куә болып отырмыз. Ақын өлеңдерінің өскелең ұрпаққа берер азаматтық, адамгершілік өнегесі мол.

# «Қазақ ауылының көркем шежіресі»

**К.С.Советбаева**
*Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Бейімбет шығармалары — ұлттық мақтаныш, ұлттық өмір сүрудің намысты кепілі. Қазақ әдебиетінің асқар биігі, шығармалары ел тіршілігімен біте қайнасып астарласып жатқан Бейімбет шығармаларын мектепте жаңашылдықпен оқыту — бүгінгі күн талабы.

Ауыл тіршілігі — жазушының дүние танымының жаңа сапасын танытқан, асқан шеберлікпен жазылған туындылары.

Ел тұрмысының бедерлі көріністерін суреттейтін шығармалары шынайлыққа толы. Ол бар тіршілігі — малға байланысты, табиғатқа тәуелді елдің тұрмысын кейіпкер арқылы көрсетеді. Бейімбет табиғатты революция заманындағы ақын көзімен көріп,нәзік те көркем жыр етеді.Кедей ауылының көрінісі әсем табиғатпен астарласып шығарманы шырайландырып тұр.Мұның өзі суреткердің шеберлігін ағартады.

Бағдарламада берілген аз ғана уақытта тума талanттың өмірі мен шығармаларын жүйелі жоспарлап, жете меңгерту мұғалімнен үлкен шеберлікті қажет етеді. Қазіргі оқу технологияларын сұрыптап, әдеби туындымен өзектестіре білсең ғана оқушыға қыр — сырын таныстырып жазушы әлеміне жетелей аласың.

Бейімбет — жас кезінен заман ағымына ілесіп, тізбектеліп өтіп жатқан оқиғаларға бей — жай қарай алмай, өзіндік үн қосқан ақын.

Ол әдебиеттегі алғашқы адымын өлеңнен бастады. Оның поэзиясының қадір— қасиеті — жырлаған тақырыбы мен бейнеленген образында. Яғни қазақ кедейінің тұрмысы мен тіршілігін қазақ поэзиясында өзіндік сара жол салып, жан — жақты суреттеді. Кейіпкерлерді нақты өсу үстінде сомдады. Суреткер өнері өмірімен, яғни өз басынан кешкен ғұмыр-тіршілігімен тығыз байланысты. Оның жете білетіні — ауыл өмірі, қыр тршілігі дала тұрмысы.Қанша қаламгер ауыл тақырыбына қалам тартқанымен Бейімбеттің дала жырларының өзіндік ерекшелігі бар.

Кедей боп туғам, кедей деп өлем,
Не көрсем де, кедейден көрем.
Кедей қуанса, кедей жұбанса,
Бір елі көкке теймейді төбем,— деп «Ұлы күні» өлеңінде жырлағандай, дала кейпі, ауыл тұрмысы кедей көзімен жырланады.

Майлин заман ағымына орай қазақ ауылын екі түрде суреттеді. Ол — революцияға дейінгі ескі ауыл, революциядан кейінгі жаңа ауыл. Ақынның мұндай шығармалары шыншылдығы мен сыншылдығын қатар көрсетеді. Көне ауылдың қоғамдық қоршауы, әлеуметтік ортадағы кедергілер Мырқымбай образы арқылы кеңінен берілген.Мырқымбай — қазақ әдебиетіндегі тың кейіпкер. Қазақ ауылында жүргізілген қоғамдық істерді, жаңалықтарды қазақ кедейінің ой сезімін, өсуін Мырқымбай арқылы берді. Сол арқылы қазақ кедейінің он жыл ішінде өзгеріп, өсіп, жаңару жолын бейнеледі. Бұл образ ақынның жиырмадан астап өлеңінде, екі поэмасында кездеседі. Олардан кейіпкерді ауылға кірген жаңалықтарымен бірге үздіксіз өсу, даму үстінде көреміз. Ең ақыры ол еңбек жолын өтіп, ауылдың ысылған белгілі қайраткері болып танылады. 1922 жылы жарық көрген «Мырқымбай» өлеңінде Мырқымбай ештеңенің парқын білмейтін болып көрінсе, «Қуаныш» өлеңінде ол көк шолақ қамыттап егіске шығады. Ал, «Бүгін» өлеңінде ол кедейлер съезінің делегаты болады.

Ел өмірінің әр саласындағы өзгерістерді Мырқымбай өткен жолдарды шолу арқылы бейнелейді. Халықтың мұңы мен тілегіне, оның болашағына ақын Мырқымбайлардың жетілуі арқылы көз салады. Бұл — Бейімбет шығармашылығының , халықтық — демократтық сипатының зор көрнісі.

Оның жиырмасыншы жылдары жазған көркем әңгімелерінде совет үкіметінің ықпалымен теңдікке қолы жеткен қазақ еңбекшілерінің санасы оянып, қоғам өміріне белсене араласа бастауы суреттеледі. Ақын шығармалары қайнаған қалың өмірдің ортасында туындап, шынайы суреттелуімен құнды. [1.17-18] Өйткені ақын сол кездегі қазақ ауылы өмірінің ескі, жағымсыз, кер тартпа көріністерін сынап, мінеп әшкereледі; жаңа, өршіл көрністерін мадақтап көрсетті; халыққа жақсыны, жаңаны насихаттады. [2.113] Осы кезеңде таланты жаңбыр суына, шілде шуағына көнігіп, көгерген, гүлденген қыр тәрізді құлпырды, әбден шарықтады. Өзі көзбен көрген ауылдың өркендей бастаған жаңа тұрмысын жырлады.

Бейімбет — алғыр ойлы, ұшқыр қиялды, өте сезімтал ақын. Ол саяси ұрандарды негізге ала отырып, кедей өміріндегі жаңалықты дәл түйіп, көркем шығарма тақырыбына арқау етті. [2.120] Мысалы, 1924 жылы «Ауылға бет бұрайық» деп ұрандағанда, ақын :

Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз,
Ауыл — дене, біз қозғалтар жанымыз... — деп жырлады. Кейін ауылда ұлы өзгерістер болғанда,

Жаңғыртты қазір жырды ауыл,
Жаңа өмірге кірді ауыл...
Істеліп жатыр ұлы істер
Жаңарта бер жырды, ауыл... — деп күй шертті.

Ол қай тақырыпты жазса да ауыл, колхоздағы жаңа қарым — қатынасты еңбекке, қоғамдық мүлікке жаңаша көзқарасты, табандылықты, ерлікті мадақтады. Осы тұста « Раушан — коммунист» , «Азамат Азаматыч», « Он бес үй», «Ауыл мектебі», «Біздің жігіттер» атты туындылары өмірге келді. Еліміздің мейлінше гүлденіп, күрделенген өмірін, қазақтың жұмысшылары мен колхозшыларын көрсетуді мақсат тұтты. Өз тұсындағы қазақ өмірінің ол қозғап, сөз етпеген мәселесі жоқ десе де болады.

Бейімбет — сайып келгенде, тұрмыс салты, әдет — ғұрыпты жете суреттеген жазушы. Сондықтан шығармалар желісі, оқиғасы отбасын-

да, үй — іші әңгімесінде өрбіген. Оқиға желісін құруға шебер, барынша шиеленістіріп, нанымды етіп қиыстырады. Ол — қазақ совет әдебитеінде фельетон, күлдіргі пьеса («Көзілдірік» , « Шаншар молда» т.б) жанрының негізін салушылардың бірі, тамаша сатирик.Қаламгер — адамның кескінін келтіруге табиғат көрінісін суреттеуге ұста. Оның шығармалары қазақтың ұнамды, ұнамсыз неше алуан бейнелеріне, қазақ даласының пейзаждары мен қазақ өмірінің картиналарына толы. [3.32]

Ақын ескі ауыл адамдарының жалқау, әрекетсіз өмірін, кәсіпсіздікті айыптайды. Кейбір өлеңдерін де революциядан бұрынғы қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздіктің сипатын көрсетеді. « Қанды тұман» өлеңінде ол күрестің жолын білмей қараңғыға қамалған халық күйін суреттеді. Одан кейінгі жылдардағы өлеңдерінің лирикалық кейіпкері ізденіп, шарық ұрып, талпына бастайды. [4.168]

Революциядан кейінгі советтік жолмен жаңаруда ауыл өміріндегі өзгерістерге қалам тартты. Ол жаңарған ауыл адамдарын ( « Ұлы топ ашылды», « Арман не еді?», «Ел тілшісі») қуана жырға қосты.

Әйел теңдігі тақырыбы — Майлин шығармасында елеулі орын алады. Ескі ауылдағы әйел теңсіздігін суреттейтін « Қыздың сәлемі» , « Ақсуаттың жолында» өлеңдері аянышты тағдырларды саралай бейнелеген шығармалары . [3.53] Қазақ әйелінің оң өзгерісі, алға ұмтылуы, теңдік алуы, білімге құштарлығы кейінгі шығармаларында кеңінен жырланған. « Ыбыраймыз,Ыбыраймын» өлеңінде екі дәуірдегі герой сипатын Бейімбет ойнақы диалогпен шебер жеткізеді.

Ақын — бір қатар поэма жазған талант иесі. Теңдік үшін күрес, ұлт — азаттық көтерілісінің уақиғалары, азамат соғысы, жаңа дәуір, жүзеге асқан істер — поэмалардың негізгі тақырыбы. Дәуірдің нақты бір эпизодтық шындығын алады да, сол арқылы кейіпкердің іс — әрекетін көрсетеді. . [4.167]

Бейімбет Майлин — үлкен суреткер. Ол шығармаларының негізгі материалдарын нақты өмір шындығынан ала отырып, оны көркемдікпен бейнелеуде тың табыстарға ие болды. Шаруалар өмірінің жұпыны, қарапайым шындығын сол қалпында көрсету — қаламгердің елеулі ерекшелігі.

Бейімбет мұрасының ең мол және салмақты жағы — прозалық шығармалары. Шығарма оқиғасын күнделікті өмірден алып, қазақ шаруаларының рухани өсуі мен қоғамдық еңбекке араласуын, күрес шындығын жан — жақты бейнелейді. Жазушы колхоздастыру тақырыбын ауыл өмірінің басқа салаларымен тығыз байланыста көрсетеді.Шаруалардың коллективтік шаруашылыққа бірігуінің ел өміріндегі тың мәселе екенін, бұған көндігудің қиындығын, үстем тап өкілдерінің асыра сілтеп, үркітуін әңгімелерінде өткір бейнелей берді.« Даудың басы — Дайрабайдың көк сиыры» — осыған мысал. . [5.27]

Кедей шаруалар өмірінен жазған, әңгімелері қазақ ауылындағы ең басты әлеуметтік топтың революция алдындағы ауыр тіршілігінен бастап советтік шара көмегімен оянуын, күресін, колхозға бірігуінің ұзақ жолын көркем бейнелейді. . [6.78]

«Шұғаның белгісі» повесі — жазушының проза саласындағы тұңғыш көлемді, құнарлы шығармасы. Шығарманың көлемі онша ұзақ болмағанымен, онда революциядан бұрынғы қазақ ауылы өмірінің мол шындығы бар. Бейімбет әйел теңдігі, махаббат еркіндігін, халықтың өмірі мен тұрмысын реалистік қалыпта бейнеледі. Бұл Бейімбеттің халықтық, реалистік бағытта өрістеп, жаңа әрі жемісті арнада дамуға бет алғандығын көрсетті. . [7.]

Үлкен дарын, көп қырлы талант иесі журналист қызметін де атқарды. Ол — бейнетті де құрметті жұмыс. Өз мақалаларында қазақ ауылындағы әлеуметтік өзгерістерді жаңа нышанды көрсете білді. . [8.44-45] Жазушы сөз техникасын халық тілін жақсы білетіндігі, шебер қолданатындығы, жаңа сөздерді орнымен енгізгендігін аңғардық. Бұл да оның стильдік шеберлігіндегі ерекшеліктерінен туындайды. Тілдің көркемдегіш құралдарын өте тиімді қолдана білді. Ой тереңдігін, сезім сұлулығын білдіретін ұтымды, канатты сөздер де шығармаларын шырайландыра түсті. Қаламгердің халық қазынасындағы мақал — мәтелдерді тиімді қолданғанын білеміз.

Бейімбет шығармалары — бүгінгі өскелең ұрпақты тәрбиелеудің басты құралы болмақ. Бейімбеттану егемендікті нығайтуға оның қадір — қасиетін сезіне білуге, бүгінгі жас өреннің бойына еліне, халқына деген құрметті тұтас Отаншылдық сезімге ұластыруға мүмкіндік береді. Бейімбет өз шығармалары арқылы туған жұртының тұрмыс — тіршілігін асқан шабытпен, шеберлікпен ұлттық сананы жаңа сапалық сатыға көтерді. Осы айтылғандарды көркем туындыны талдау арқылы балаларға ұқтырамын.

«Өнегелі өмір» атты кесте ақын өмірінен мол мағлұмат береді. Осы хронологиялық кестедегі оқиғалар тізбегі арқылы оқушылар өз білетіндеріне жаңа мәліметтер қосып отырды. Сабақ үстінде аудиокітап тыңдалып, көркем сөз шеберлері дайындаған видеолар көрсетіледі. Аяқталған соң балалардан қандай сезімде болғанын сұрап, ұлтын сүйген қандай ғажап, қандай мақтаныш деп жігерлендіремін. Өйткені, қазақ халқының тарихына шолу жасау, мәтін тарихын зерделеу, нақышына келтіре оқып, талдау олардың сезіміне әсер етері сөзсіз. Балалар сыни ойлап, проблемалық сұрақтар туындатып, ой бөліседі.

Кешегі Бейімбеттің ел тұрмысын суреттеуін оқып, талдадыңдар. Ал, бүгінгі ел қазағы сендерсіңдер.Не айтар едіңдер? (ойтолғау— эссе жазуға тапсырма беремін) деп ой тастаймын.

Әдебиет сабағында сөздікпен жұмыс жүргізу оң нәтиже береді. Сөздікпен жұмысты үнемі қолдану сөздік қорларын молайтуға, ойын жүйелі жеткізуге негіз болады.

Адамның өткенге қарап өсетінін, бүгінге қарап бой түзейтінін, болашақты болжап күн кешетіндігін ескерсек, көшпелі қазақ ауылын бүгінгі ел тіршілігімен байланыстыра оқытуымыз керек. Тәуелсіздікті тәу еткен бүгінгі ұрпақ үшін Бейімбет Майлин шығармаларының тілі, сөз кестесі, өлең өрнегі халықтығымен, тәлім — тәрбиесімен құнды болмақ. Қаламгер мұрасы – адам тіршілігінің сан саласын қамтып, бүгінгі мен болшақты ұштастырған өміршеңдігімен қымбат.

# Балалар әдебиетінің бастауы — халық ауыз әдебиеті

**М.Д.Әлжанова**
*№44 «Тұлпар» МДҰ— ның әдіскері*
*Ақтөбе қаласы*

Балалар фольклоры— балалар психологиясынң көркемдік талғамын, шығармашылық мүмкіндіктерін танытатын халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл мұрасы. Бала қабілетіне лайықтылығы, логикалық жүйелілігі, тілінің нәрлілігі— балалар фольклоры үлкен үш топқа жіктеледі, сондай— ақ ішкі жанрлық түрлерге топтастырылады. Халық ауыз әдебиеті мектепке дейінгі балалардың ой-өрісін жетілдіріп, Отанын сүюге, елін қорғауға, өнерді игеруге т.б. уағыздайды.Халық ауыз әдебиет түрлері жоғарыда аталғандармен қатар баланың сөздік қорын да молайтады. Ал сөздік қоры мол, тілі дамыған бала — жақсы үлгілердің алғы шарты. Ой өрісі дамып, сөздік қоры молайған баланың айтар ойы да, істер ісі де өнегелі болмақ.

***Маусымдық жырлар.*** Жаз шыға жайлауға, қыс түссе қыстауға қоныс аударып жүрген көшпенді халықтар табиғат аясына етене жақын ғана емес, оның құбылмалы өзгерісіне тәуелді де болған. Бір малы екеу болып, ауыздары аққа тиетін көктем мен жазды қаншалықты зарыға күтсе, «қылышын сүйретіп келетін қысқа» әркез ыждағатпен дайындалған. Қазақ даласында көктем мен күз ұзақ болмайды. Сондықтан да қазақ ұғымында «алты ай қыс, алты ай жаз» деп бүкіл жылды негізінен екі ақ кезеңге бөлу ұғымы қалыптасқан.Алғаш күн күркірегенде, алғаш жыл құсы келгенде,алғаш бие байлап, қымыз ашытқанда түрлі ырымдар жасалады.Міне, осындай көктем,жаз,күз,қыс құбылыстары балалар өлеңдерінен де өз орнын тапқан. Мәселен, балалар алғаш жыл құстарын көргенде:

Самалық, самалық,
Көк құс көзін ашты ма?
Аяғын жерге бастыма?
Самалық, самалық!
Самарқанның көк тасы,
Жібіді ме көрдің бе?
Қап тауының көк құсы
Жүгірді ме көрдің бе?
Самалық, самалық!— деп айғайлайтын болған.

Қызықтама. Олардың белгілі бір сюжетке құрылып, өлеңдік баяндау түрінде жырланады. «Түлкі, түлкі, түлкішек», «Бір қазан сүт» және «Түйе, түйе, түйелер» қызықтамалары.

***Мазақтама***. Халық арасы, әрқашанда күлкіге бай. Адам бойындағы кемшілікті келемеждеу, орынсыз қылықтарды мысқыл нысанасына алып, сықақтау халық тіршілігінде ертеден бар жасампаз дәстүр. Мұндай іске, әдетте, балалар да ерекше құмар болады. Табиғаттарының өзі тез тұтануға, көңілділікке, жеңіл әзіл-оспаққа, ойын-күлкіге бейім балалар әр нәрсені мазақ етіп, әжуаға айналдыруға дайын тұрады. Сондықтан да болар жеткіншіктер арасында бұл тектес өлеңдер өте мол тараған. Мазақтамаларға 6-12 жас аралығындағы балалардың өте әуес болатындығы байқалады. Бұл кезеңдегі балалар бір-біріне ат қойып, айдар тағуға, кез-кезкелген жағдайда бір-бірін келемеждеуге ыңғайлы тұрады. Және ол келемеждерін өлең жолдары арқылы білдіреді.

Балалар мазақтамаларын мазмұны, тақырып обьектісі жағынан:

1.Балалар атына ұйымдастырылған(рифмованные прозвища) мазақтамалар.

2.Бала бойындағы мінезі мен әрекетіндегі түрлі кемшіліктерді күлкі етуге арналған сайқымазақ, мазақтамалар— деп екі жікке бөліп қарастыруға болады.

Бірінші топтағы мазақтамаларда, әдетте, кез-келген бір баланың аты алынады да, соған ұйқастырылып мазақтау өлеңі шығарылады. Олардың ішінде:

Менің атым— Сүйімжан,
Тентекпін-ау құйыннан!
Жаман тоным жалп етіп,
Құлап қалдым сиырдан,— деген белгілі бір атқа ғана тиісті, оның орнын басқа бала атымен ауыстыруға көне бермейтін тұрақты мазақтамалар да,

Пәленше, жақсы баласың,
Айтқан тілді аласың.
Айтқан тілді алмасаң,
Арам қатып қаласың-деген сияқты қалаған атты қосып айта беруге болатын жалпы мазақтамалар да болады.Бұл топтағы мазақтамаларда сыналатын кемшіліктер өлең арналған баланың бойында болмауы да мүмкін, бірақ аты өлеңге ұқсас келсе болады, балалар бір-бірін ызаландыру, күлкі тудыру мақсатында айта береді.

Екінші топтағы мазақтамалар кісі атына байланысты емес, ол бала бойындағы, мінез— құлқындағы түрлі кемістіктерді күлкіге айналдырады. Мысалы, тілі мүкіс, тісі кетік, басы таз балалар, өз құрбыларына қарағанда әлсіз, жасық, әдепсіз, іске орашолақ балалар осы топтағы мазақтамалардың негізгі нысанасы. Мысалы: «Р»— ды айта алмайтын баланы:

Сақау,сақау, сақылдақ,
Сен сақауға не қылдық?
Қарағайдың бұтағы ,
Қай тісіңді бұтады?
«Бар» дегенді «бай» дейсің,
«Нар» дегенді «най» дейсің,
«Р» -ды кімдер жұтады,— деп келеке етеді.

***Өтірік өлең***— қазақ халық поэзиясындағы ерекше қызықты, балалар құмарта тыңдап, қызыға жаттап алатын фольклорлық жанр. Өтірік өлеңді бүлдіршіндер ғана емес, үлкендер де сүйсіне тыңдайды, тіпті бүгінгі айтыста да бұл жанр тіріле, жаңа қырынан танылып жүр. Сол сияқты халық «Тазша баланың қырық өтірігі» жөніндегі ертегіні де ұрпақтан ұрпаққа қастерлей жеткізіп келеді. Ел арасында өтіріктің қара сөзбен айтылатын түрлері де мол ұшырасады. Тіпті әр ауылдың өзінің қиыннан қиыстырып: «өтірікті шындай, асқақты тыңдай» қылып әңгімелеу арқылы халық «құрметіне» бөленген адамдары болған. Бүгінгі күндері баспасөз бетінен көріп жүрген Әлімжанның өтірігі, Сұраубайдың өтірігі, Судырахметтің өтірігі делінетін әңгімелер бұған айқын дәлел.

***Жұмбақ***— қай елдің фольклорында болмасын салмақты орын алатын арнайы саланың бірі. Қазақ халық жұмбақтары да ғылымдар назарына ерте ілініп, арнайы зерттеліп келе жатыр. Жұмбақ халық ауыз әдебиетінің ең ескі түрінің бірі. Ол баланың күнделікті өмірде көріп жүрген жанды— жансыззаттарына ұқсас нәрмелерді сипаттай отырып, сол нәрсенің негізгі қасиетін бүгіп айтпай, баланың зейінін ұштау, әрбәр нәрсенің негізгі белгілері қандай, оны немен салыстыруға болады деген ой елегін көз алдына елестете отырып, қоршаған дүниені бақылап, бағалауға баулитын тәрбиелік маңызы ерекше.

Балалар ауыз әдебиетінің бір саласы— жаңылтпаштар. Қазақ халқы бауырында өсірген баласының ақыл— парасатымен қатар тілінен бір мүкіс болмас үшін осы ойын түрін ойлап тапқан. Жаңылтпаштар тіл ұстарту, сөздің дыбысталуын нақышына келтіре дұрыс, тұтықпай, еркін, шебер айта білу мақсатымен пайдаланылады.жаңылтпаштың сөздері қара сөз түрінен, өлең түріне ұйқасымды да құрылады.

***Ертегілер*** — ауыз әдебиетінің — балалардың ой-санасы мен мінез-құлқын қалыптастыратын тарихи мектептің маңызды құралы. Ол — халықтың ауызша айтып қалдырған көркем әңгімесі. Ертегілердің ішінде балалардың сүйіп оқитын, олардың жас ерекшеліктеріне тән мұралар көп. Ондағы бай фантазия балалардың ойына қозғау салып, өмірдің неше алуан құбылыстарын тануға, сана-сезім, ақыл-ой қызметінің ерте дамып қалыптасуына әсер етеді.

Қазақ балалар әдебиеті көркемдік жағынан болсын, тақырыптық — тәрбиелік жағынан болсын барлық талаптарға сай өсіп-өркендеп, дамып келеді. Әдебиеттің басқа түрлеріне қарағанда балалар әдебиетінің өзіндік алғы шарттары да жоқ емес. Балалардың ойлау, түсіну қабілеті суреттеліп отырған оқиғаның, көркем образдың нақтылығы, дәлдігін өз өмірінің айналасынан алуды қажет етеді. Сөз болатын оқиғаның барысында лиризм болуы шарт. Баланың ішкі дүниесіне, ой-санасына бірдей әсер ететін мағыналығы болуы керек.

«Тіл үйрету әдістеме»

# Қазақ тілін үйретуде «learningApps» сервисін пайдаланудың тиімділігі



**А.С.Сүгірбаева**
*Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығының әдіскері, п.ғ.магистрі*

Инновациялық технологиялар — оқу үдерісінде нәтижелі білім алуға бейімдейтін басты қадам. Негізгі әдістемелік инновациялар бүгінгі таңда оқытудың интерктивті әдістерін қолданумен байланысты. «Интерактив» сөзі бізге ағылшын тілінің «interact» деген сөзінен келген. «Inter»— бұл «өзара», «act» — әрекет ету дегенді білдіреді. Интерактив сөзі — өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Демек, интерактивті оқыту — бұл ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында оқытушы мен тіл үйренушінің өзара әрекет етуі жүзеге асырылады.

Интерактивті әдіске, сондай-ақ, әр түрлі көмекші құралдарды пайдалана отырып, мәселен тақта, кітаптар, бейне материалдар, слайд, флипчарттар, постерлер, компьютерлер және т.б. таныстырулар жатады. Соңғы кезде оқу үдерісін белсенді ету мәселесін сөз еткенде интерактивті жаттығулар серверін пайдалану туралы жиі естиміз. Әрине, бұл қашықтан оқу жағдайы өзектенген тұста ерекше назар аударатын тақырыпқа айналғаны жасырын емес. Осы ретте, тілдерді оқытуда онлайн режимінде тапсырмалар құру және оны бір мезгілде бірнеше тіл үйренушіге ұсына отырып, өз бетінше тексеруге, бақылауға мүмкіндік беретін «LearningApps.org» бағдарламасына тоқталғымыз келеді.

***«LearningApps.org»*** электрондық интерактивті жаттығуларды ыңғайлы және оңай құрастыруға мүмкіндік береді. «LearningApps-тің» мүмкіндігі мол, навигацияға ыңғайлы, пайдалануға оңай. Жалпы алғанда АКТ — мен жұмыс істеудің ең аз дағдылары бар кез-келген мұғалім өз ресурстарын аталған бағдарламада оңай жасай алады, яғни жаңа материалды түсіндіруге, бекітуге, оқытуға, бақылауға арналған шағын жаттығулар кешенін құрастыра алады.

Аталған бағдарлама интерактивті модульдер арқылы оқыту мен оқыту процесін қолдауға арналған 20 блокты қамтиды. Қолданыстағы модульдер оқу мазмұнына тікелей енгізілуі мүмкін, сонымен қатар оларды онлайн режимінде өзгертуге немесе қайта құрастыруға болады. Мұндай блоктар қосымшалар немесе жаттығулар деп аталады. Блоктардың мақсаты: тақырыпқа сәйкес интерактивті блоктар, яғни жаттығулар құрастыру және оларды көпшілікке қол жетімді ету.

Интерактивті блоктар тіл үйренушілерге оқу курстарынан алған білімдерін зерделеуге, тексеруге мүмкіндік беріп қоймайды, сонымен қатар мұғалімнің оқу үдерісіне қажетті материалдарды интерактивті режимде қызықты әрі оңай, қолжетімді етіп, оқу материалдарының жеке банкін құруына көмектеседі. «LearningApps-тан» жаттығулардың 30 — дан астам түрлі интерактивті түрлерін көруге болады және олардың 5-і 2-ден 4 қатысушыға дейін арналған ойын түрінде берілген. Мысалы: ***«Пазлдар», «Жұбын тап», «Сәйкестікті тап», «Бірізділікті белгіле», «Викторина», «Сөзжұмбақ»*** және т.б. интерактивті тапсырмалардың үлгілерін атауға болады. Бұл үлгілердің негізгі идеясы — білім алушылардың өз білімдерін қызықты ойын түрінде тексере алуына жағдай жасау.

Үлгілер құрылымдық-функционалдық белгілері бойынша топтастырылған:

- Таңдау-дұрыс жауапты таңдауға арналған жаттығулар;
- Assignment-сәйкестікті анықтау тапсырмалары;
- Sequence-дұрыс реттілікті анықтау тапсырмалары.

«LearningApps.org» сервисінде сапалы электронды көрнекі құралдарды, аудио және бейнематериалдарды дайындауға, сондай — ақ тіл үйренушілермен қашықтықтан қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін келесі құралдар бар:

-Notebook (ноутбук) — қарапайым мәтіндік редактор;

-Pinboard — мәтіндік жазбаларды жазу және тығын тақтасына кеңсе түймелерімен бекітуді имитациялайтын файлдарды жүктеу құралы. Бұл қарапайым жұмыс істейді, барлық материалдар тінтуірмен сүйреліп, виртуалды тақтаға кез-келген жерде және кез-келген тәртіпте бекітіледі.

- Etherpad-бұл бірнеше интернет пайдаланушылары бірлесіп жұмыс істей алатын онлайн редактор.

Mindmap (ақыл — ой картасы) — қолдануға оңай және ақыл-ой карталарының графикалық редакторы. Оны алдын-ала жасалған карталарды көрсету үшін де, оқу сабағында ақыл-ой картасын жасау үшін де қолдануға болады.

Сервер қосымшаларының артықшылығы тіл үйренушілер өз білімдерін тартымды ойын түрінде тексере алады. Тәжірибе көрсеткендей, «LearningApps» сервисін қолдану сабақтың білім беру мәселелерін шешуге көмектеседі, тіл үйренушілердің танымдық белсенділігін арттырады, оқу материалына танымдық қызығушылығын дамытады.

Мультимедиялық интерактивті қосымшаны құруға арналған қадамдық нұсқаулыққа тоқталайық:

1) мекенжай жолында мекенжайды тереміз http://learningapps.org.




2) Егер біз дайын дамуды пайдаланғымыз келсе, «барлық жаттығулар» түймесін басыңыз. Егер жаттығуды жасасаңыз, «жаттығулар жасау» түймесін басыңыз.




**Жаттығу жасау**

3) Бұл мысалда жаттығуды құру алгоритмін қарастырамыз, сондықтан «жіктеу» түрін таңдап, «жаттығу жасау» қойындысын таңдаңыз.

**Жаттығу түрін таңдау**

4) «жіктеу» үлгісі 2-ден 4-ке дейінгі топтарды құруға көмектеседі, оларды содан кейін элементтерге байланыстыру керек.

5) бұдан әрі «қосымшаның атауын» толтыру қажет.

6) тапсырманы орындау қойындысын толтырыңыз, онда сіз осы жаттығу үшін тапсырманы енгізуіңіз керек, ол іске қосылған кезде пайда болады. Егер сізге қажет болмаса, өрісті бос қалдырыңыз.

***«LearningApps.org» сервисінің артықшылықтары:***

1) жүктеу, пайдалану-тегін;
2) интерфейс тілі — орыс тілінде;
3) интерактивті құру жылдамдығы;
4) тапсырманың дұрыстығын жедел тексеру;
5) html бетіне тапсырманы ендіру мүмкіндігі;
6) көптеген шаблондар суреттермен, дыбыспен және бейнемен жұмыс істеуді қолдайды;
7) онда басқа мұғалімдер жасаған жаттығулардың үлкен жиынтығы бар;
8) жаттығуларды санаттар бойынша іздеуге болады (пәндер бойынша);
9) үнемі дамып келеді;
10) интерактивті тапсырмаларды бөлісу мүмкіндігі.

***Кемшіл тұстары***:

1) кейбір үлгілер кириллицаны қолдамайды;
2) кейбір жаттығу үлгілері өзгереді немесе мүлдем жоғалады;
3) үлгілерде қолмен түзетуге болмайтын жеке қателер кездесуі.

Сонымен қорыта айтқанда, интерактивті жаттығулар — бұл тікелей интернет желісінде онлайн режимінде немесе компьютерге арнайы бағдарламалар орнатқаннан кейін орындауға болатын тапсырмалар жиынтығы. ***LearningApps конструкторы*** пайдаланушыдан компьютерге арнайы бағдарламаларды орнатуды талап етпейді, тек интернетке қол жетімді компьютер қажет. Қазақ тілі сабақтарында LearningApps сервисінің көмегімен жасалған интерактивті жаттығуларды қолдану оқытудың оң нәтижесін қамтамасыз етуге, оқу үдерісін ұтымды ұйымдастыруға, білімді бақылауды жетілдіруге, сабақтың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Тіл үйренушілер меңгеретін оқу материалына қызығушылық танытады, оқу үдерісіне белсенді қатысады.

# Мектепке дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту

**Қ.Б.Құлбалина**
*«Кәусар» бөбекжай — бақшасы тәрбиеші*
*Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Егіндібұлақ ауылы*

Француз ғалымы Жан Жак Руссоның «Бала туылғанда ақ қағаздай болып таза туады, оның үстіне шимақты қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі де солай сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді» деген. Менде бұл сөзбен келісемін.

Баланың ерте жастан бастап ыңылдауын, сөйлеуін жәнеде қозғалу, аяқтарын басуына мән берген жөн. Баланың ашық және таза сөйлеуіне бүкіл дене мүшесі әсер етеді екен. Сондықтанда Сухомлинский айтқандай: «Қабілет бастауы мен балалар дарыны — саусақ ұштарында дегендей балалардың саусақтар мен қол буынының ұсақ қол моторикасын жақсартуымыз керек.

Ұсақ қол моторикасы дегеніміз саусақтар қозғалысы және қолдың буындарын үйлестіру дегенді білдіреді. Ұсақ моториканы дамытудың маңыздылығы неде деп ойлаймыз. Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ететін және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз.

Педагогтар мен балалар психологының мақсаты: ата — аналарға ұсақ моториканы дамыту ойындарының маңыздылығын ұғындыру. Баланы қызықтыруда және жаңа хабарларды игеруіне көмектесуде үйрету үшін баламен ойындар ойнау арқылы қызығушылықтарын арттырып, алға қойған мақсатына жетуді, тапсырманы орындауда қиындыққа кездессе мойымауына үйрете отырып, аз мөлшердегі жетістіктерін де бағалап, мадақтап қоюды да ата — аналар ұмытпауымыз керек. Мектепке дейінгі кіші жастағы балалардың сөйлеуін дамыту үшін қарапайым жаттығуларды жасау арқылы сонымен қатар өлеңмен, тақпақпен, ертегіні айта отырып қалыптастыруға болады. Қарапайым жаттығуларға тоқтала кетсек: қасық, кесе мен қарындаш ұстау, түйме тиегін өзі салып, өзі ағыту, бауын байлау, ұсақ доптарды ұстау т.б. заттарды пайдаланғанда балалардың ұсақ моторикалары дамып жатыр. Әрбір затты ұстау арқылы ұсақ саусақ моторикасы дамып, еркін сөйлеуге әсер етеді екен. Бала өз еркімен күнде ұсақ заттарды ұстауға деген қызығушылығы артып жатса баланы болмайды деп қағуға болмайды. Әрине қауіпсіздігін бірінші орынға қойып балаға ұстауға болатын немесе болмайтынын айтып отыру керек. Балалар ойыншықтармен жай ойнап қоймай оған қызығып түсін, пішінін не екенін білу арқылы қызығушылықтары артып сөйлеуге деген ынталанады. Балаға ойыншықтармен ойнап отырып әңгіме, ертегі тақпақ айтып берсеңіздер баланың қайталауы арқылы баланың ойында қалады. Балада сіздердің емін еркін сөйлеп отырғандарыңызға қарап балада талпынады. Үйде немесе балабақшада болсын баламен көп сөйлеу керек. Бала не сұрасады еш қиналмай жауап беруіміз керек.

# Балабақшада халық ауыз әдебиеті арқылы ұлттық тәрбие беру

**Р.А.Лекерова**
№44 «Тұлпар» МДҰ-ның меңгерушісі
Ақтөбе қаласы

Жалпы мектепке дейінгі мекемелерде балалардың ой-өрісін, санасына туған тіліне, халқына деген сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімін ұялатып, қиялдарын қанаттандыру, ұлттық рухты бойларына сіңіру, ана тілі мен Отанына, тарихы мен мәдениетіне деген сезімдерін қалыптастыруда қазақ халқының ауыз әдебиетінің орны ерекше. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан халқымыздың ауыз әдебиеті — мектепке дейінгі жастағы балалардың ой өрістерін дамытуға, қиялын шарықтатуға, тіл байлығын молайтуға тигізетін пайдасы ұшан-теңі. Халық ауыз әдебиеті — халық шежіресі. М.Горький «Халық ауыз әдебиетін білмейінше, еңбекші халықтың нағыз тарихын білу мүмкін емес» деген. Ауыз әдебиеті де, жазба әдебиеті де көркем туынды..

Халық педагогикасының қайнар бұлағы, ең үлкен бір саласы-халық ауыз екі шығармашылығы. Ауыз әдебиеті өмірдің айнасы, тәрбиенің таптырмас құралы. Ауыз әдебиетінің тәлім-тірбиелік мәнін кемеңгер жазушы М.Әуезовтың мына бір пікірінен аңғаруға болады: «Біз ауыз әдебиетін зерттей отырып, халық санасындағы отаншылдық сезімді, халық ұғымындағы адамгершілік гуманизімді, халықтың қанатты үміті — оптимизімді, сол халықтың өткендегі өмірі, аңсау –арманы, әдеп-ғұрпын, халықтың ұжымдық тәрбиесінің жемісін көреміз». Қазақ ауыз әдебиеті-талай ғасырлардан келе жатқан мұра, сарқылмас бай асыл қазына. Онан халқымыздың өткенін білеміз, сол арқылы бүгінгі заманымызды танимыз. Ауыз әдебиетіндегі қиял дүниесінен туған ғажайып ертегілер, батырлар жырлары, өмір тәжірибесінің қысқаша қорытындысы мақал-мәтелдер, ойға түрткі салатын сыр сандықты жұмбақтар, қиыннан қиыстырылған тақпақ-жаңылтпаштар, санамақтар, ұлттық ойындар-бәрі халықтық мол байлық.Сондықтан, осы мол байлықтың қайнар бұлағынан жас жеткіншектерді сусындату, оның педагогикалық дидактикалық тәр-

биелік міндеттерін ұстаздар оқу-тәрбие процесінде орайластыра кеңінен пайдалана білу керек. Себебі жас жеткіншектердің дүниетанымының, адамгершілік қасиеттерімен мәдениетінің негізін қалыптастырушылардың бірі-тәрбиеші. Балалардың тіл байлығын, байланыстырып сөйлеуін, қиялын байқау үшін өздерінің білетін ертегілерін әңгімелету немесе сұрақ-жауап арқылы шәкірттің тіл байлығы қай дәрежеде екенін байқауға болады. Жұмбақ балалардың дүниетану қабілетін дамыту, тапқырлыққа баулу мақсатымен үйретіледі. Бала — болашақтың адамы, жаңадан қалыптасып келе жатқан ел азаматы. Сондықтан қазіргі қоғамның жаңару жағдайы болашақ ұрпақты тәрбиелеуде тұтас педагогикалық процестің барлық саласында халықтық педагогиканың озық идеялары мен тәжірибесін кеңінен қолдануды талап етеді.Ата-бабаларымыз күмбірлеген күміс күйімен сыбызғы сырнай үнімен, ән-жырымен, мақал-мәтел, шешендік сөз, ертегі, айтыс өлеңдерімен сан ғасыр бойы өз ұрпағын өнегелі де өнерлі, адамгершілік ар-ожданы жоғары, намысқой азамат тәрбиелеп келгені тарихи шындық. Сонымен халықтық педагогиканың тамаша идеялары мен дәстүрлерін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде халықтың ауызекі шығармашылығы айрықша рөл атқарады. Сонымен қатар халық ауызекі шығармашылығы ол қазақ поэзиясының бөлінбес бір бөлшегі іспетті қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, айтыстар, ертегілер, аңыздар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар.Ол-жан сезімімізді толқытып, ойымызға ой қосатын, қиялымызға қанат бітіретін халқымыздың рухани байлығы мен болмысы өмір-сүру әндері мен сыршыл күйлері, ұлттық ойындары, осы кезге дейін тәлім-тәрбиелік қадір-қасиетін жоймаған салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары, адалдыққа, тазалыққа, әділдік пен мейірімділікке баулитын ырым-тиымдары. Олар арқылы халық ұл-қызын күллі жаман әдеттен тиып, ең жақын нышандарға үндеген.Қазақ халқының тәлімдік тиімді құралдарының бірі-ертегі, қисса. Оларда халықтың тыныс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, адамдардың өзара қарым-қатынастары мен мінез-құлықтары, өз халқына, Отанға, туып өскен жерге, оның табиғатына сүйіспеншілігі бейнеленген.

Тегінде іс-әрекеттерді, тілдік қорларын сипаттай білу — тіл мәдениетінің маңызы болып саналады. Мұны өмірге жаңа қадам басқан балдырғандардың санасына дұрыс сіңіре білуін, халқымыз ауыз әдебиеті арқылы бойларына қалыптастыра білген. Бұл ауыз әдебиеті арқылы балалар есіне ұзақ сақталады. Балабақша жасындағы балаларды жан-жақты дамыту кезінде ұлттық тәрбиенің алатын ролі өте зор. Қазақ халқы басқа халықтар сияқты бала тәрбиесіне өте ерте заманнан-ақ өзінің жиып-терген бай, асыл қазынасы, мол тәжірибесімен көңіл аударған. Қазақ атамыз келешек ұрпақтың қамын алыстан болжап, өмірге нәресте келгенде оған лайықты ат қойып, бесікке салып, тұсау кесер рәсімдерін жасап, өсе келе оған қазақ халқының ұлттық шежіресін, өзінің шыққан тегін, халықтың даналық сөздерінің мағынасын түсіндірген. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары Елбасымыз Н.Назарбаевтың жинағында былай деп жазылған: «Бес арысымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім. Қазақстанда тұратын әрбір адам осы елдің перзенті ретінде сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше біздің жұмысымыз ілгері баспайды…». Осы қағиданы оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда басты мақсат етіп алдыға қойса, сонда Елбасымыз алға қойған бәсекелестікке сай елдің қатарына кіруге еңбек ететін XXI ғасырдың азаматын тәрбиелей аламыз. Жан-жақты жарасымды дамыған, көркіне ақылы сай, адамгершілігі мол жігіттің сұлтаны, асыл ару тәрбиелеу — халық арманы. Осы орайда қазақ балабақшаларының басты мақсаты: нағыз ел қамын, жер қамын ойлайтын ер-азамат тәрбиелеу. Бала тәрбиелегенде әрбір тәрбиеші ең алдымен өз тәжірибесін, екінші ұлт тәрбиесін қолдану керектігін Мағжан Жұмабаев айтып кеткен. Қазақта «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген қанатты сөз бар.

Ұлттық мәдениет халықтың ежелден келе жатқан өзіне тән өнері, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі есебінде жетілетіні белгілі.Қазақ халқы— сөз қадірін біліп, қасиетті сөздерді қастерлеп, аузынын тастамай, өнеге ретінде өлең жолдарымен өрнектеп, терең мағыналы сөздермен зерлеп келе жатқан халық.

Білім мен тәрбиенің алғашқы баспалдағы –балабақша. Тәрбиеленушілерді жан-жақты білімді, өзіндік пікірі бар, елін, ата-анасын, туған жерін құрметтейтін азамат болуына ықпал ету — біздің басты міндетіміз. Жүйелі түрде өзіне-өзі баға беріп, рефлексия жасап отыратын, мәдениетті, эрудициясы жоғары, эстетикалық, көркемдік талғамы бар, білімге, өнердегі жаңалықтарға қызығушылығы басым, шығармашылықпен өзін-өзі үздіксіз дамытып отыратын балалар – еліміздің жарқын болашағы.

# STEAM технологиясын қолдану арқылы балалар арасында анимациялық байқау өткізудің ерекшелігі

**Л.Т.Мәдемуханова**
*Ақтөбе қалалық оқушылар Сарайының педагог-ұйымдастырушысы*

Республикалық қосымша білім беру әдістемелік орталығы өткізген STEAM технологиясы турасындағы курстағы біліктілігімді жұмыс тәжірибеде қолданып жүрмін.

STEAM технологиясының артықшылығы барлық ғылымды тоғыстырып оқу процесінде игеру, беретін мүмкіндігі креативті ойлау, кемшілігі балалардың өзара сөйлесуі азаяды, әрекетке көшетін болады.

«Егер бүгін біз балаларды кешегідей оқытсақ, онда біз балаларды ертеңінен айырамыз» Джон Дьюи. «Ең бастысы білімге оқыту емес, ең бастысы — не болып жатқандығын оқыту» Пётр Капи́ца демекші үнемі жаңа жобаларға бейімдеуді қолға алу керек.

Осы орайда, көпшілік шаралардың жоспары бойынша қала мектептеріне «Ғажайып кейіпкер» анимациялық мультфильм байқауды жарияладым. Байқауды түсіндіру кезеңінде STEAM байқау ретінде ғылыми-инновацияға ұмтылу үшін кілт компоненттері:

Пәнаралық: Оқыту пән бойынша емес — тақырып бойынша ертегі идеясы мен сценарийін құру;

Метапәндік Түрлі пәндерге қажетті дағдыларды нығайту — логика, әдебиеттік оқу, сурет салу, информатика, программалауды интеграциялау;

Ынтымақтастық пен коммуникациялар — Сыни ойлау мен топта жұмыс істей білу, түсініп таңдау. Шығармашылық топ арқылы бір мультфильмді жасау;

Ерте кәсіптік бағдар — балаларды мектеп қабырғасында жүріп мамандық таңдауға бейімдеу.

Қолданбалы оқыту — Нақты күнделікті міндеттерді орындау, балалардың тапсырманы орындау нәтижесі.

Осы арқылы Ұстанымдар мен тәжірибелер қалыптасады да келесі тізбекпен нәтижеге бағытталады: Модульдік оқыту — кезеңмен жүзеге асыру, жобалар әдісі — жобалаудан — прототипке, іскерлік ұстанымы — тәжірибе негіз ретінде, рөлдердің алмасуы — басты бағыт педагогтың емес — баланың әрекеті, миға шабуыл — ойдың шығармашылығы.

Қалай жүзеге асыруға болады деген сауал көкейде тұруы мүмкін, сондықтан педагогтың басшылығымен балалар анимациялық мультфильмнің жасау кезеңі — бір оқиға желісімен кейіпкерлерді тауып, оларға жан бітіру — анимациялау, дыбыстау. Қол жетімді ұялы телефон арқылы android және компьютерде Flipa clip, Full HD, convert — video, Vyond freetrial, short story арнайы программа арқылы кейіпкер таңдау, өзгерту, музыка қосу, текст немесе сөзбен дыбыстау, мультипликациялау арқылы файлды конвентерлеуден соң дайын жұмыс шығады. Басында мектептер қиын деп сосын түсінгесін қызығушылық танытып, біраз жұмыстарды байқауға ұсынды. Өздерінің әрекетімен құрастырылғандықтан шынайы жұмыстар көп болды. Жаңашылық пен креативті серпіліс арқылы ізденіп, дайындалатын байқаулар өткізуді үнемі қолдаймын!

# Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілі грамматикасындағы ұқсас формаларды салыстыра оқыту

**А.И.Нургалиева**
*Ж.Кереев атындағы ЖОББ мектебі*
*Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті*

Елімізді мекендеген өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді меңгеруі бүгінгі күннің өзекті мәселесі екендігі баршамызға белгілі.Алдымен ол үшін өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілі грамматикасын меңгерткен кезде, қазақ тілінің грамматикасында кездесетін сыртқы тұлғасы да ,дыбысталуы да бірдей болғанымен, мағынасы мен қызметі басқа-басқа ұқсас формаларды ажырата білуге үйрету керек.

Оқытылып отырған материалды бұрыңғы біліммен салыстырып ,оның өзіндік белгілерін таныту және ұқсас формаларды мысалдар арқылы былайша ұғындыруға болады:

**1. Ды, ді, ты, ті**

1) табыс септігінің жалғауы
1. Ды, ді, ты, ті 2) ІІІ жақтың жіктік жалғауы
3) қатыстық сын есім тудыратын жұрнақ
4 ) жедел өткен шақтың жұрнағы
5) демеулік шылау

1) Табыс септігі кімді?нені? сұрақтарына жауап береді. Жалғаулары мыналар: -ды,-ді,-ты,-ті; Мысалы: Анаң келгенше үй+ді жинастырып қойыңдар.

2) Жіктік жалғауы тек көсемшенің –ып,-іп-п,-а,-е,-й жұрнақтарынан кейін ғана жалғанады.

Мысалы: Кешкілік Ырғызбай малға өзі қара+й+**ды**.

3) Қатыстық сын есім тудыратын жұрнақ мысалы:Олар құм+ды жерге орналасыпты.

4) Жедел өткен шақтың жұрнағы мысалы: Асан домбыра тарт+**ты**.

5) Демеулік шылау Бұл оқиға бұрын болған-**ды**.

**2 . Да, де, та, те**

1)жатыс септігінің жалғауы
2 . Да, де, та, те 2) жалғаулық шылау

1)Жатыс септігінің жалғауының сұрағы кімде? Неде? Жалғаулары: да, -де,-та,-те. Мысалы: Олар үй+**де** күтіп отыр.

2) Ыңғайластық мәндегі жалғаулық шылау: да,де,та,те Мысалы:Үй **де** , дала **да** тап-таза.

**3. Кейін**

1) Мезгіл үстеуі
2) мекен үстеуі
3) Септеулік шылау

1) Мезгіл үстеуі қимылдың мезгілін білдіреді.Сұрағы: қашан? қашаннан бері? Қашан?

Мысалы: Ежелгі дәуір әдебиеті кейін зерттелді.

2) Мекен үстеуі қимылдың болу орны мен бағытын білдіреді.Сұрағы: қалай қарай? қайда? қайдан? қайда? Мысалы: Марат **кейін** шегінді.

3)Септеулік шылау сөз бен сөзді сабақтастыра байланыстырады. Мысалы: Сабақтан **кейін** кездесу болады.

**4 .Ақ**

1) сын есім
2) демеулік шылау

1) Сын есім-заттың түр-түсін,сын-сипатын,сапасын,салмағын, дәмін білдіретін сөз табы. Сұрақтары:қандай? қай? Мысалы: Құралайда **ақ** бантик бар.

2) Демеулік шылау сөздерді байланыстырмайды, тек қана өзі тіркескен сөзге қосымша мағына үстейді. Мысалы: Мұны мен-**ақ** білемін.

Бір сөйлемнің ішінде де кездесуі мүмкін Мысалы: **Ақ** көйлегі жарасып – **ақ** тұр!

**5. -қы,-кі,-ғы,-гі**

1 ) сын есім жұрнағы
2) қалау рай жұрнағы
3) зат есім жасайтын жұрнақ

1) Есім сөздерден туынды сын есім жасайтын жұрнақ Мысалы: Біз жаз+**ғы** демалысты жақсы өткіздік.

2) Қалау рай іс-қимылды орындаушының тілегін,қалауын білдіреді. Етістік+(-ғы,-гі,-қы,-кі)+тәуелдік жалғау Мысалы: Біздің сабақ оқы+**ғы**+мыз келді.

3) Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ Мысалы: Ағашты бұр+ғы арқылы үңгіп тестік.

**6. Мен**

1) жіктеу есімдігі
2) жалғаулық шылау
3) көмектес септігінің жалғауы

1) Жіктеу есімдігі — белгілі бір жақ түрінде қолданылатын есімдіктің түрі. Мысалы: **Мен** ауылда тұрамын.

2) Жалғаулық шылау сөз бен сөзді және сөйлем мен сөйлемді салыстыра байланыстырады. Мысалы: Ағаларым **мен** әпкелерімді сыйлаймын.

3) Көмектес септігінің сұрақтары:кіммен? немен? Мысалы, Олар арба+**мен** тасыды.

**7.Біреу**

1) жинақтық сан есім
2) белгісіздік есімдігі

1) Жинақтық сан есім (собирательное) жинақталған санды білдіреді.Мысалы: Үйдегі терезе **біреу**

2) Белгісіздік есімдігі (неопределенные) — затты, сындық белгіні жорамалдап көрсететін есімдік түрі. Мысалы: Сыртта **біреу** жүр.

Осындай талдауды жақсы меңгерген оқушылар қазақ тілінен грамматикалық ұғымдарды ажырата білуге дағдыланады Ұқсас формаларды бірден ажырату үшін осындай мысалдар арқылы салыстыру,талдау үлгілерін жүргізіп отыру арқылы үйретуге болатынына көзім жетіп жүр.

# Жаңартылған білім мазмұны: Дене шынықтыру пәнін қашықтан оқытуда қолданылатын тиімді әдіс тәсілдер мен технологиялар

**Б.Н.Нұржанов**
*Шұбарқұдық гимназиясы*
*Ақтөбе облысы Темір ауданы*

Қашықтан оқыту заман талабы. Қазіргі білім беру жүйесінде дене шынықтыру пәнін оқытудың түрлі жаңаша әдістері жасалу үстінде. Бұл бағытта ерекше әдіс-тәсілдерін іздеу және соны қолдану қазіргі таңда маңызды болып табылады.

Дене шынықтыру сабақтарын қашықтық оқытуда әдістер көп, бірақ сол әдіс-тәсілдерді пайдалану мақсатында мәселеге ойшыл және жауапты көтеру немесе мәселенің алдын алу үшін оқушыларды жауап беруден, реакциясын қашықтықтан қалай көруге болады,немесе өзара әрекеттесуден бұрын өздері көрген және естігенін бақылау үшін жан-жағына қарауды тоқтатып мен төмендегі пайдаланып жүрген әдістер нәтиже беретініне сенем. Дене шынықтыру сабақтарын қашықтан оқытуда әдіс-тәсілдерді дұрыс пайдалана білу арқылы оқушының ойлау көпірі дұрыс қалыптасқанда ғана сіздің сабақ берудегі мықты әдістеріңіз үлкен көмек береді.

Дене шынықтыру пәнін қашықтан оқыту технологиясы бойынша — оқу үрдісі кезінде оқып үйренушілер мен оқытушылар арасында интерактивті өзара іс-әрекетте оқытылып, материалдың негізгі көлемін оқып үйренушілерге жеткізуді қамтамасыз ететін, оқылған материалдарды меңгеру бойынша, сонымен бірге оқу үрдісі барысындағы оқып үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін ақпараттық технология. Қашықтан оқыту — компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құралдары мен түрлері, білім беру үрдісінде үздік дәстүрлі және инновациялық әдістер қолданылатын, күндізгі және сырттай білім алу ретінде білімді қабылдау түрі болып табылады.

Дене шынықтыру пәнін қашықтан оқыту мен ұйымдастырудың үш түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі вебинар. Дене шынықтыру пәнін онлайн режимдегі оқыту дегеніміз — интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы. Дене шынықтыру пәнін оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз — интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы. Дене шынықтыру пәнін тағыда вебинар арқылы оқыту дегеніміз — интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы. Оқытудың аталмыш жүйесі білім беру саласын түбегейлі өзгертеді. Яғни, мұғалім мен оқушының арасындағы байланыс өзгереді.

Қазіргі уақытта, ақпараттық технология қарқынды дамып келеді, олар педагогикалық кеңістікте терең еніп, білім беруде кеңінен қолданылады. Видео сабақтар — қазіргі заманғы педагогикалық әдістердің заманауи түрі. Бұл әдістің оқушылардың да, ұстаздардың да білім алу жолында алатын орны ерекше. Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерінің арқасында мұғалімдер арасында онлайн-сабақ, бейне-конференция, жаңашыл сабақтар қолданысқа ие болып тұр. Бүгінде интернет желісіне қосылу үшін көп уақытымызды алмайтын жағдайға жеттік. Интернет желісіне жылдам қосылып, уақытын тиімді қолданып, белсенді жұмыс істеп жүрген заманауи мұғалімдеріміз бар екені белгілі. Дегенмен дене шынықтыру сабаға басқа пәндерден өзгеше. Оқушылар өз бетімен салауатты өмір салтын ұстанып,дене келбетіне көңіл бөліп отыруы қажет.Бұрын оқушы күніне бір немесе екі мезгіл мектепке қатынап соның ішінде аптасына кем дегенде үш рет дене шынықтыру сабағына қатысып белсенді қозғалыста жүруші еді.Қазіргі таңда оқушы тек білім тұтынушы емес, білімді өз бетімен оқып, меңгере алатындай жаңа инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдануы қажет.

Осы қажеттілікті толықтыру мақсатында «жеңілдетілген сабақ» әдісін дене шынықтыру пәнінде қолдануға болады. Бұл білім алушының үйде мұғалімнің алдын-ала жасалған видеосы арқылы жаңа материалды өз бетімен оқып-үйреніп, қашықтан мұғалімнің көмегімен дене шынықтыру пәні бойынша зерттеу жұмыстарын, тапсырмаларын ұйымдастыру процесін жасауға болады. Яғни, үйде — білу түсіну, қашықтан — білімді қолдану көрсету. Мұғалім бұл әдісінде балаларға теориялық материалдан тұратын бейне материалдарды жасайды және оларды электрондық пошта, әлеуметтік желілер, (whatsaap) арқылы оқушыға жібереді. Оқушылардың үй тапсырмасы —

бейнежазбаны көріп, жаңа материалмен таныс болу, ұғыну. Шәкірттер сабаққа келгенде, олар теориялық материалмен танысып, практикалық тапсырмаларды мұғалімнің көмегімен шешуге дайын болады.

Күрделі материал оқушыларға есте сақтауға қиындық туғызады. Осындай жағдайда мұғалімнің де, баланың да осы тақырыпқа қосымша уақыт бөлуіне тура келеді. Видео сабақтың білім алушыға тигізер көмегі — тақырыпты меңгере алмай қалғандығы жайлы мұғалімге айтып отырмай-ақ өз бетімен жұмыс істеп, өзіне ыңғайлы уақытта видео сабақты қосып немесе сол тақырыпта интернет желісінен видео материалдарды көре алады. Ал, мұғалім — осы видео сабақты бір рет қана дайындап қойып, қайта-қайта түсіндіріп отыруға кететін уақытын үнемдейді. «жеңілдетілген сабақ» әдісінің ерекшеліктері: қашықтан оқушыларға, өткен материалды ноутбук немесе ұялы телефон арқылы жетік меңгеруге септігін тигізеді; қабылдау қабілеті баяу оқушыларға осы бейнежазбаны бірнеше рет қарап, қайталап, өз білімін керекті деңгейге жеткізіп алуға көп әсерін тигізеді; қашықтан сабақ өту үрдісінде материалды толық түсінбей қалған жағдайда үйде, көлікте, жалпы интернет желісіне қосылу мүмкіндігі бар жердің барлығында өз қалауынша қосып көре алады.

«Қайталау — оқу анасы» демекші, оқып қайталап отырған ақпаратты жалпы оқушы болсын, үлкен адам болсын есте жақсы сақтайды. Егер ақпарат көзі немесе теория бөлімі ауқымды болса, біріншіден, толықтай қарап шығуы керек. Екіншіден, негізгі ұғымдарды қарап шығуы керек, ал үшіншіден, тағы да қайталап мұқият қарап оқып шығып, бөгде адамға немесе топқа түсінгенін айтып бергені өте қолайлы әдіс. Үш ретті қайталау — қажетті минимум болып саналады.Теорияны үнемі өз бетімен практика жүзінде орындап отыру. Өзі түсініп, сосын басқаға түсіндіріп жеткізген ақпарат есте жақсы сақталады. Видео сабақтардың тек оқушыға ғана емес, мұғалімге де тигізер көмегі бар. Түсірілген видео сабақтардан тақырыпты түсіндіру мен сабақ өту процесін көріп, мұғалім өзінің сабақ жүргізу әдістемесіне және оқу процесінде қалай әрекет ететініне талдау жасайды. Өз-өзіне сырттай қарап баға береді, ұсыныс ұсынады, сыншыл дос бола алады.. Оқушылар келген сілтемемен керекті ақпаратты алып, келесі сабақта сұрақтары болса, қойып немесе тақырыпты меңгеріп келіп отырды. Басында бұл әдіске балалардың алғашқы реакциялары — таң қалу болды. Кейіннен үйреніп алғаннан кейін тіпті бейнежазбадан үзінді болса, оларға материалды меңгеру оп-оңай екенін айтты. Видео сабақты көргеннен кейін оқушылардың көзқарастары мен ойлары туралы пікірлерін білу мақсатында олардан сауалнама алынады. Қашықтық оқу заман талабы. Кез-келген мұғалімнің қолынан келеді. Тек шығармашыл болуы шарт ұстаздың.

# Мұғалімнің жеке тұлғалық кәсіби дамуы

**Р.Ж.Ожанова**
*Алға мектеп-гимназиясының мұғалімі*
*Ақтөбе облысы, Алға ауданы*

Мектептің жаны, мектептің жүрегі — мұғалім. Ахмет Байтұрсыновтың «Мектептің жаны — мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі — білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» деген сөзінде қаншама ой, қаншама түйін жатыр. Расымен де, өмірдегі сан түрлі мамандықтардың ішінде білімділікті, кәсібилікті, тәрбиелілік пен шеберлікті аса қажет ететін мамандықтың бірден-бірі — мұғалім мамандығы. Кәсіби маманның қалыптасуы тек қана кәсібилік пен жеке тұлғалық дамудың бірлігінде ғана мүмкін. Қазіргі білім саласында болып жатқан өзгерістерге назар аударып, өмірдің өз саласында кәсіби маманның көрсеткіштерін анықтау адамның кәсіби қалыптасуы жолында өзін-өзі дамытудың маңыздылығын түсінуге алып келеді. Жеке тұлғаның дамуының басты ішкі механизмі саналылықта, ал адамның өзін-өзі дамытуы субъектіліктің қалыптасуынан пайда болады. Кәсіби өзін-өзі дамыту-адамның кәсіби іс-әрекет сапаларын өзгерту арқылы , іштей прогрессивті түрде өзін-өзі өзгертуі. Өзін-өзі дамытуға жағдайды мұғалімнің өзі ғана жасайды. Өзгемен өзара әрекетте болу ғана өзін-өзі дамыту механизмдерін іске қосады. Мұғалімнің кәсіби өзін-өзі дамытуының алғышарты болып саналады.

Жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту табиғатын қарастыра отырып, бәрінің өзін-өзі сезінуден басталып, сонан соң ғана өзін-өзі анықтау, өзін-өзі дәлеледеу, өзін-өзі іске асыру сияқты процестер дами бастайды. Өзін, өзінің ұмтылыстарын терең түсінбей, өз мүмкіндіктерін дұрыс бағалай алмай , кәсіби мақсаттың айқындығы мен оған жету жолындағы тұтастық пен жүйелілік болмайды. Өзіне мұғалім ретінде қараудың қалыптаспауы, кәсіби өзін-өзі дамытуға кедергі келтіреді.Себебі, мұғалім өзін-өзі сезіну арқылы ғана өз ерекшеліктерінің кемшілігін көріп, мамандық талаптары мен әлеуметтік құндылық талаптарына сәйкес-сәйкес еместігін байқайды. Өзінің кәсіби позициясын анықтап алған мұғалім ғана оны дамытып, осы іс-әрекет кезінде кәсіби өзін-өзі дамытудың субъектісіне айналып, барлығын тұрақтандыруға тырысады.

Осы орайда, «Мұғалім өзі үйреніп, оқып жүргенде ғана өмір сүреді». Бұдан өз кәсібилігін жетілдіру мақсатында үнемі оқып, үйреніп отыратын мұғалім ғана өз іс-әрекетінен ләззат алып, өмір сүре алады дегенді ұғынуға болады. Алға мектеп-гимназиясында мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктерін сезініп, әр мұғалімнің көкейінде жүрген сұрақтарға жауап беру-

де, алдынан кездесетін әр түрлі қиындықтарды өте эмоциональды қабылдауға түрлі кәсіби іс-шаралар өткізіліп келеді. Түрлі коучингтер, семинар-практикумдарды мұғалімдер арасында тұрақты өткізіліп тұрады.

Мысалға, Алға мектеп-гимназиясында өзімнің өткізген «Блум таксономиясын қолданудың нәтижесі» коучинг сабаққа тоқталсам. Бұл коучингтің мақсаты: мұғалімдер Блум таксономиясы арқылы білім дағдыларын қалыптастыруға үйренеді. Коучинг өткізу барысында мұғалімдердің Блум таксономиясы бойынша оқу тапсырмаларын жобалау іс— әрекетін ұйымдастыру; Блум таксономиясын түсіну үдерісіне мұғалімдерді кіріктіру арқылы нәтижеге жету жолдарын түсіну ьарысында коучинг-практикум өтті.

Ең алдымен, «Блум таксономиясын сабақта қолданудың нәтижесі» тақырыбында мәлімет білімді игеруге арналған 6 қадам туралы түсіндірме жұмыстарын жүргіздім. Топқа бөлініп, әр топқа Джигсо әдісі бойынша өз бетінше Блум таксономиясы туралы түсінік алады. Тақырыпты оқып түсініп,, ой түйді. Мұғалімдер өз бетінше материалды меңгеріп тақырып туралы өз ойларын ортаға салады. Диалогты оқыту модулі жүрді. . Диалогтық оқытудың тиімділігін түсіне отырып, топпен жұмыс жасау арқылы бір— бірінің білімі мен идеясын қолдануға, бағалауға, талдауға және өз ұстанымдарын дәлелдеуге үйренді. Әрбір топқа қызанақ пен қияр беріп түрлі әдіс-тәсілдер арқылы заттар жасап шығарып, қорғап шығарды.Блум таксономиясының деңгейлері бойынша сұрақтар мен тапсырмалар үлгілерін дайындау тапсырылды. Блум таксономиясын қолданып, постер құрып, көпшілікке қорғады. «Екі жұлдыз,бір тілек»әдісімен рефлексия жасалып, , «Гүлзарға гүл егеміз» әдісімен кері байланыс жасалды. Сонымен қатар, «Дарынды және талантты оқушыларды анықтау» тақырыбында да коучинг сабағы өтті. Онда мұғалімдер оқушылардың танымдық қабілеттерін анықтауға, олармен қалай шығармашылық жұмыс жасауға жасалатын мүмкіндіктермен өз тәжірибелерін ортаға салды. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді оған жақын жасы үлкендер дұрыс жеткілікті бағаламаса, оның «өзгелер» сияқты болып қалып қоюы мүмкін. Сондықтан дарынды оқушыларды анықтағанда мұғалімнің шеберлігі және мектеп психологының көмегіне жүгіну қажет. Дарынды баламен жұмыс жасағанда оның нәтижелі болуы мұғалімнің біліміне тікелей байланысты. Дарынды ұстаз болған жерде дарынды бала шығады. Осыған орай мұғалім жан-жақты, кәсіби дайындығы терең, өз бойына жинақтаған білімін жастарға үйрете алатын маман болуы шарт.Осындай мектепішілік семинар-практикумдар мен коучингтер арқылы педагог өз жұмысын, өзінің нәтижелерін талдай отырып, педагогикалық жетістіктерін жалпылай және жүйелеп, өзінің мүмкіндіктерін дұрыс бағалап және қиыншылықтарды жеңу тәсілдерін көре біледі. Сонымен қатар одан да жоғары нәтижелерге қол жеткізуге тырысады.

Сондықтан да, өз-өзімізді кәсіби дамыту да, тәрбиелеп жетілдіру де өз қолымызда. Алдымызда қол жеткізетін — мақсат, іске асыра алатын — мүмкіндік те, жағдай да бар. Тек осыны дұрыс жолға салып, биік шыңдардан көрініп, жетістіктерге жеткізетін жастарымыз көбейе берсін.

# Виды дифференцирования на уроках английского языка

**С.А.Сексембаева**
*Преподаватель английского языка*

В настоящее время в области образовании происходят значительные изменения. Предлагается иное содержание, иные подходы, иной педагогический менталитет. Важнейшей составляющей педагогического процесса становится личностно-ориентированное взаимодействие учителя и ученика, но актуальной задачей остается повышение качества образования и воспитания, прочное овладение основами наук, обеспечение более высокого научного уровня преподавания каждого предмета.

В психолого-педагогическом плане образовательные технологии переходят от ориентации на усредненного ученика к дифференцированным и индивидуализированным программам обучения, которые призваны обеспечить специализацию учебного процесса для различных групп детей. Дифференциация обучения является одним из эффективных средств оказания воздействия на личность и формирования ценностных ориентаций учащихся. Но для начала дадим определение понятию дифференциация.

В словаре иностранных слов дифференциация рассматривается как разделение, расчленение, расслоение целого на части, формы и ступени.

Дифференциация — это преподавание одного и того же материала всем учащимся с использованием различных учебных стратегий, и это требует от учителя особого творческого подхода в составлении заданий разного уровня сложности в зависимости от способностей каждого ученика.

Дифференциация обучения — это технология обучения, которая ставит своей целью создания оптимальных условий для выявления задатков, развития интересов и способностей обучающихся. Дифференциация обучения и воспитания основана на различии особенностей личности ученика, его способностей, интересов, склонностей, готовности к образованию. Она должна быть гибкой и подвижной, позволяющей учителю в процессе обучения

подходить индивидуально к каждому ученику и способствовать общей активизации класса. Постоянное осуществление на всех этапах учебного процесса «единства требований» ко всем учащимся без учета особенностей их индивидуально-психологического развития тормозит их нормальное обучение, становится причиной отсутствия учебных интересов.

Дифференцирование учебной деятельности с одной стороны учитывает уровень умственного развития, психологические особенности учащихся, абстрактно-логический тип мышления. С другой стороны — во внимание принимается индивидуальные запросы личности, ее возможности и интересы в конкретной образовательной области.

Отсюда следуют выделить распространенные виды и формы дифференцирования в учебном процессе.

**Виды дифференциации:**

1) по уровню творчества
2) по уровню трудности
3) по объёму учебного материала
4) степени самостоятельности учащихся.
5) по характеру помощи учащимся
6) по индивидуально-физиологическим особенностям
7) по степени обученности
8) по специальным способностям
9) по познавательным способностям

**Основные формы дифференциации:**

**Дифференциации по психологическим особенностям личности**— это учет особенностей познавательных процессов учащихся (память, мышление, внимание)

**Дифференциация по обученности** — это формирование классов по успеваемости.

**Дифференциация по специальным особенностям** — это деление по коммуникативным, музыкальным, познавательным способностям.

**Дифференциация по склонностям и интересам учащихся.** Она проявляется в выполненных творческих или любых по формату задании соответствующих интересам и тематике.

Первостепенной задачей современного учителя является формирование коммуникативной компетенции в обучении иностранному языку, так как иностранный язык, как и родной, это средство общения между речевыми партнерами.

Иностранный язык изучают ученики с различными умственными способностями, различными природными данными, разными интересами. Отсюда делаем вывод, что одной из актуальных проблем методики преподавания иностранных языков является дифференцированный подход в обучении.

Использование данных видов и форм позволяет разнообразить учебный процесс, что повышает качество и интерес изучения иностранного языка. Дифференциация в обучении позволяет учитывать личностные качества каждого учащегося и ориентироваться на личностную индивидуализацию в обучении иностранному языку.

Дифференциация в обучении теснейшим образом связана с индивидуализацией обучаемых.

Личностная индивидуализация в обучении учитывает:

1. Контекст деятельности обучаемого;
2. Жизненный опыт ученика;
3. Сферу интересов, желаний, склонностей;
4. Собственное мировоззрение;
5. Эмоционально-чувственную сферу;
6. Статус личности в коллективе (популярность учащегося среди товарищей, взаимные симпатии для нахождения речевых партнеров, назначение ведущего в речевых группах).

В заключении хочется подытожить, что основными задачами дифференцированного подхода в обучении иностранному языку — это удовлетворение познавательных потребностей и сильных и слабых учащихся с учетом их индивидуальной подготовленности, индивидуальных качеств каждого. А так же дифференцированное обучение детей каждой индивидуально-типологической группы позволяет достигать более высокого уровня развития внимания, восприятия, памяти и мышления школьников. Это повышает активность ребёнка на уроке, его интерес к предмету, стремление к самостоятельной работе.

# Балалар тілінің екпіндік мәнерлігін қалыптастыру

**А.К.Тлеубергенова**
*№3 «Балауса» бөбекжай-бақшасының әдіскері*
*Мұғалжар ауданы*

**Мақсаты**: Театр әр балаға қуаныш, қызық ұмтылыс әсер сыйлайды. Балалардың эстикалық талғамын, қиялын және сөйлеу мәнерін дамытады. Байланыстырып сөйлеулерін қалыптастырады және өмірлік оң көзқарасқа тәрбиелейді.

**Міндеті**: -театрландырылған қойылымдар арқылы балалар тілін дамыту;

-сөздік қорларын байыту;

-ауызша сөйлегенде дыбыстарды анық айтуға үйрету;

-кейіпкерлердің іс-әрекеттерімен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу.

Тіл-ұлт ерекшеліктерінің бірі. Тіл мәдениеті — адамның сәби шағынан іске асады. Келе-келе біртіндеп жетіліп отырады.

Баланың өмірлік тәжірибесін дамыту, айналадағы дүниеден алған әсері арқылы дамып отырады. Баланың тілін дамытуда балабақша тәрбиешілері өз жұмыстарын аянып қалмайды.

Оқу жылының жоспарын жасағанда әр тәрбиеші баланың жақсы және толық сөйлеуіне, білуіне, сөздік қорларын дамыту, ой өрісін кеңейту жұмыстарын өздерінің жоспарларына кіргізіп, сол бойынша жұмыс жасайды. Балалар тілінің дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады.

Барлық балалар театрды тамашалағанды жақсы көреді. Балалардың тілін дамытуға театрдың орны ерекше.Театры баланың дүние танымын қалыптастыруды, үлкен рөл атқарады. Балалар әртістермен бірге күліп бірге жылап отырып, өздерін мазалап жүрген көптеген мәселелердің шешімін табады. Бүгінде балалардың дамуына үлкен ықпал ететін көптеген балаларға арналған театрлар өте көп және осы театрлардың құпияларын ашатын болсақ:

-тілін дамытады, себебі балалардың қолдарының саусақтарының жетілуімен орталық мидың тілдің дамуына жауапты бөлігіне әсер етеді.

Балаларға арналған театр түрлері: қуыршақ, саусақ, көлеңке, ойыншықтар театрлары.

Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттерімен міңіз-құлықтарын береді дәне ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттерін қалыптастырады.

Сондықтан да, театр қойылымдары балабақша тәрбиеленушілері үшін маңызын еш уақытта жоймақ емес.

Қазір балабақшаларда балалармен ертегілер мен әдеби шығармаларды рөлмен ойнау, қойылымдар қою жұмыстары жақсы жүргізілуде. Дегенменде осы жұмыстарды жүргізуде кездесетін қиындықтар мен қайрама-қайшылықтарда жоқ емес. Олардың ең негізгісі қазақ ертегілерінің кейіпкерлерінің қуыршақ театрына арналған қуыршақ киімдерінің жоқтығы.

Ертегілердің балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты іріктелінбегендігі. Қазақ жазушыларының балалар жасына арналған шығармаларының аздығы.

Балаларға ертегіні өлең шумақ ретінде берілсе балалар тез түсініп, тез рольмен ойнар еді, тез тіл байлықтарыда молайар еді.Театр әр балаға қуаныш, ұмтылыс әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуімен қиялын дамытады. Кезінде орыстың ұлы ақыны сахнаны «сыйқырлы өлке » деп атаған.

Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеумен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде театр ерекше роль атқарған. Сахналандырылған ойындар желілі рөльдік ойындардан тек желілі ғана емес, сондай-ақ ойнау іс-әрекетінің сипатымен ерекшеленетіні айқындалды. Сахналандырылған ойындар ойын-қойылымдары болып саналады. Өйткені олар әдеби шығармалар түрінде белгілі -бір мазмұнға ие, сондықтан балалар кейіпкерлерді ойнайды. Онда нағыз театр өнерлеріндегідей айшықты құралдар көмегімен –дауыс ырғағы, бет әлпетінің өзгеруі, қол қимылдары, дене бітімінің жағдайы мен жүріс-тұрысы арқылы нақты бейнелер қалыптасады.

Балалар өздігінен театр ойындарын өз бетінше ойнамайды. Олардың қызығушылықтарын, тәрбиешінің ұсынысы бойынша және басқаруымен болатын сахналау ойындары арттырады. Бірінші балалар тәрбиешінің көмегімен халық әндерімен кішігірім тақпақтарды, жұбату өлеңдерді, кіші сахна көріністерін ойнаса, екінші театрдың ойыншықтарын пайдалана отырып, мұны одан әрі жалғастырса, одан кейін сахналау көріністеріне көрініс койдыру керек.

Сахналық ойындар балалардың ой-өрісін кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, спектакль туралы ата-аналарына жолдастырына әңгімелеп беруге итермелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге, өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жүргізуге себебін тигізеді.

Ертегілер дүниесіне сапар шегу балалардың қиялдау, елестету, тіпті өздерін ойдан шығару кабілетін дамытады. Әдебиеттің ең озық үлгілерінің адамгершілік рухында тәрбие алған балалар өздері шығарған ертегілерімен әңгімелерінде өздерін әділетті көрсетіп, әлсіздермен жауыздарды жазалауға тырысады.

Бала тәрбиесінде әр түрлі театрдың алатын орны ерекше.

Балалар театрының бірнеше түрлері бар.

Ең көп тарағаны –қуыршақ театры. Қысқа тақпақтарды жаттап, оны өзіне орындау кезінде бастап-ақ кішкене көлемді спектакльдер ойнала бастайтыны белгілі. Балаларға арналған көркем шығарманы оқыту неғұрлым дұрыс ұйымдастырылса, мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық талғамын дамыту соғұрлым табысты болады.

Бірінші кезеңінде балалар ұжым болып ертегіні таңдайды.

Екінші кезеңде ертегінің барлық мәтінің бір балаға айтып беруі сұралады.

Үшінші кезеңде ертегідегі қуаныш және қорқыныш сезімдерін тауып айтады.

Төртінші кезеңде рөлге бөліп ойнайды.

Қорыта келгенде, театр балалардың көркем қабілеттерінің жетілдіріп қана қоймай оларды тұлға аралық қарым-қатынасқа, өнерге деген қызығушылықтарын арттырады және балалардың толық нақты және көркем сөйлеуіне тәрбиелейді. Театр-балалар үшін мереке демалыс орны болса, ал тәрбиеші үшін үлкен табыс.

# Балалардың әлеуметтік бейімділігін дамытудағы әсер ететін факторлар

**А.ТУРЕБАЕВА**
*№2 Мәртөк мектеп-гимназиясының әлеуметтік педагогы*

Еліміздің қоғамдық әлеуметтік өміріне нарықтық қатынастардың енуіне байланысты өзгеріске түскен саяси, экономикалық, әлеуметтік мәдени, рухани жағдайлар жас ұрпақты тәрбиелеу мәселелерін жаңаша ойластыруды талап етеді. Осыған байланысты еліміздің даму стратегиясына сай жас ұрпақтың рухани байлығын одан әрі жетілдіруге, әлеуметтік қорғауға ерекше мән берілуде. Біздің мақсатымыз бала жанын түсіну, сезімін, көңіл-күйін, ықыласын, тілегін, қажеттілігін сезіну, оқушының тұлғасын қалыптастыру және дамытуда оны әлеуметтік тұрғыдан қолдау. Бүгінгі таңдағы оқушылардың қоғамға әлеуметтік ортаға бейімделуі, әлеуметтенуіндегі қиыншылықтар, оның тұлғалық қасиеттерін зерттеуге, зерттеу нәтижесінде түзету жұмыстарын жүргізуге, өмірдің қиын жағдайынан шыға білуге ықпал етуге қажеттіліктерінен туындап отыр.

Баланың әлеуметтік қалыптасуы мен дамуына әсер ететін факторлар: отбасы, орта және тәрбие. Бейімдеу барысында мына жағдайларды ескеру қажет:

- баланың таңдау еркіндігін қолдау. Сіздің көзқарасыңызға сай келмейтін болса да баланың шешімін сыйлау қажет;
- баланың дамуына және жеке тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік беретін жағдай туғызу;
- мақсатты әлеуметтік қолдау көрсету. Көпбалалы, табысы аз отбасына, мүгедек, жетім балаға, өмірде қиын жағдайға тап болған балаларға көмектесу.

Мектептегі әлеуметтік қызмет барысында оқушының толыққанды дамуын, жан-жақты дамыған тұлғаның қалыптасуын, материалдық жағдайларының жақсаруын және баланың оқуына қолайлы жағдай жасалуы керек. Осы бағытта оқушыларды толықтай оқуға тарту, мүмкіндігі шектеулі балалармен және тұрмысы төмен, көпбалалы отбасынан шыққан, жетім, қамқорлықтағы балалар үшін ыстық тамақты ұйымдастыру, мәдени іс-шараларға қатыстыру, сайыстарға, жазғы демалыс орындарына тарту, «Мектепке жол» қайырымдылық акцияларын өткізіп, көмек көрсету жүзеге асырылады.

Аталған факторларды ескере отырып, балаларды қоршаған ортаға бейімдеп, өзін еркін ұстауға, басқа балалардан ерекшелігі жоқ екенін ұғындыру керек. Әрбір бала бақытты, мейірімге бөленіп өсуі қажет.

# «Мейірімділік - ең тамаша қасиет» тренингі ( Педагогтармен)

**Н.М.Шамшина**
*Бестамақ «Болашақ» балалар бақшасының психологы*
*Алға ауданы*

**Мақсаты**: Тәрбиешілердің «мейірімділік», «қайырымыдылық», «құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту. Мейірімділіктің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру;

Өзара сыйластық қарым қатынастарын дамыту;

**Шаттық шеңбері**

— Қолдарыңды жүрек тұсына бір сәт қойып, дүрсілін тыңдап көріңдерші. Сендердің жүректерің мейірімге, қайырымға, махаббатқа, жылы сезімге толы. Адам бойындағы бар жылу мен мейірім жүректен шығады. Енді осы жүректен алған жылуымызды түсіріп алмайтындай қимылмен (қолымызды бірден төмен түсірмей, оң жағымызда тұрған баланың сол қолын қысайық) бір –біріміздің қолымызды қысайық, осылайша жүрек жылуын бір-бірімізбен бөлісейік .

**Әңгімелесу**

Мейірімділікті қалай көрсетуге болады?

Өздеріңе мейірімділік көрсеткен кезде қандай сезімге бөленесіздер?

**«Мейірімді жүрек»** жаттығуы

**Ойынның шарты:** Қатысушылар үлкен шеңбер құрып отырады. Ойын бастауышы жүрекшенің үлгісін қолына ұстап тұрып:

« Мейірбандық жүрегім, адамдарға бақыт шаттық тіледі» — деп айтады

Басқалар да осы өлең жолдарын қайталап айтады да, қасындағы көршісіне оның жақсы қасиетін білдіретін сөздерді айтып жүрекшені ұсынады.

**«Мейірімділік жібі» жаттығуы**

Шарты: Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда тұрған адамға беремін, жәй бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер.

( Қатысушылар бір-бірлеріне жіпті беріп, тілектер айтады. Соңғы тәрбиеші жіп орамын жүргізушіге беріп,өз тілегін айтады)

-кәнекей, қолымызды жоғары көтерейік. Жіп орамы арқылы біз тілегіміз бір болып, бір тұтас болғанын көріп отырмыз. Бізәрқашандабіргеміз. Жақсыістержасауғадайынбыз.

# Г.Альтшуллер технологиясы бойынша «Луллия сақиналары» сандық білім берудің мазмұнын презентациялар арқылы ұйымдастырылған оқу қызметінің құрылымы

**С.О.Шинтасова**
*Бестамақ «Болашақ» балалар бақшасының тәрбиешісі*
*Алға ауданы*

МДҰ оқу мен тәрбиелеудің алғашқы міндеттерің бірі — мақсаттылықпен шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, өмірді басқаша қабылдау, балалардың жаңаша ойлауды дамыту.

Тәжірибеден көрім отырғандай, жұмыстың дәстүрлі формаларын қолдана отырып толықтай бұл мәселені шешу мүмкін емес. Жаңа формаларды, әдіс пен технологияларды қолдануымыз қажет.

Біздің ойымызша, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін тиімді педагогикалық технология авторы ресей ғалымы, жазушы-фантаст Генрих Саулович Альтшуллердің технологиясы болып табылады.

Мектепке дейінгі дамытуда қалыптасқан амалдан технологияның басты ерекшелігі — бұл үлкендерің айтқанын қайталау емес, керісінше балаға өздігінен сұрақтарға жауап табуына, тапсырмаларды шешуге, талдауға, мүмкіндік беру.

Алғашқыда технология техникалық есептердің шешілін табуға көмек беру үшін жасалынды және ойлауды дамытуға, икемділікке, логикамен құруға және бірегейлікке ықпал жасады.

Г.С.Альтшуллер технологиясы көп уақыт бойы жас техниктер станциясында балалармен жұмыста үлкен табыспен қолданып келді, сонда оның екінші бөлімі— шығармашылық педагогика, ал содан кейін және жаңа тарау ТРИЗ — шығармашылық тұлғаның даму теориясы пайда болды.

ТРИЗ –дің ең жақын мектепке дейінгі өкілдері бұлар ғалымдар:В.Ф.Богат, А.М.Страунинг, М.Н.Шустерман болса, осылардың ғылыми мақалалары, әдістемелік жасалымдары мен кітаптары мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қолданып жүрген бағдарлама мен технология негіздеріне салынды. М.Н.Шустерманның «Колобоктың жаңа оқиғалары немесе ересектер мен балаларға арналған ойнау ғылымы» еңбегі.

**Г.Альтшуллер әдісі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі 4 кезеңнен тұрады:**

**Бірінші кезең -мәнін іздеу:**

Бала алдына шешуді қажет ететін міндет қойылады.Әр баланың өзінің жанұясы бір айға демалысқа кетіп жатыр, гүлдерге кім су құяды? Сағат болмаса уақытты қалай білуге болады?,сонымен бірге ойдан шығарылған , ертеңгілік болуы мүмкін (мысал, патша сарайынан ең ақылды адамды қалай табуға болады? Сүзгіш арқылы суды қалай тасымалдауға болады? ).

**Екінші кезең-«екіліктің құпиясы».**

Екі бір-біріне қарама –қайшы ақиғатты түсіну және айқындау. Мысалы, күн— бұл жақсы және жаман.Жақсы— ол жылылықты береді, жаманы-ол күйдіріп жіберетіні.

**Үшінші кезең— ойын және ертеңгі арқылы қарама-қайшылықты шешу.**

Мысалы, жаңбырдан қорғану үшін ұлкен қолшатыр керек. Бірақ үлкен қолшаттыр сөмкеге симайды, яғни кішкентай қолшаттыр керек. Амалы -жиналмалы қолшаттыр.

Төртінші кезең— шығармашылық елестету мен ойлауды дамытуға бағытталған.Енді бала өздігінен бұрын орындамаған жаттығуларды, сонымен қаттар қарама-қайшылық кездесетін ертегілерді ойлап табу керек.

Г.Альтшуллер технологиясында үлкен құндылықты ТРИЗ-ойындар құрайды. Мысалыға бірнешеуін келтірейік.

Ойын « Не-ол-бірдеңенің бөлігі-сол».

Осы ойынның шарты ойын телехабарынан алынған. 12-16 бөліктерден тұратын қиылған заттың суреті қажет болады. Сурет келбеті үстелде орналасады. Ойын телебағдарламадан алынған. 12-16 бөлшектен тұратын затты картина керек. Картинканың оң беті төмен қарап жатады. Балалардың сұрауы бойынша кез келген бөлігі ашылады. Балалар оны жан-жақтан қарап, неге ұқсайтынын болжайды, тағы қандай заттарда осындай бөліктер кездеседі. Қашан барлығын айтып болған соң, келесі бөлігін ашады. Суреттегі бейнені тапқанша осылай жасай береді.

**«Жақсы-Жаман» ойыны**

Мақсаты: қоршаған ортадағы заттар мен объектілердегі жағымды және жағымсыз жақтарын ажырата білуді үйрету.

**Ойын ережесі:**

В:Кәмпитті жеген-жақсы. Неге?

Д: Себебі, ол тәтті.

В: Кәмпитті жеген-жаман. Неге?

**«Кішірейту және ұлғайту (3-жастан бастап)».**

**Ойын мақсаты:** балалардың сөздік қорын молайту, жұрнақтар арқылы сөздер жасауды үйрету: -ок,-чик, -чек, -ище.

Ойын ережесі. Айтыныздаршы: «мен сіздерге бір нәрсені немесе біреуді айтамын, ал сіздер оны кішірейтіңіздер». Мысалы, саңырауқұлақ — саңырауқұлақша, орындық — орындықша, парақ — парақша.

Балалардың дұрыс жауап берудің орнына айтқанын қадағалаңыз: қоян емес — қоянның баласы, ал қоян— көжек; сиыр емес — бұзау, ал сиыр — кішкентай сиыр. Осылай кері бағытта да жасауға болады. Ересек адам «кішірейгенін» айтса, бала оған кәдімгі нұсқасын айтады. Осындай ойындарды «ұлғайтқыш жұрнақтармен» жүргізуге болады: кот-котище, урок-урочище.

Жұмбақтар, ойындар, сұрақтардан басқа бұл технологияда Луллия сақинасы қолданылады. Идея авторы Раймунд Луллий — каталандық миссионер, ақын, философ әрі теолог, европалық Орта ғасыр ойыншылдарының бірегейі және ең беделдісі.

**Қорытынды:** Г.Альтшуллердің ТРИЗ технологиясы — өзінің ғылыми аппараты, тармақталған құрылымы, ерекшеленен адымдары және заңдылығы бар күрделі пән (дисциплина).Басқа да ғылым сияқты, балабақшада берілген технология тек ғана қарапайым, оңтайландырған түрінде, негізгі ұғымдармен алғашқы танысу деңгейінде берілуі мүмкін. Соған байланысты технологияның сипаты сәйкестендірілген терминологияны ерте меңгеру ғана емес, шығармашылық ізденісті ынталандыратын біздің балаларымыздың қызметі және өмірдің көпжақтылығын қамтамасыз ететін тапсырмалармен қамтамасыз ету.

*«Үздік сабақ»*

# Бізді қоршаған орта

**Ж.К.Абрашева**
*Қандыағаш қалалық №2 ЖББ ОМ*

| **Сабақтың мақсаты:** | ***Барлық оқушылар үшін:*** |
|---|---|
| | Мәтінде көтерілген мәселені талдай отырып ,негізгі ойды анықтау. |
| **Құндылықтарға баулу:** | «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы бойынша «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына баулу. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/ Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы Қызығушылықты ояту 7 мин. | Ұйымдастыру кезеңі: **(Ұ)**Оқушылардың бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастыру. Мақсаты: оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру. Тиімділігі: оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады. | | | |
| Жаңа сабаққа кіріспе  | (Ұ) «Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастырының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.* | Он сегіз мың ғалам. Он сегіз мың ғалам, жалпы ғалам дегенді қалай түсінесіңдер | Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. Тиімділігі: оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | ҚБ: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>Мағынаны ашу.<br>26 мин. | **№2-тапсырма:**<br>Кім жүйрік<br>Кім көп табады ойын ойнап көрелік. | Сұрақтарға жауап береді. Өз ойын сызбаға түсіреді. | **Дескриптор:**<br>**Жалпы – 3 балл.**<br>-Мәтінді оқиды.<br>- Отбасылық құндылықтарға не жататынын сызбаға түсіреді. | Оқулық, жұмыс дәптерлері, ДК |
| | **№3-тапсырма:**<br>Есімді және етістікті сөз тіркестерін құрап жазыңдар. | 1.Етістікті сөз тіркестерін грамматикалық негізі,етістікті табады.Есімді сөз тіркестерінің грамматикалық байланыс амалы сөздердің орын тәртібін табады. | **Дескриптор:**<br>**Жалпы – 4 балл.**<br>- Мәтінді тыңдайды.<br>-стилін анықтайды.<br>-Сұрақтарға жауап береді. | Оқулық, жұмыс дәптерлері, ДК. |
| Сабақтың соңы<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия<br>7 мин.<br> | **«Аяқталмаған сөйлем» әдісі.**<br>Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br>**Мақсаты**:Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>**Тиімділігі**:Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>**Саралау**: Бұл кезеңде саралаудың **«Қорытынды»** тәсілі көрінеді. | Жеке жұмыс: - бүгінгі сабақта мен....түсіндім, ...білдім, ....көзімді жеткіздім.<br>- бүгін сабақта қуантқаны.....<br>- мен өзімді.....үшін мақтар едім.<br>- маған ерекше ұнағаны.....<br>- сабақтан соң маған........келді<br>- бүгін маған......... сәті түсті.<br>- қызықты болғаны....<br>- ......қиындық тудырды.<br>- менің түсінгенім.....<br>- енді мен......аламын. | Мұғалім оқушыларды «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалайды.<br>Жарайсың!<br>Жақсы!<br>Талпын!<br>*Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.* |  |

| Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз? | Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |
|---|---|---|
| «Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу».<br>Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды. | «Мадақтау сөз» әдісі. 1-10 баллдық жүйе бойынша бағаланады. | Денсаулық сақтау технологиялары.<br>Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын.<br>Осы сабақта қолданылатын<br>Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады. |

**Жалпы бағалау**

Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.

1:

2:

Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.

1:

2:

Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?

1:

2:

# «Қазақтың бас театры»

**К.А.Айтишева**
*№2 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі*

| | |
|---|---|
| **Сабақтың мақсаттары** | **Барлығы**: Мәтінен алынған дәйексөздерге ,үзінділерге сүйене отырып, көтерілген мәселені болжайды:<br>**Көбі**: Көтерілген мәселелерді анықтайды, үзінділерге талдау жасайды<br>**Кейбірі**: мәтінен алынған дәйексөздерге ,үзінділерге сүйене отырып, көтерілген мәселені болжайды, жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшеліктеріне сай қолдананады. |
| **Бағалау критерийлері:** | Мәтіннен дәйексздерді табу,көтерілген мәселені болжау<br>Жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшеліктеріне қарай талдау; |
| **Құндылықтар** | Құрмет,отансүйгіштік,үздіксіз білім алу |
| **Пәнаралық байланыс** | тарих |
| **Тілдік мақсаттар** | **Пән лексикасы және терминология:** мәдениет орталығы,өнер, комедия,трагедия, шымылдық,көрермен, сахна, қойылым, пьеса, актерлер, дарын<br>**Мәтін талдау барысында қолданылатын тіркестер:** Менің ойымша...; Салыстыра қарағанда...; Өмірмен байланыстыратын болсам...; Бұл оймен келісемін/ келіспеймін, себебі...<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>**«Адам бүгін театрғаертең адам болып қалу үшін барады» деген Робер Лепаждың сөзін қалай түсінесіңдер?**<br>**Театр өнерінің адам өміріндегі маңызы қандай?**<br>**Сен қаншалықты театрға жиі барасың?** |
| **Осыған дейінгі меңгерілген білім** | Қайталауға арналған сұрақтар |

## Жоспар

| Жоспарланған уақыт | Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер | Дереккөздер |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Тыңдалым алды:<br>Суреттерге назар аударыңдар,театрға қатысты сөздерді оқыңдар: мәдениет орталығы,өнер, комедия,трагедия, шымылдық,көрермен, сахна,қойылым,пьеса,актерлер,дарын<br> | Тақырыпқа қатысты суреттер |
| Сабақтың ортасы | **Тыңдалым кезі:Мәтінді мұқият тыңдардар**<br>Театр ойын - сауық орны. Мұнда ойын - сауықтан басқа драмалық шығармалар, мәдени шаралар да өтеді. Театр ең алғаш Грецияда ашылған. Қазақ театр өнері ежелден келе жатқан салт - дәстүрлерімізге негізделген. Үйлену салты, шілдехана тойымен байланысты өтетін ойын - сауықтар, ақындар айтысы, т. б. дәстүрлеріміз театр өнерінің алғашқы көріністері болған.Кейін халқымыздың талантты өнерпаздары шағын труппалар құрып, ел аралап, жәрмеңкелерде өнер көрсеткен. | 1)Жат жер<br> |

| | | |
|---|---|---|
| | 1917 жылы Ойқұдық жайлауында (қазіргі Семей облысы, Абай ауданында) М.Әуезовтің «Еңлік - Кебек» трагедиясы тұңғыш рет қойылды.Кейіннен 1925 жылдың аяғында Қызылорда қаласында тұңғыш музыка театры ашылды. Театр шымылдығы 1926 жылы ақпанның 13 - де М. Әуезовтің «Еңлік - Кебек» трагедиясымен ашылды.<br>Театр алғаш рет құрылған жылы онда Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев, Қалибек Қуанышбаев, Елебек Өмірзақов, Серке Қожамқұлов, Жұмат Шанин, Шара Жиенқұлова және тағы басқа өнер тарландары қызмет етті. Олар театр тарихына өшпес із қалдырды. 1934 жылы қазақ драма театрының құрылуына негіз болды. Бұрынғы қазақ музыкалық театрының орнында қазір Н. Бекежанов атындағы облыстық театр ғимараты тұр.<br>Бұл күнде Қазақстанның барлық облыс орталықтарында драма театрлар ашылды. Соңғы жылдары театр репертуары байи түсті.<br>**Тыңдалымнан кейінгі тапсырма:**<br>Театр ең алғаш ... ашылған.1917 жылы Ойқұдық жайлауында М.Әуезовтың .... түңғыш рет қойылды.<br>Кейңнен 1925 жылдың аяғында.... тұңғыш музыка театры ашылды.Тетр шымылдыңы ... М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек» театрымен ашылды.Театр алғаш рет құрылған жылы онда ...,....,....,....,және тағы басқа өнер тарландары қызмет етті.<br>**МӘТН Жай сөйлем және оның түрлері**<br>Өнер туралы мақалдарды оқып, түсіндіру.<br>1. Ақыл көпке жеткізер,<br>Өнер көкке жеткізер.<br>2. Өнерлінің өрісі ұзақ.<br>3. Өнерлі жігіт өрде озар,<br>Өнерсіз жігіт жер соғар Оқулықпен жұмыс.<br>155-бет.2-тапсырма (А)<br>Дескриптор: мақалдарды түсіндіреді,сөздерден жай сөйлем құрастырады.<br><br> | |
| **Сабақтың соңы** | Рефлексия.Сабақ соңында білім алушылар күтілетін тәтижеге рефлексия жүргізеді.<br>Сабақ барысында не үйрендің?Нені түсінбедің?<br>Үйге тапсырма: «Керек дерек», «Менің сүйікті спектаклім» мақала жазу<br><br> | |

# Табиғи ресурстар.
# Бірыңғай толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш



**А.А.Арыкова**
*Мектеп №2ММГ*

| | |
|---|---|
| **Оқыту мақсаттары** | 8.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушылар:**<br>Тыңдалым мәтінінен негізгі және қосымша ақпаратты тауып, астарлы ойды анықтайды. Мәтіннің мазмұнын түсінеді, сұрақ қою арқылы нақты ақпараттарды табады. Тақырыпты меңгереді.<br>**Оқушылардың басым бөлігі:**<br>Тақырыптың маңызы туралы дәлелдеп айтып бере алады. Мәтіннің мазмұнын түсінеді.<br>**Кейбір оқушылар:**<br>Мәтіндегі ақпаратты пайдалана отырып, ой тұжырымын жасайды. Білімді сыныптастарына түсіндіріп оқулықтан тыс ресурстар қоса алады. |
| **Бағалау критерийлері** | - жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады;<br>- мәтін мазмұнын түсінеді;<br>- негізгі және жанама ақпаратты анықтайды.<br>- астарлы ой туралы пікірін дәлелдейді;<br>- сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады; |
| **Құндылықтар** | Сабақ барысында қамтылатын білім беру құндылықтары:<br>➢ Тіл және мәдениет<br>➢ Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет<br>➢ Ынтымақтастық<br>➢ Жауапкершілік |
| **Акт қолдану дағдылары** | Интербелсендітақтавизуалдыматериалдыдемонстрациялауғақолдану |
| **Тілдік мақсаттар** | <u>Тақырыпқа байланысты сөздер мен терминдер:</u><br>Қуат көзі, баламалы қуат көзі, энергия, болашақ энергиясы, жел, күн<br>Диалог және жазылымға пайдалы тіркестер:<br>Менің анықтамам...<br>Мен ойлаймын...<br>Менің ойымша.....<br>Мен келісемін... |
| **Пәнаралық байланыс** | география |
| **Жоспар** | |

<table>
<tr>
<td>Жоспарланған уақыт</td>
<td>Жоспарланған әрекеттер<br>Ұйымдастыру<br>Амандасу. Түгелдеу. Топқа бөлу.<br>3 түрлі кәмпит арқылы топқа бөлу. (1-топ: «Болашақ Қазақстан» 2-топ: «Энергия ресурстары» 3-топ: «Табиғи ресурстар»)<br>Өткен тақырыпты доп лақтыру арқылы еске түсіру. (Қазақстанның қазба байлықтары)<br>Әр топтан екі оқушы өткен сабақ бойынша есте қалған мәліметті айтады. Айтып болған соң келесі топқа допты береді.<br>Ой қозғау. Тақтаға назар аударайық. Мұғалім оқушыларға суреттер топтамасын ұсынып, бөлімнің тақырыбына болжам жасатады.</td>
<td>Ресурстар</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың басы<br>5 минут<br><br>2 мин<br><br>Сабақтың ортасы</td>
<td> <br> <br>1. Мына суреттерде қандай ұқсастық бар?<br>2. Ал айырмашылығы неде?<br>3. Бұл суреттерді не біріктіреді?<br>4.Бүгінгі тақырыбымызды қалай атаймыз?<br>Дұрыс бөлімнің тақырыбы «Қоршаған орта және табиғат ресурстары» болады. Сабақтың тақырыбы анықталған соң, оқушылар сабақтың мақсаты және бағалау критерийлерімен таныстырылады.<br>Сабақтың эпиграфы: «Адамның табиғатсыз күні жоқ,оны айтуға табиғаттың тілі жоқ.» Расында, адам табиғатпен тығыз байланысты.Бүгін біз табиғи ресурстар туралы сөйлесеміз,әр түрлі тапсырмалар орындаймыз.<br>Ендеше табиғи ресурстар туралы шағын бейнеролик тамашалайық.<br>Тыңдалым тапсырмасы. «Энергия үнемдеу және оны арттыру жолдары» тақырыбында бейнеролигі бойынша негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңыз. Астарлы ойды табыңыз.<br>1-тапсырма
<table>
<tr><td>Негізгі ақпарат</td><td>Қосымша ақпарат</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Астарлы ой:</td><td></td></tr>
</table>
Бағалау. Жұптар бір-бірінің жұмысымен алмасып, дескрипторлар бойынша бағалайды.<br><br>Дескрипторлар
<table>
<tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Дескрипторлар:</td></tr>
<tr><td rowspan="3">тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау</td><td>Мәтіннің мазмұнын түсінеді.</td></tr>
<tr><td>Негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды.</td></tr>
<tr><td>Астарлы ойды табады.</td></tr>
</table>
</td>
<td>Түрлі түсті кәмпиттер<br>доп<br>Презентация</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| 5 минут<br>10 мин<br>10 минут<br>3 мин<br>Сабақтың соңы<br>5 минут | **2-тапсырма**<br>**Оқушылар берілген сөздерге талдау жасайды, мәнін ашады.**<br>ЭКСПО – сөзін топтастыру.<br>Үнемдеу- шағын эссе жазу<br>Сарқылмайтын - постер қорғау<br>**Дескриптор:**<br>● Берілген сөздерге талдау жасайды<br>● Қорытынды жасай алады<br>**3-тапсырма**<br>**Сөйлемдегі көп нүктелердің орнын синоним сөздермен толықтыр.**<br>Адам баласы табиғатты,.... қорғайды.<br>Табиғаты сақталған,...... халықтар ұзақ өмір сүреді.<br>Біз қоршаған ортаға мұқият, .... қараймыз.<br>*Сөйлемнен қандай бірыңғай мүше көрдің? Оған қандай сұрақтар қоясың?*<br>**Дескриптор:**<br>● Синонимдерін табады<br>● Бірыңғай мүшелерді ажырата алады<br>**Сергіту сәті.**<br>Караоке.<br>Қуандық Рахым Жан досыма<br>**4-тапсырма**<br>**Ортақ сөзді табу.**<br>Анықтауыш , пысықтауыш, толықтауыш- (сөйлем мүшелері)<br>Күн, жел, ауа – (табиғи ресурстар)<br>Көмір, алтын, мұнай- (пайдалы қазбалар)<br>**Дескриптор:**<br>Ортақ сөзді табады<br>**5-тапсырма**<br>123- бет, 3 тапсырма (А)<br>Бірыңғай мүшелерді сөйлем мүшелеріне ажырату.<br>**Дескриптор:**<br>● Бірыңғай мүшелерді ажырата алады<br>● Қорытынды жасай алады.<br>**6-тапсырма**<br>**«Синквейн» стратегиясы (бұлақ , күн, ауа) (дәптерге жазу)**<br>1.Зат есім: Бұлақ<br>2.Сын есім: таза<br>3.Етістік: ағады<br>4.Сөз тіркесі: таза бұлақ<br>5. Сөйлем: Таудан таза бұлақ ағады.\\<br>**Дескриптор:**<br>Сөз мағынасына түсінік береді<br>Ойын жүйелі жеткізеді.<br>**Үй тапсырмасы:** 123- бет, 3 тапсырма, ереже.<br>Кері байланыс: Екі жұлдыз бір тілек. | бейнеролик<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Кесте қағаздар<br><br><br><br><br><br><br>Постер қорғау |

# Ы.Алтынсарин. «Қыпшақ Сейтқұл» әңгімесі

**А. Ж.Бекмурзина**
*Қорғантұз ЖОББМ*
*Шалқар ауданы*

| | |
|---|---|
| **Сабақтың мақсаты** | Барлығы орындай алады: әңгіменің тақырыбы мен идеясын анықтайды.<br>Көпшілігі орындай алады: кейіпкерлер образын портреті мен іс-әрекеті, сөзі, ішкі ойы арқылы ашады.<br>Кейбірі орындай алады: кейіпкер образына қатысты өзіндік пікір танытады. |
| **Бағалау критерийі** | 1. Әдеби шығарманың идеясын өз көзқарасы негізінде түсініп, идея негізінде шығарманың тақырыбын анықтайды.<br>2. Кейіпкерлер портреті мен іс – әрекетіне талдау жасайды, кейіпкер образына қатысты өзіндік пікір танытады. |
| **Тілдік мақсаттар** | Пәнге қатысты терминдер: әңгіме, сюжет, портрет.<br>Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:<br>● Сейітқұл елі үшін қандай ой ойлады? Оған ерген халық қандай кәсіппен айналыса бастады?<br>● Сейітқұл бастаған елге басқа халық не себепті қосылды?<br>● Сейітқұлдың ағасы бай болу үшін не істеді? Соңында тағдыры қалай аяқталды?<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>Ыбырай Алтынсариннің басқа қандай шығармаларын білесіңдер?<br>Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармаларына байланысты деректерді қосымша материалдарға сүйенен отырып, толықтырыңдар.<br>Не себепті қазақ әдебиетінде XIX ғасырдың басында ағартушылық бағыт дамыды? Олардың ірі өкілдері кімдер болды? |
| **Құндылықтарға баулу** | ✓ Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау<br>✓ Өзгелердің мәдениетіне, көзқарастарына құрметпен қарау<br>✓ Жауапкершілік, достық.<br>✓ Бауырмалдылық және айналадағыларына қамқорлық көрсету.<br>Құндылықтарға баулу топтық, жұптық жұмыстарға бағытталған тапсырмалар арқылы іске асырылады. |
| **Пәнаралық байланыс** | Сабақта АКТ – ны қолдану арқылы информатикамен, заман шындығы туралы мәлімет беретін тарих пәнімен байланысады, сабақтың жеке тұлғаны дамытуға бағытталуы өзін-өзі танумен ұштасады. |
| **Алдыңғы білім** | Оқушылар автор туралы мәлімет біледі, әңгіме мазмұнын меңгерді. |

| Сабақ барысы | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | Ресурстар |
| Сабақтың басы | **Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.**<br>**«Мені таны» тренингі**<br><br>Оқушылар шеңбер бойына тұрады және әркайсысының қолына стикер таратылып беріледі. Оқушылар стикерлерге өз бойындағы 3 түрлі жақсы қасиетін жазып, парақшаларды бүктеп, бір қорапқа салады. Қораптың ішіндегісі араластырылады және бір-бір парақшадан алу тапсырылады. Балалар өз қолдарындағы парақшада жазылғандарды дауыстап оқиды және бұл жақсы қасиеттер кімнің бойында бар екенін айтады.<br>Бұл тренинг арқылы оқушылардың бір-біріне деген құрметін, бір-бірін бағалауын анықтауға болады. | Слайд<br>Суреттер |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Стикер түстері арқылы 2 топқа бөлінеді.<br>С<br>«Миға шабуыл» әдісі арқылы жазушы өміріне шолу жасау.<br>  <br>1.Қоңыраудың Ыбырай өмірімен қандай қатысы бар?<br>2. Мынау кімнің үйі? Немесе қандай мақсатта салынған ғимарат?<br>3.Егін даласының суретін Ыбырай өмірімен байланыстырып көрейікші...</td>
<td>Парақшалар</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы</td>
<td>Т<br>Мағынаны тану<br>Топтық жұмыс. «Әдеби эстафета» әдісі арқылы оқушылардың әңгіме мазмұнын қаншалықты игергенін тексеру.<br>1 – топ. Әңгіменің А, Ә бөлімдері бойынша оқиғаларын баяндап, тақырыбын қояды.<br>2 – топ. Әңгіменің Б, В бөлімдері бойынша оқиғаларды баяндап, тақырыбын қояды.<br>Т<br>1-топ:Әңгіме сюжеті бойынша ретімен орналастыру<br>1.Сейітқұлдың ойы;<br>2.Қабырға өзені бойына қоныстануы;<br>3.Егін егуі;<br>4.Артық астықты малға айырбастауы;<br>5.Сейітқұл елінің 450 үйге жетуі;<br>6.Қауіпсіздік шаралары;<br>7.Базар ашуы;<br>8.Сейітқұл жұртының бай болуы.<br>2-топ: «Қыпшақ Сейітқұл қандай адам?» деген сұрақ бойынша Сейтқұл бейнесін көрсет.<br>Еңбекқор<br>Көпшіл<br>Т.б толықтырып жазыңыз.<br>Сейітқұл<br>Қалыптастырушы бағалау.<br><br><br>Ж. Ж.<br>
<table>
<tr><td>Кейіпкер</td><td>Іс-әрекеті</td><td>Менің пікірім</td><td>Мақал-мәтел</td></tr>
<tr><td>Сейітқұл</td><td>Халықты егін егуге үйретті, еңбекке баулыды</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сейітқұлдың ағасы</td><td>Барымта, ұрлық жасап, күн көрдім</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="4">Әңгіменің негізгі идеясы-</td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | Дескриптор:<br>● Кейіпкер іс-әректене баға бере алады;<br>● Мақал-мәтелмен мысал келтіре алады;<br>● Әңгіменің негізгі түйінді идеясын жазады.<br>**ҚБ**: бас бармақ<br>**Бас бармақ жоғарыға қарап тұрса**<br>Мен түсінемін<br>**Бас бармақ көлденең тұрса-Мен түсінгендеймін.**<br>Бас бармақ төмен қарап тұрса-<br>Мен түсінбедім<br><br>Сергіту сәті<br>**Сергіту сәті. Би билейік бәріміз.**<br>**Шығармашылық тапсырмалар.**<br>1. “Еңбек”, “Еңбексүйгіштік”деген ұғымдарды қалай түсінесіңдер?<br>2. Еңбек адамға не үшін қажет деп ойлайсыңдар?<br>3. Қандай адамды еңбеккор дейміз?<br>4. Сендердің қазіргі негізгі еңбектерің қандай?<br>1 – топ. «Еңбек түбі - береке» (шағын эссе)<br>2 – топ. «Еңбек – ата, жер - ана» (өлең шығару)<br>**ҚБ:От шашу.** | |
| Сабақтың соңы | Кері байланыс<br>«Мейрамхана»<br>Тақтаға «Аспаз» суреті ілінеді де «Тойдыңыздар ма?» деген сұрақ қойылады: бөлек карточкаларға сұрақтар жазылады: «Тойдыңыз ба?»<br><br><br>Мен ... тағы жер едім…<br>Ең ұнағаны …<br>... қорыта алдым.<br>Бұл мейрамхана… … қатты тойдым.<br>... қарным ашып тұр.<br>Оқушылар карточкаларды толтыруы керек, соңында «рефлексивті сурет» пайда болады.<br>*Үйге тапсырма*:Тақырыпқа байланысты сурет салу | |

# Қазақ тілі-қазақ халқының әдеби тілі және мемлекеттік тіл

**Ж.Т.Дауылова**
*Қобда ауданы, Бегалы негізгі мектебінің*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,*
*гуманитарлық ғылымдар магистрі, педагог-зерттеуші*

**Мақсаттары:** Қазақ тілінің қоғамдағы қызметін білу, алған білім мен тәрбиенің нәтижесін өз өмірлеріне қолдана алуға үйрету.

**Күтілетін нәтиже:** Тақырыпты түсіне отырып, сөздік қорлары молайып сол сөздерді өмірде қолдануға үйренеді. Ұлттық салт-дәстүрді құрметтеуге .қастерлеуге үйренеді.

**Модульдері:** АКТ ,СТО (сын тұрғысынан ойлау), ОЖЕ (оқушылардың жас ерекшеліктері), ТжДОЖ (талантты және дарынды оқушылармен жұмыс). ОБжК (оқытуды басқару және көшбасшылық), ОҮБжОБ (оқыту үшін басқару және оқытуды бағалау), ДО (диалогтық оқыту).

**Бағалау:** Өзін өзі (ӨӨБ), жұптық (ЖБ), топтық (ТБ), жиынтық (ЖБағ).

**Деректер:** тақта, стикерлер, постерге арналған қағаздар, маркерлер, бағалау парақтары.

**Әдіс- тәсілдер:** Кім жылдам? Миға шабуыл. Аквариум әдісі . Эссе.

| Сабақ кезеңдері | Уақыт | Тапсырма | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушылардың іс-әрекеті | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білу. «Қызығу Шылықтарын ояту** | 2 мин | Өткен тақырыптарды еске түсіру мақсатында сұрақ- жауап арқылы тексеру | Өткен тақырып төңірегінде оқушыларды сұрақ-жауап арқылы диалогқа түсіру.Слайдта берілген сұрақтарға жауап беру, топпен тапсырманы орындау | Оқушалар сұраққа жауап береді | АКТ |
| **Түсіну** | 7 мин | «Кім жылдам» әдісі бойынша өткен тапсырманы пысықтау арқылы жаңа тақырыпқа қадам басу. Семантикалық карта | Жаңа сабақты бастамас бұрын ой қозғау мақсатында оқушыларға сұрақ арқылы диалогқа түсіру. Әр топқа семантикалық картамен жұмыс. | Оқушылар дың мұндағы мақсаты берілген сұрақтарға жауап беріп, өз ой-пікірлерімен санаса білу. Топпен жұмыс жасау | ЖТЖЕ |
| **Қолдану** | 10 мин | «Тілге құрмет» туралы жаңа тақырыпқа байланысты «Аквариум» әдісін» пайдалану арқылы оқушының қызығушылығын арттыру | Жаңа тақырыпты оқушыларға қысқаша түсіндіру мақсатында осы көрсетілген әдіс бойынша жаңа материалдарға байланысты ресурстар беру, өз бетерінше дайындық жасату | Оқушылар дың мақсаты мұғалімді тыңдау, өз ойлары мен пікірлерін айтуӘдіс бойынша жаңа тақырыпты меңгереді және өз пікірлерін ортаға салады. | СТО |
| **С е р г і т у сәті** | 1 мин | «Балапандар биі» атты жаттығу жасау | Оқушылармен бірге сергіту сәтін жасау | Интербелсен ді тақтадағы бейнероликтегідей жаттығулар жасайды. | АКТ |
| **Талдау** | 15 мин | Постермен жұмыс. Жаңа тақырыпты талдау арқылы толық мағынасын ашу<br>1-топ Қазақ тілі туралы ұғым<br>2-топ Қазақ -тілі мемлекттік тіл<br>3-топ Қазақ тілі-қазақ халқының әдеби тілі | Топтарға жаңа тақырып бойынша жинақтау және түсініктерін тексеру мақсатында өз пікрлерін сурет арқылы қорғайды, ол үшін конвертке салынған сұрақтар таратылады. Күн туралы өз ойларын суретке салады | Берілген тапсырманы уақытылы орындау, сұрақтарға нақты жауап беру, тақтаға шығып тапсырманы қорғау | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жинақтау** | 5 мин | «Эссе жазу» «Қазақ тілі-қазақ халқының әдеби тілі» ( Топ бойынша Эссе жазу, жинақтау, бағалау) | Мұғалім жаңа тақырыпқа байланысты тапсырма қағаздарын таратады | Оқушылар дың мақсаты берілген сұраққа өз ойларын ка ғазға жазау арқылы жеткізу | |
| **Бағалау** | 2 мин | Өзін-өзі бағалау (2 мин) Бағдаршам, бағалау парақшалары | Тапсырманы өздігімен дәптерге жазғызу.<br>Бағалауды басқару.<br>Жауаптарын қабылдап, бағыт беру | Ойлап табады, байланысты рады, шығарады. Ойын түйіндейді. Дәптерге шағын әңгіме жазады. Дәптер алмасып тексереді.<br>ЖБ<br>Бағалайды, талқылайды.<br>Өз пікірін айтады. | |
| **Рефлексия** | 2 мин | Стикерлерді толтыру.<br>Оқушылар бүгінгі сабаққа деген ойларын стикерге жазып, тақтаға іледі (2 мин)<br>ББҮ кестесін толтыру | Оқушыларға стикер толтыруды ұсыну | Ұсынылған стикерді толтыру | |

# «Кенесары- Наурызбай» поэмасының сюжеттік-композициясы

**Г.К.Ермекова**
*Қарашоқат ЖОББМ*
*Шалқар ауданы*

| | |
|---|---|
| **Сабақ мақсаттары:** | Барлық оқушылар орындай алады: әдеби шығарманың сюжеттік- композициясын ажыратып жазады;<br>Оқушылардың көпшілігі орындай алады: әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасай алады;<br>Кейбір оқушылар орындай алады: әдеби шығармаға сюжеттік- композициялық талдау жасай отырып, өз пікірін білдіреді; |
| **Тілдік мақсат:** | Оқушылар орындай алады: әдеби шығармаға сюжеттік- композициялық талдау жасайды<br>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: ж ырау, жыраулық өнер, тарихи жыр, жорық жыршысы, дастан<br>Диалогтер мен жазу үшін қолданылатын тіркестер: менің ойымша..., себебі,..., оған дәлел,..,<br>Талқылауға арналған сұрақтар:<br>1.Нысанбай жыраудың щығармашылығы туралы білетіндеріңді баяндаңдар |
| **Бағалау критерийлері** | әдеби шығармаға сюжеттік- композициялық талдау жасайды |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Қолдану |
| **Құндылыққа баулу** | Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы , елжандылық, толеранттық, ұлтжандылық тәрбие |
| **Пәнаралық байланыс** | Тарих, қазақ тілі, география. |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | Жыраулар поэзиясы жайлы біледі |
| **Сабақ барысы** | |

<table>
<tr><td>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</td><td>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы</td><td>Ұйымдастыру кезеңі<br>Амандасу. Түгелдеу. Оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br>Психологиялық ахуал<br>«Үш қадамды сұхбат»<br>Әр топ өткен тақырыптарға байланысты бір-біріне мәтін бойынша 3 түрлі сұрақ, пікір айтып талқылайды. Негізгі ақпаратты анықтайды.</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>1-тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Мәтінмен жұмыс. Жырдың мәтінін оқи отырып, әр топта талқылау, соның нәтижесінде жырдың сюжеттік- композициялық жоспарын құру.<br>Оқиғаның басталуы--------<br>Оқиғаның дамуы-------------<br>Оқиғаның шиеленісуі-------<br>Оқиғаның шарықтау шегі------<br>Оқиғаның шешімі-----------<br>Бағалау критерийі: әдеби шығармаға сюжеттік- композициялық талдау жасайды.</td><td></td></tr>
<tr><td></td><td>Қалыптастырушы бағалау.<br>Жазбаша (жақсы, өте жақсы, жарайсың, әлі де толықтыр, салыстыруды жақсы жасағансың, ойынды жүйеле, т.б.).<br>2-тапсырма. «Ойлан- жұптас- бөліс» әдісі арқылы дастанның жанрлық ерекшелігін талдау.
<table>
<tr><td>Жырдың жанрлық ерекшелігі</td><td>Дәлелдеме</td></tr>
<tr><td>1.Тарихи жыр<br>2. Тарихи- реалистік сипаттағы жыр<br>3. Батырлық эпос үлгісінде жырланған<br>4. Эпикалық оқиғаға лирикалық сипат берген<br>5. Батырларды психологиялық жағынан айқын айшықтаған</td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор:<br>- Шығарманың жанрлық ерекшелігіне талдау жасайды;<br>- Тарихи мәліметтерден мысал келтіре отырып, өз ойларын дәлелдейді;<br>Қалыптастырушы бағалау.<br>Ауызша (оқушылардың жауабына сәйкес, жақсы, сұрақ орынды, жарайсың, бұл жақсы жауап, нақтылық керек).</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың аяқталуы</td><td>Рефлексия. «Бір ауыз сөз»<br>Бағалау: Оқушылар бір-бірін бағалайды.<br>Үйге тапсырма беру: Кенесары- Наурызбай көтерілісі туралы тарихи деректерді іздестіру.<br>Қорытындылау: «Буклет» әдісі арқылы оқушылар алған білімдерін жинақтап, ең маңыздыларын ұсынады.</td><td></td></tr>
</table>

# С.Торайғыровтың өмірі мен шығармашылығы

**А.Т. Жунусова**
*А.Байтұрсынұлы атындағы орта мектептің*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*
*Атырау облысы, Махамбет ауданы*

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақ негізделген оқу мақсаттары | 6.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; | | | |
| Сабақ нәтижесі: | Барлық оқушылар орындай алады: Ақынның өмірі шығармашылығы туралы түсінеді эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтай алады | | | |
| Бағалау критерийі | Шығармадағы мәселелер негізінде автор образын анықтайды. | | | |
| Сабақтың жоспары | | | | |
| **Жоспарланатын уақыт** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** | **Бағалау** | **Дерек-көздер** |
| **Басталуы**<br>5минут | Ұйымдастыру бөлімі<br>**Ширату жаттығуы «Серпілген сауал»**<br><br> | Суреттегі тұлға туралы не білесіздер? Ақынның өмірі, шығармашы лығы | Қалыптастырушы бағалау: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!», «Керемет» деген мадақтау сөздерімен ынталандыру. | <br>kk.wikipedia.org› |
| Ортасы<br>25 минут | 2-тапсырма<br>Тармақтардың мазмұны бойынша автор бейнесін сын есімдер арқылы ашыңыз.<br>**3-тапсырма**<br>**«9 ромб әдісі»** | <br><br>шығармадағы автор МАҢЫЗДЫ және ОНША МАҢЫЗДЫ ЕМЕС деп санаған мәселелерді анықтаңыз. Жұбыңызға анықталған мәселелердің неліктен маңызды және маңызды емес екенін түсіндіріңіз. | **Дескриптор**<br>- шығармадағы автордың «мен» бейнесін ашатын өлең тармақтарын табады;<br>- тармақтар мазмұны бойынша автор бейнесіне қатысты сын есімдерді кластерге түсіреді<br>ҚБ<br><br><br>**Дескриптор**<br>- өлеңнен автордың маңызды деп санайтын 6 аспектісін анықтайды;<br>- 3 маңызды емес аспектіні анықтайды;<br>- анықталған маңызды аспектілер негізінде автор бейнесін 2 сөйлеммен сипаттайды.<br>ҚБ | Суреттер<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Мысалы: адамдық, еңбек, бейнет, зейнет.. - МАҢЫЗДЫ; мал, есек, жасық .... - ОНША МАҢЫЗДЫ ЕМЕС.<br>Анықталған маңызды аспектілер арқылы автор бейнесін сипаттаңыз. |  | |
| Сабақтың соңы | 4- Тапсырма<br>Шығарма бойынша пікіріңізді білдіріңіз, мына сөйлемдерден басталуы тиіс:<br>Рефлексия<br>«+;-; қызық»әдісі | Мен автор ретінде, мысалды бұлай бастау себебім....<br>Мен автор ретінде, бұл мысалдағы кейіпкердің әрекетін былайша түсіндірер едім...<br>Мен автор ретінде, мысал өлеңді былайша аяқтауым....<br>«+; - ; қызықты»<br>Оқушылар бір жағында(+)белгісі бар, қандай сұрақтарға жауап алғанын жазады, келесі бетінде (-) белгісі, қандай сұрақтарға жауап алмағанын; және қызықты болған мәліметтерді жазады. Оқушылардың жауабы келесі сабақтың міндеттерін қоюға септігін тигізеді. | Дескриптор<br>шығармадағы автор рөліне ене отырып, оның көзқарасын жеткізеді;<br>әңгімедегі кейіпкердің әрекетін түсіндіреді;<br>автордың бейнесін жинақтап қорытады |  |

# Оразақын Асқар « Шетте жүрген бауырларға» өлеңі. Атажұртқа оралу.

**А.Е.Кальжанова**
*№2 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі*

| | |
|---|---|
| **Сабақтың мақсаттары** | **Барлығы**:шығарманың мазмұнын толық түсініп,тақырыбы мен идеясын анықтай алады,көтерілген мәселелерге талдау жасайды<br>**Көбі**: тарихи және көркемдік құндылығын бағалайды,шығармашылық жұмыс (үндеу) жазады<br>**Кейбірі**: шығарманың тарихы мен көркемдік құндылығына баға береді, көтерілген мәселеге талдау жасайды, шығармашылық жұмыс (үндеу) жазады |
| **Бағалау критерийлері:** | Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтау,бағалау;<br>Шығармадағы көтерілген мәселеге талдау жасау<br>Шығармадағы көтерілген мәселе негізінде шығармашылық жұмыс жазу; |
| **Құндылықтар** | Құрмет,отансүйгіштік,үздіксіз білім алу |
| **Пәнаралық байланыс** | тарих |
| **Тілдік мақсаттар** | Пән лексикасы және терминология:ел басына күн туған заман,кіндік қаны тамған жер,қандастар,атажұрт,ел болашағы үшін тер төгу,диаспора<br>Мәтін талдау барысында қолданылатын тіркестер: Менің ойымша...; Салыстыра қарағанда...; Өмірмен байланыстыратын болсам...; Бұл оймен келісемін/ келіспеймін, себебі...<br>Талқылауға арналған сұрақтар: «Өзге елде сұлтан болғанша,өз елінде ұлтан бол» деген мақалдың мағынасын қалай түсінесіңдер?<br>Шетте жүрген қандастарымыздың елге оралғаны дұрыс па? |
| **Осыған дейінгі меңгерілген білім** | Оразақын Асқардың өмір жолы мен шығармашылығы<br>« Таза тақта» әдісі<br>Туған жері,жылы.Қызметі.Шығармалары.Марапаттары. |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер** | **Дереккөздер** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Ұйымдастыру кезеңі.<br>Ұлтарақтай болса да,<br>Атақоныс жер қымбат.<br>Ат төбеліндей болса да,<br>Туып-өскен ел қымбат. сызылған<br>Асты сызылған сөздерге синоним сөздер табу.<br>( Атажұрт,Отан,атамекен,туған жер)<br>*Бүгінгі тақырып қалай аталады?* | Тақырыпқа қатысты суреттер |
| Сабақтың ортасы | Сыныпты үш топқа бөлу.<br>**1.Топпен жұмыс**<br>**Тапсырма.**<br>«Сөз мерген» сызба арқылы мақал-мәтел құрастырыңдар.<br>Мақалдардың мағынасын түсіндіріңдер<br>І топ «Атажұрт» « Жат жердің қаршығасынан өз елінің қарғасы артық»<br>ІІ топ «Атамекен» « Ел-елдің бәрі жақсы,өз елің бәрінен жақсы»<br>ІІІ топ «Атақоныс» «Өз елің –алтын бесігің»<br><table><tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Дескрипторлар</td></tr><tr><td></td><td>Сөздерден мақал құрастырады</td></tr><tr><td>Мақал құрастыру<br>Мағынасын түсіндіру</td><td>Мағынасын ашып,тақырыппен байланыстырады</td></tr></table> | 1)Жат жер<br>Қаршыға │ артық<br>Қарға<br>2) Ел<br>Бәрі │ жақсы<br>Өз<br>3) Алтын<br>Өз │бесік<br>Ел |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>ҚБ Мұғалім оқушыларды жеке бағалайды.<br>**2-тапсырма**<br>«Жалпы әлемде 16 миллионнан астап қазақ бар. Соның үш-тен бірбөлігі ,яғни шамамен бес миллионы сыртта жүр.Тағдырдың жазуымен әлемнің қырықтан астам еліне шашырап кеткенімен,олардың түп негізі ,байланысы еш үзілген жоқ.Бұл байланыс еліміз өз Тәуелсіздігін алып,егеменді ел болған соң жақсарып сала берді.Елдің тізгінін алған Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев Дүниежүзі қазақтары қауымдастығын құрды.1992 жылдың 10 қаңтарында әлемнің әр түкпірінде жүрген қазақтарға арнайы Үндеу жариялады.Ол Үндеу «Қайт ,қазақ,қара шаңырағыңа!» деп аталды.Осыдан кейін Қазақстанда ұлы көш басталды. Бұл қазақтың жаппай рухани оянуына алып келді.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Бұл-өте үлкен жетістік,үлкен күш.»<br>*zakon.kz «Шеттен келген әр қазаққа есігіміз ашық» Зауытбек Тұрысбеков*<br>**Блум таксономиясы бойынша талдау жүргізу**<br>**Білу**. Атажұрт деген не?<br>**Түсіну**. Шетте жүрген қандастарды көк тудың астына жинауда қандай мән бар екенін шығарманың идеясына сәйкес түсіндіріңдер.<br>**Қолдану**.Қандастар деп кімдерді айтамыз?<br>**Талдау**.Ақын шетте жүрген қандастарды неге атажұртқа оралуға шақырады?Талдау жасаңдар.<br>**Жинақтау**.Шеттегі қазақтардың елге оралуынан ұтарымыз не? Тұжырым жасаңдар.<br>**Бағалау**. «Қайт,қазақ,қара шаңырағыңа!» тақырыбында үндеу жазыңдар
<table>
<tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Дескриптор</th></tr>
<tr><td>Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын талдау;<br>Шығармадағы көтерілген мәселеге талдау жасау.<br>Көтерілген мәселе негізінде шығармашылық жұмыс жазу (үндеу);</td><td>Тақырып бойынша өз пікірін білдіреді.<br>Дәлелді мысал келтіреді.<br>Көтерілген мәселені анықтайды.<br>Тарихи және кокемдік құндылығына баға береді.</td></tr>
</table>
ҚБ Топтық және жеке бағалауды ұйымдастырады</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы</td>
<td>Рефлексия.Мұғалім тарапынан қорытындылау жүргізіп,кері бйланыс береді.Оқу мақсатына жету не жетпеу мәселелері қарастырылады<br>-Мен оқу мақсатына жете алдым ба?<br>-Сабақта қандай қиындықтар кедесті?<br>Сабақта не маңызды болды?<br>-Келесі сабақта нені білгілерің келеді?</td>
<td></td>
</tr>
</table>

# Ас адамның арқауы

**Л.К.Кемаладинова**
*Қандыағаш қалалық №2 ЖББ ОМ*

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Жаңа сөздермен танысу. Сөздерді оқу, қайталау, сөз тіркесін құрастыру.<br>Жартылай дайын өнімдер<br>Сақталу мерзімі<br>**Айтылым.**<br>1-тапсырма<br><br> | Жаңа сөздермен танысады, оқиды.<br>Сөз тіркесін құрастырады.<br>**Мысалы:**<br>Тағамның сақталу мерзіміне қарау керек.<br>Ойынды топта ойнайды | Мұғалім оқушылардың жауабына қарай бағалайды.<br>Басбармақ | Слайд<br>Суреттер |
| **Сабақтың ортасы** | **Жазылым**.<br>2-тапсырма Тірек сөздерді қолданып, «Біз салат жасадық» тақырыбында шағын мәтін жаз.<br>Мәтінде а) андай салат жасағаныңды; ә) ол үшін дүкеннен не сатып алғаныңды; Б) кімнің не істегенін жаз. Мәтінде мезгіл үстеулері мен мекен үстеулерін қолдан.<br>Тірек сөздер: салат жасау, сатып алу, жуу, турау, аршу, араластыру, дәмді.<br>**Айтылым**.<br>3-тапсырма Сөзжұмбақты шеш. Тірек сөзді тап. | Тірек сөздерді қолданып, «Біз салат жасадық» тақырыбында шағын мәтін жазады.<br>Сөзжұмбақты шешеді. Тірек сөзді табады. | Смайликтер<br>Оқушылар сыныптастарының жауабын тыңдай отырып бірін-бір бағалайды. | |
| | <br> | | отырып бірін-бір бағалайды. | |
| **Сабақтың соңы** | **Жазылым**.<br>5-тапсырма **Жағдаят**: Сен дүкеннен жартылай дайын өнім сатып алдың. Бірақ сақталу мерзімі өткенін кеш көрдің, не істейсің? төмендегі сөздерді пайдаланып, сатушымен сөйлесетін диалогті жаз: кешіріңіз, көрмедім,- жартылай дайын өнім, сатып алдым,- сақталу мерзімі, өтіп кеткен. | Төмендегі сөздерді пайдаланып, сатушымен сөйлесетін диалог | Мұғалімнің бағлауы. | |

# М.Әуезов «Абай жолы» роман- эпопеясы

**А.Ә.Қартанова**
*Ақтөбе гуманитарлық колледжі*

| | |
|---|---|
| **Сабақтың мақсаты** | М.Әуезов шығармашылығының идеялық-эстетикалық мұраты мен табысына тоқталу.Эпопеяның негізгі оқиғаларын басшылыққа ала отырып, мазмұнын түсіндіру, кейіпкерлер бейнелерін сомдау; |
| **Бағалау критерийі (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 1)«Абай жолы» роман-эпопеясына сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін айқындайды;<br>2) Көркем шығармадағы Абай бейнесін даралап көрсетеді; |
| **Тілдік мақсат** | Шығарманың тіліне талдау жасау.<br>Портрет. |
| **Құндылықтарды игерту (ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды көрсетіңіз)** | Мәңгілік елдің «Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы» құндылығы Абай мен Құнанбай образдарын талдау барысында ішінара насихатталады.<br>Оқуға, білімге деген қызығушылығын арттырып, еңбекке баулу. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Тарих, өзін-өзі тану. |
| **Алдыңғы меңгерілген** | М.Әуезов өмірі мен шығармашылығына шолу. «Абай жолы» роман - эпопеясы жайлы біледі. |
| **Оқыту әдістері, тәсілдері, педагогикалық техникалар** | Талдау,әңгімелеу, сұхбат, сұрақ-жауап, баяндау, бейне таспа. |
| **Қажетті құрал- жабдықтар** | Интернет- ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу: |
| **Интернеттегі білім ресурстары** | интерактивті тақта, жұмыс дәптері, видеоматериалдар., кері байланыс парағы т.б |
| **Қолданылған әдебиеттер тізімі (негізгі және қосымша әдебиеттер)** | 11 сынып қазақ әдебиеті. |
| САБАҚ ЖОСПАРЫНЫҢ КОНСПЕКТІСІ | |

| Сабақтың барысы | Уақыты (минут) | Жоспарланған іс-әрекеттер | Ресурстар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1.Ұйымдастырушы, ынталандырушы кезең<br>10 мин | | Ұйымдастыру<br>**Психологиялық ахуал.**<br>Амандасу. Студенттерді түгелдеу. «Шаттық шеңбері» әдісі арқылы студенттердің арасында ынтымақтастық атмосферасын орнату.<br>Сабақ бастамас бұрын, орнымыздан шеңбер жасап тұрып, «Әке», «Ана», «Бала» болып, бір-біріне ыстық лебіздерін айтады. Соңында оқытушы студенттерге айтады.<br>**Алдыңғы оқуды талқылауға арналған сұрақтар:**<br>Студенттерге «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы сұрақтарды беріліп, алдыңғы сабақты қайталап<br>**Бүгінгі тақырып: М.Әуезов «Абай жолы»роман-эпопеясы, «Қайтқанда» бөлімі. өтеді.**<br>Сабақтың мақсаты таныстырылады.<br>М.Әуезовтың өз дауысын тыңдау, видео.<br>● Роман, эпопея, роман-эпопея ұғымдарына түсінік беру. | |

<table>
<tr><td>2. Іс- әрекет кезеңі<br>25 мин</td><td></td><td>«Қайтқанда» бөлімін бейне таспадан тыңдап алайық.<br>«Уақыт тізбегі» әдісі бойынша мәтінмен жұмыс жасаймыз.<br>1-тапсырма «Қос жазба күнделігі» әдісі Сөздікпен жұрыс.<br>2 тапсырма.<br>Романның композициялық құрылымы.<br>3 тапсырма «Кейіпкер портреті» әдісі.<br>Кейіпкердің портретін беруде автор қандай тәсіл қолданды.<table><tr><td>Портрет</td><td>Дәлелде</td></tr><tr><td>Абай</td><td></td></tr><tr><td>Барлас</td><td></td></tr></table></td><td>«Уақыт тізбегі»<br></td></tr>
<tr><td>3. Сабақты қорытындылау мен рефлексия<br>10 мин</td><td></td><td>Кері байланыс: «Жетістік баспалдағы» әдісімен кері байланыс жасау.<br>Соңы: «Шынында, бұл қазақтар – неткен ғажайып халық! Осы кереметтік «Абай жолы» романында қандай тамаша суреттелген!»<br>Б.Матип</td><td></td></tr>
</table>

# Мәдени мұра дегеніміз не? Сөйлемнің дара және күрделі мүшелері

**Б.Қыйлыбаева**
*«Қарашоқат жалпы орта білім беретін мектебі» КММ*
*Шалқар ауданы*

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары:** | 4.1.2.1* - мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу. |
| **Сабақтың мақсаттары:** | Барлық оқушылар жасай алады:<br>Сөйлемнің дара және күрделі мүшелерін ажыратады.<br>Оқушылардың көбі жасай алады:<br>Берілген сурет арқылы мәтіннің мазмұнын болжай алады.<br>Оқушылардың кейбірі жасай алады:<br>Мәтіннен күрделі мүшелерді таба алады. |
| **Бағалау критерийлері** | ● Сөйлемнің дара және күрделі мүшелерін анықтайды.<br>● Сөйлемнің дара және күрделі мүшелерін ажыратады. |
| **Тілдік мақсат:** | Үш тілде сәлемдесу (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде)<br>Негізгі терминдер:<br>Дара (жеке),күрделі(екі не одан көп)<br>Диалог үшін қолданылған тіл/сабақтағы хаттар:<br>Талқылауға арналған сұрақтар:<br>Сөйлемнің дара және күрделі мүшесі дегеніміз не?<br>Сөйлемнің дара және күрделі мүшесі туралы не білеміз? |
| **Құндылықтар:** | «Мәңгілік Ел» құндылықтарын жүзеге асыру: Зайырлы қоғам және жоғары руханият құндылықтарына баулу, өмір бойы білім алу,еңбек және шығармашылық, ынтымақтастық білім алу барысында жүзеге асырылады. |
| **Пән аралық байланыс:** | Дүниетану,әдебиеттік оқу пәні мәтінді оқып,талдау барысында жүзеге асырылды;Ағылшын тілі сәлемдесу барысында жүзеге асырылды. |
| **АКТ-ны қолдану дағдылары** | Интер белсенді тақтамен жұмыс сабақ барысында жүзеге асырылады; |
| **Бастапқы білім:** | Сөйлемнің дара және күрделі мүшелерін табуды үйрену. |
| **Сабақтың барысы** | |

| Сабақты жоспарланған кезеңдері, уақыты: | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет: | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 минут | **1) Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**Сабақта жайлы психологиялық орта қалыптастыру.**<br>Амансың ба,алтын күн!<br>Амансың ба,көк аспан!<br>Амансың ба,жер ана!<br>Амансың ба,жан досым!<br>Жылуыма жылу қос,<br>Міне, менің қолым бос!<br>**б)Үй тапсырмасын сұрау. 6- жаттығу.**<br>**Топқа бөлу:**<br>**1-топ: «Тәуелсіздік ескерткіші»**<br>**2-топ «Мәңгілік ел қақпасы»** | Жұлдызшалар<br>Суреттер арқылы топқа бөлу<br><br> |
| Сабақтың ортасы<br>25-30 минут<br><br><br> | **Ой қозғау**<br>● Жұмбақ:<br>Өзім сөзден тұрамын,<br>Біткен ойды құрамын. (Сөйлем)<br>● Сөйлем дегніміз не?<br>● -Сөйлем мүшесі дегеніміз не?<br>● -Сөйлемнің қандай мүшелері болады?<br>● -Сөйлемнің дара мүшесі деген не?<br>● -Сөйлемнің күрделі мүшесі деген не?<br>**7-жаттығу. Бағанның екі жағындағы сөйлемдерді салыстыра оқып,қарамен жазылған сөйлем мүшелеріне сұрақ қой.Не байқадың?**<br>**Дескриптор:**<br>● Сөйлемдерді салыстырады<br>● Қарамен жазылған сөйлем мүшелерініе сұрақ қояды.<br>● Дара және күрделі деген сөздің мағынасын анықтайды.<br>Бүгінгі сабағымыз дара және күрделі мүшелер туралы болады. Бағалау.<br>Бірін- бірі смайлик арқылы бағалайды.<br>➢ **Дара- жалғыз,жеке деген мағына**<br>➢ **Күрделі – қиын,көп деген мағына**<br>**Миға шабуыл.** Сөйлем мүшесі бір сөзден де,бірнеше сөздерден де жасалады.<br>Жеке сөзден жасалған сөйлем мүшесін дара мүше деп айтады.<br>Мысалы: <u>Марал</u> кесенеге <u>келді</u>.<br>Екі не одан да көп сөзден жасалған сөйлем мүшесін күрделі мүше деп атайды.<br>Мысалы: <u>Марал</u> кесенеге <u>келе жатыр.</u><br>Видео<br>**Жеке жұмыс. Тыңдалым.**<br>**8-жаттығу. Жаңылтпашты оқып,жатқа жаз.**<br>Толағайдың торы ала аты бар,<br>Толағай ,торы ала атыңды тағалатып ал.<br>**Дескриптор:**<br>● Күрделі мүшені табады,оның қай сөзбен байланысқанын сызбамен көрсетеді.<br>● Күрделі мүшенің айтылуы мен жазылуын салыстырады.<br>**Бағалау:«Бас бармақ» әдісі** | А3, А4 парақтар, түрлі түсті қарындаштар.<br>Оқулық<br><br><br> |





**Сергіту сәті :*«Сағаттың тілімен»***
**Мақсаты: Оқушылардың сабаққа қызығушылығы мен шапшаңдылығын дамыту.**
Оқушылар әуен жүріп жатқанда жерде жатқан сөздерді айналып жүреді. Әуен тоқтағанда қай сөздің қасында болса, сол сөзбен сөйлем құрастырып айтады.
**9-жаттығу.Мәтіннен күрделі мүшелерді тауып ,неліктен күрделі мүше болатынын дәлелде. (ауызша орындау)**
**Дескриптор:**
● Күрделі мүшені таба
● Неліктен күрделі мүше болатынын дәлелдейді.
**Бағалау:«От шашу» әдісі**
**Топтық жұмыс.**

**1-топ: «Тәуелсіздік ескерткіші»**

| **Дара мүше Күрделі мүше** | |
|---|---|
| | Бала орманға барады. |
| | Болат қағаздан кеме жасады. |
| | Көшеттерді суаруға он бір бала бөлінді. |
| | Қызыл ала көбелек гүлдерге қонды. |
| | Орман желмен тербеледі. |

**2-топ «Мәңгілік ел қақпасы»**

| **Дара мүше Күрделі мүше** | |
|---|---|
| | Айнұр мектепке келді. |
| | Арман сурет салды. |
| | Кітапханада өте үлкен кітап бар. |
| | Ақмарал мектепке келе жатыр. |
| | Манар доппен ойнады. |

**Дескриптор:**
● Сөйлемнің дара және күрделі мүшелерін анықтайды.
● Дара және күрделі мүшелерді соларға сай келетін сөйлемдермен сәйкестендіреді

қимыл – қозғалыстар арқылы жаттығуды жасайды
Электронды нұсқа.




**Сабақтың соңы**
**5 минут**

**Жұптық жұмыс**
**10-жаттығу.**
Ішіне – сыртына стратегиясын орындайды. Шеңбердің ішіне дара мүшелерді, ал сыртына күрделі мүшелерді жазады.
**Кері байланыс**
**Үйге тапсырма:** 11-жаттығу,76 бет.



Қима-қағаздар әр оқушыға беріледі
Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, ағашқа жапсырады.

# “What nice weather!”

**И.М.Турумбетова**
*№ 2 Мәртөк мектеп – гимназиясы*
*ағылшын тілі пәні мұғалімі*

Level: 6 form

The objectives of the lesson: 1. To introduce pupils with the theme ” What nice weather!” and to introduce them with the words about the weather.

2. To educate pupils to be kind.

3. To develop pupils’ skills and habits in asking and answering questions; completing the chart, solving the puzzle.

The procedure of the lesson.

I. Organization moment of the lesson – Greeting . A short talk with the pupil on duty.

II. Checking the home task: Today we’ll find the leader of our lesson. If you answer the questions and do many tasks correctly, you will be the leader of our lesson.

a. ex.8p.81

b. I’ll give you some cards and your task is to answer the questions.

1. Is Cambridge in the west of England?
2. What is Cambridge famous for?
3. Is Cambridge an old city?
4. Is it near mountains?
5. Is the climate warm in summer?
6. What are the main industries in Cambridge?
7. Is the land near Cambridge flat?

c. Topic Cambridge on p.79

III. Warm up: Answer the questions:

1. Where are you from?
2. Where are you from in Kazakhstan?
3. What season is it now?

IV. Today we will speak about the weather. Open your notebooks and write the theme of our lesson. Look at the blackboard and repeat these words after me and learn to pronounce these words correctly. Noun + y(suffix) – adjective for example rain + y - rainy

Sunny – шуақты Rainy - жаңбырлы

Cloudy – бұлтты Windy - желді

Foggy – тұманды Snowy - қарлы

1. What is the weather like today?- It’s sunny
2. What was the weather like yesterday? – It is snowy.

Ex.3p.83 ( in writing)

1. What was the weather like in Rome? – It was sunny and 18 degrees Celsius
2. What was the weather like in Berlin? – It was rainy and 7 degrees Celsius
3. What was the weather like in Bombay? – It was rainy and 31 degrees Celsius
4. What was the weather like in Jeneva? – It was cloudy and 12 degrees Celsius
5. What was the weather like in Hong Kong? – It was sunny and 20 degrees Celsius
6. What was the weather like in London? – It was rainy and 10 degrees Celsius
7. What was the weather like in Los Angeles? – It was foggy and 21 degrees Celsius
8. What was the weather like in Moscow? – It was snowy and 20 degrees Celsius

**II. Level tasks: 1-st level: Translate into Kazakh and Russian.**

| English | Kazakh | Russian |
|---|---|---|
| Sunny | шуақты | солнечный |
| Rainy | жаңбырлы | дождливый |
| Foggy | тұманды | туманный |
| Cloudy | бұлтты | пасмурный |

**2- nd level: Complete the table.**

| Noun | Adjective |
|---|---|
| Fog | Foggy |
| Wind | Windy |
| Sun | Sunny |
| Cloud | Cloudy |
| | |

3-rd level: Put the words in the correct order.
1. was, the weather, yesterday, like, what? – What was the weather like yesterday?
2. cold, it's too, in, winter, the. – It's too cold in the winter.

V. Production: Complete the chart.

a. Solve the puzzle " Hidden words".

| Seasons | Weather |
|---|---|
| Spring | Rainy |
| Summer | Sunny |
| Autumn | Windy |
| Winter | Snowy |
| | |

VI. Giving the home task: Ex.6p.84 (Speak about the weather in your place " My native town".)

VII. Evaluation: T.: Who is leader of our lesson? We congratulate our leader with your talent.

VIII. Summarizing. – The lesson is over! Good – bye!

Мәртөк ауданы
№ 2 Мәртөк мектеп – гимназиясы
Ағылшын тілі пәні мұғалімі Турумбетова И.М.

Level: 4 form

Aim: to introduce new theme: "What are you wearing?"

The aims of the lesson: Develop pupils' abilities in oral speech, enrich pupils' knowledge about clothes.

I. Organization moment. Good morning, dear teachers and pupils. How are you? I hope well! Today we have an unusual lesson. Our work will be very interesting and useful. We will speak about clothes and do many different interesting exercises.

II. Warm up. Look at the blackboard, there is a poem. I'll read, then you repeat after me all together.

" The kitten's clothes".
Jeans and trousers
Sweaters and shirts,
Socks and tights.
And jacket and shirts,
T- shirt, shoes.
High boots and mittens,
These are the clothes
of the kittens.

III. Work with new words. ( coat, shirt, dress, trousers, jeans, shoes, blouse, jacket…. etc.)

IV. Look at the names of clothes and put them into the correct column.

Men Women Both
Shirt blouse coat jeans hat
Tie dress trainers shoes socks
skirt trousers jacket boots

V. Open your books at page 34 ex.1 ( Pupil's book)

Ex.2 Match the sentences.
1. What's Denzil wearing? A. She's wearing a jumper and trousers
2. What's Brill wearing? B. He's wearing pyjamas
3. What's Nora wearing ? C. He's wearing a jacket and trousers
4. What's Alice wearing? D. She's wearing jeans and a coat

VI. Look and say. Then choose and circle Ex.3p.36. ( Pupil's book)
1. He's wearing shorts / pyjamas/ boots.
2. She's wearing a T- shirt/ a skirt/ a dress.

3. He's wearing trainers/ boots/ jeans.
4. She's wearing a coat/ a hat/ a jacket.
VII. Answer the questions: When it's warm I wear a trousers, a jumper, shoes.
1. What do you wear when it's warm?
2. What do you wear when it's cold?
3. What do you wear when it's hot?
VIII. Choose and write. ( boots, coat, jeans, shorts, skirt, trainers)
IX. Solve the crossword " clothes".
X. Complete the names of the clothes with the letters a,e,I,o,u.
1. s-cks 4. j- ck -t
2. tr-users 5.sk-rt
3. b - -ts 6.dr-ss
XI. Choose and write. Ex. 5.p.31 ( Activity Book)
He's cold. He's wearing ………….
She's hot. She's wearing …………
Sing the song.Ex.10p.38
Ex.6 p. 31 ( Choose and write)

| It's hot | It's cold |
|---|---|
| Shorts, T- shirt, dress …… | Boots, jumper, socks ……. |
| | |

XII . Giving the home task: Ex.8p.32 (Draw and write.)
Summarizing. – The lesson is over! Good – bye!

# Конус (Cone)

**М.К. Уразтаева**
*Ақтөбе гуманитарлық колледжі*

Оқыту мақсаты:

Конус және оның элементтерін түсіндіру және негізгі формулаларын есептер шығаруда қолдана алу

**Пән бойынша күтілетін нәтижелер:**

- Конус суретін салып, элементтерін ажырата біледі;
- Конустың берілген элементтері арқылы белгісіз мүшесін тауып, түсіндіре біледі;
- Конустың көлемін және ауданын есептей алады.

**Тіл бойынша күтілетін нәтижелер:**

- Негізгі терминдерді конус-cone, конустың табаны-cone base, конустың биіктігі-cone height, конустың төбесі-cone tip, конустың жасаушысы-cone forming, конус көлемі-cone volume, конустың бүйір бетінің ауданы-the area of the side surface of the cone, конустың толық бетінің ауданы-the area of the full surface of the cone ағылшын тілінде үйренеді;
- Конус анықтамасын ағылшын тілінде түсіндіре алады;
- Негізгі терминдерді қолданып ағылшын тілінде сөйлем құрастыра алады.

**Түйін сөздер:** cone, cone base, cone height, cone tip, cone forming, cone volume, the area of the side surface of the cone, the area of the full surface of the cone

**Өткен тақырыпты белсендіру «Brainstorm»**

1. Айналу денелеріне қандай фигуралар жатады? (цилиндр, конус, шар, сфера)
2. Біз қай түрін қарастырдық? (цилиндр)
3. Цилиндр дегеніміз не, мысал келтіріңіз?

**Жаңа тақырыпты түсіндіру**

Тақырыпты белсендіру. Тақтаға күнделікті өзіміз қолданып жүрген заттардың конус пішіндес суреттерін көрсету. Мысалы: құмсағат, шырша, сәбіз т.б.

Сұрақтар:

Суреттен не көріп тұрсыздар? Бүгін қандай тақырыпта жұмыс жасайтын боламыз, қалай ойлайсыздар? (тақырыбызмың аты ашылады, яғни білім алушылар өздері табады).

**Lesson Input-1.** Студенттерге«What is a Cone?» видеоролигі көрсетіледі.

Сұрақтар:

Видеороликтен не түсіндіңіздер?

Қандай таныс және таныс емес сөздер кездесті?

*Жаңа тақырып вокабулярлары:*

Конус - cone

конус табаны - cone base

конус биіктігі - cone height

конус төбесі - cone tip

конус жасаушысы - cone forming

конус көлемі - cone volume

конустың бүйір бетінің ауданы - the area of the side surface of the cone

конустың толық бетінің ауданы - the area of the full surface of the cone

**Оқулықпен жұмыс. Білім алушыларға конус туралы ақпарат беріледі.**

**Жаңа тақырыпты бекіту.**

**Активити-1. «Rotary stations»** айналмалы бекеттер. Үш топқа әр түрлі есептер таратылады. Әрбір топ алдымен есепті талқылайды және суретін салады. Уақыт болған соң келесі бекетке барады, мұнда есептің берілгенін және нені табу керек екендігін жазып шығады. Уақыт болған соң үшінші бекетке барады, студенттер белгілі формулаларды пайдалана отырып есептің шығарылуын жазады. Солай барлық бекеттерді аралап, басқа есептермен танысып, өз бекеттеріне жеткенше айналып шығады. Өз бекеттеріне жеткен есептерінің дұрыстығын тексереді.

**І-топ:**Конустың биіктігі 15 см, радиусы 8 см. Конустың жасаушысын табыңдар.

**ІІ-топ:**Конустың жасаушысы 13см, биіктігі 5см. Конустың радиусын табыңдар.

**ІІІ-топ:**Конустың жасаушысы 10см, радиусы 6см. Конустың биіктігін табыңдар.

**Бағалау.** Студенттер өздерін **«Thumb»** арқылы бағалайды.

**Активити-2.** Негізгі терминдерді қайталау. Әр студентке жеке парақшалар таратылады. Берілген терминдердің атауларын ағылшынша толтырып, формуласын жазады.

**Бағалау** үшін смайликтерді көтеру сұралады.

- барлығының атауын жаза алдым
- атауларын жаздым, бірақ дұрыстығына сенімді емеспін
- жаза алмадым

**Активити-3.** Әр топқа конус фигурасы таратылады. Сол конус фигурасы бойынша элементтерін өздері өлшеп, көлемін, толық бетінің ауданын, бүйір бетінің ауданын есептейді. Өлшеген шамаларының санын ағылшынша айтады.

**Бағалау критерийлері:**

- Өлшемдердің дұрыс болуы (2балл)
- Формуланың дұрыс қолданылуы (2балл)
- Жауаптың дұрыстығы (1балл)

**Активити-4**.

A cone is a body of rotation, which is obtained by rotating a right-angled triangle around its leg. The closing of the cone and the outer circumference of the cone are called cone shapes. The conveying cone is composed of primer and side surface. The height of the cone is perpendicular, which is lowered from the top of the cone to the plane of the base. The base of the height in a straight cone coincides with the center of the base.

Текст бойынша тапсырма

Cone elements: a base, ...

**Lesson Input-2.** Конус біздің өмірімізде. Студенттерге конустың қай салада кездесетіні туралы ақпарат беру. Физикада, биологияда, геологияда, құрылыста т.б.

**Активити-5. Есеп**. Табанының диаметрі 16 м, ал биіктігі √20 м болатын Чум үйді жабуға шамамен қанша бұғының ауданы 3,8 м2 болатын терісі керек?

**«Traffic light»** бойынша бағалау

Қызыл түс – орындай алмадым

Сары түс – жауабыма сенімді емеспін

Жасыл түс – барлығы түсінікті, тапсырманы орындай алдым

**Кері байланыс. «Pyramid».** Стикерге түсіндім, мен үшін қызық, үйренуім керек, ізденемін, білдім деген орындарды жазып, тақтаға жабыстырады

**Бағалау**. Топтардың бағаларын есепке ала отырып, бағалау парағымен қорытынды жасау.

# Дастархан басындағы әдептілік

**А.М.Улмагамбетова**
*Қандыағаш қалалық №2 ЖББ ОМ*

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың мақсаты | А2. Қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану.<br>Т3. Күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну. | |
| Бағалау критерийі | дастарқан басындағы этикет ережелерін біледі;<br>тұрмыста жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсінеді. | |
| Тілдік мақсаттар | сабақ барысында ұлттық этикет формаларын пайдаланады: төрлетіңіз, астан алыңыз, дастарқан басына келіңіз, амансыз ба | |
| Құндылықтар | Өмір бойы білім алу, ынтымақтастық, азаматтық жауапкершілік, құрмет | |
| АКТ дағдысын қолдану | Интербелсенді тақта аудиовизуалды материалды демонстрациялауға қолданылады | |
| Өмірмен байланыс | Амандасудың, дастарқан басындағы әдептіліктің маңыздылығын ұғындыру. | |
| Пәнаралық байланыс | өзін-өзі тану | |
| Алдыңғы білім | ТБ2. Сөйлем. | |
| **Сабақ барысы** | | |
| **Жоспарланған кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекеттер** | **Дереккөздер** |
| **Сабақтың басы**<br>10 минут | **Қызығушылықты ояту.**<br>Оқушылар «Дастарқан» әнін тыңдап, сабақтың тақырыбына болжам жасайды. Бірге қосылып ән айтады.<br><br>Сабақтың мақсаты, бағалау критерийлерімен таныстыру. | https://www.youtube.com/watch?v=zAz3JB76pMU<br><br>«Дастарқан» әні<br>/2:15 мин/<br>караоке<br> |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>25 минут | Мағынаны тану кезеңі.<br>Тыңдалым алды тапсырма (5 мин.)<br>Ж Оқушылар жеке жұмыс жасайды. Оқушыларға таратпа қағаз үлестіріледі. Сөздер мен суреттерді сәйкестендіріп, ауызша дыбыстап айтады.<br><br>1 - амансыз ба, ата?<br>2 - астан алыңыздар<br>3 - төрлетіңіз<br>4 - дастарқан басына келіңіз<br>5 - тамақтан<br><br> А  Ә  Б<br> В  Г | таратпа қағаз<br> |

*Дұрыс жауап: 1-б, 2-в, 3-г, 4-ә, 5-а.*
Мұғалім сыныпты аралап, оқушылардың сөз тіркестерді дыбыстап жатқанын тыңдап, қажет болған жағдайда, бағыт-бағдар береді. Оқушылар бір-бірін тексереді.
⁜ Мұғалім саралау мақсатында, қолдауды аз қажет ететін оқушыларға (тапсырмасын ерте бітіріп жатқан уақытта) төмендегі мақал-мәтелдердің мағынасын ашу тапсырмасы беріледі:
1. Аға әдепті болса, іні әдепті.
Апа әдепті болса, сіңлі әдепті.
2. Әдептілік белгісі - иіліп сәлем бергені.
**Тыңдалым тапсырмасы (5 мин)**




**ЖЖ** Оқушылар «Дастарқан басындағы әдептілік» мультфильмінен 2:40-3:40 минут аралығындағы үзіндіні тамашалайды. Мұғалім алдын-ала бейнематериалды не үшін қарап, тыңдайтынын айтып кетеді. Оқушылар тыңдап отырып берілген 3 сұраққа жауап белгілейді.
1. Тамақтанғанда не істеуге болмайды?
   а) сөйлесуге болмайды
   ә) асығуға болмайды
   б) күлуге болмайды
2. Мәдениеттіліктің белгісі –
   а) көңілді отыру
   ә) қатты сөйлеу
   б) дұрыс отырып, тұру
3. Мәденнетті -
   а) таза, ұқыпты, білімді, ақылды
   ә) тәрбиелі, өнегелі
   б) білімді, жеңімпаз
*Дұрыс жауап: 1-ә, 2-б, 3-а.*
*Оқушылар жауаптарын дұрыс жауаппен салыстырады.*
**Тыңдалымнан кейінгі тапсырма (15 мин.)**
**ТЖ Дубляж жасау - диалог құру**
Оқушылар топта мультфильмнің үзіндісіне дубляж жасайды.
*Оқушылар тыңдалым алды тапсырмасындағы сөздерді қолдану арқылы бейнематериалды дыбыстайды.*

https://kaztube.kz/video/216841 Али мен Айя «Дастарқан басындағы әдептілік» м/ф үзінді (2:40-3:40)

Әр топқа бейнематериалдан скриншот арқылы жасалған суреттер үлестіруге болады. Оқушылар топта өзара рөлдерді бөліп, дайындалады. Әр топта тайм-менеджер уақытты қадағалап отырады. Топтар сынып алдына шығып, дыбыссыз қосылған мультфильмдегі үзіндідегі кейіпкерлерді дыбыстап, сөйлетеді. Мұғалім алдын ала қай топ кімді бағалайтынын айтып кетуі керек. Әр топтың жұмысын бағалау критерийге сай бағалайды.(оқушылар жұмысты бағалау критерийлерін өздері құрастыруы мүмкін)

Бірін-бірі бағалау.

**Рефлексия** (5 мин).

«5 минуттық жазу» стратегиясы арқылы оқушылар меңгерген білімдерін жинақтап жазады

Жребий арқылы оқушылар рефлексия жасайды.

| Бағалау критерийі | Тапсырма № | Дескриптор<br>Оқушы | Балл |
|---|---|---|---|
| А2. Қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану | 3 | меңгерген сөздер мен сөз тіркестерді қолданып, бейнематериалды дыбыстайды; | 1 |
| | | дастарқан басындағы этикет (өзін ұстау, отыру) ережелерін біледі; | 1 |

*Төмендегі сұрақтарды қолдау ретінде ұсынуға болады.*



- Не білдім, не үйрендім?
- Бұл не үшін керек?
- Оның қолданысы қандай?
- Бұл білімді ары қарай қалай дамытамын?
- Тағы да не білгім келеді?

Мұғалімнің кері байланысы.

**Үй тапсырмасы:** «Дастарқан басында нені ескеру қажет?» тақырыбында шағын эссе жазу.

# Отбасы

**Ә.Утешова**
*№4 Хромтау орта мектебі*

| | |
|---|---|
| **Сабақтың мақсаттары** | Мәтінде көтерілген мәселені анықтау;<br>Мәселе бойынша пікір білдіру |
| | |
| **Бағалау критерийлері** | Мәтінде көтерілген проблемалық мәселені анықтай алады.<br>Мәселенің туындау себебін анықтайды, шешу жолдарын ұсынады. |
| | |
| **Тілдік мақсаттар** | Пәнге тән лексика мен терминология:<br>отбасы, қамқорлық, сүйіспеншілік, отан, құттықтау, монолог<br>Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:<br>*Менің ойымша...*<br>*Біздің пікірімізше...*<br>*Мәтінде ... мәселесі көтерілген*<br>*Туындау себептері...*<br>*Мәселені шешудің оңтайлы жолдары...*<br>*...ұсынамыз* |
| **Құндылықтарды игерту** | Мәтін мазмұны негізінде қамқорлық құндылығының маңыздылығын түсінеді.<br>Өзара бағалау кезінде әділ баға беруге дағдыланады. |
| **Пәнаралық байланыс** | Әдебиет, өзін-өзі тану |
| **Осыған дейін меңгерілген білім** | Оқушылар мәтін тақырыбы, мәселесі, құрылымы деген ұғымдармен таныс болулары қажет. |
| **Жоспар** | |

| Жоспарлана тын уақыт | Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер | Дереккөздер |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы 0-7** | Ұйымдастыру кезеңі 2 минут<br>Топтарға бөлу. «Қағаз қиындылары»<br>Бірнеше құттықтау қағаздарын топ құрамындағы оқушылар саны бойынша беске, алтыға жыртып, оларды араластырып, оқушыларға таратып беру керек. Оқушылар қиықтарды құрастырып бүтін сурет шығарады. Сол арқылы топтарға бөлінеді.<br>Мұғалім ынтымақтастық атмосферасын орнату үшін «шаттық шеңберін» құрады.<br>Ассоциация.<br>Балалар,ендіназарларындытақтағааударыңдаршы.Бұлсуреттербойынша не айтуғаболады? Бұл суреттербойынша не ойлайсыңдар?<br>Отбасы, отбасы мерекесі сөздерін естігендекөзалдарыңа не елестейді?<br>Бір парақ қағазға жазады. Әр топтан бір оқушыдан оқиды. | Интерактивті тақта, «Отбасы мәдениеті» деректі фильмі, слайдтар, тақырыпқа қатысты альбомдар, буклеттер, кітап көрмесі, үлестірмелі материалдар, А4 парағы, түрлі |
| **Сабақтың ортасы**<br>**7-10**<br>**10-20**<br>20-28 | **ТЖ.Тыңдалымалды тапсырма.**<br>Оқушылар отбасымен бірге тойлайтын мерекелер туралы топта әңгімелеседі.<br>- Қандай мерекелерді отбасыларыңмен бірге тойлайсыңдар?<br>- Мейрамды отбасымен бірге мерекелеудің маңызы қандай деп ойлайсыңдар?<br>Топ өкілі сұрақтардың жауабын сыныптастарына таныстырады.<br>**ТЖ. Тыңдалым тапсырмасы.**<br>Оқушылар тыңдалым мәтінін тыңдайды. | |
| | **Мәтін:**<br>Әр адамның өмірінде отбасының маңызы зор. Адамға жалғыз өзі өмір сүру, қиындықтармен күресу қиындық келтіреді. Бір өзі өз табыстарына қуана алмайды. Отбасы ұғымы сүйіспеншілік және қамқорлық туралы алғашқы ізгі ниеттермен байланысты.<br>Әр отбасында өз дәстүрлері болуы тиіс. Дәстүр– ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әдет-ғұрып және көзқарастар жиынтығы. Дәстүрлерге сонымен бірге отбасылық шежіре құру да жатады. «Шежіре – бұл бір тамырдан тарайтын ұрпақтар ағашы»,- деп атап өтті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» Жолдауында. Мұндай дәстүрлерге отбасылық мерекелер де жатады. Отбасылық мерекелерді өткізу отбасы мүшелерін ұйымшыл етіп, қуаныш сыйлайды.<br>БҰҰ Бас Ассамблеясы 1993 жылы 15 мамырда Халықаралық отбасы күні деп жариялады. Бұл күнді белгілеу туралы шешім әлем жұртшылығындағы көптеген отбасылық мәселелерге назар аудару үшін қабылданды.<br>1998 жылғы 20 қаңтарда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанда Отбасы күнін мерекелеу туралы жарлыққа қол қойды. Бұл күн қыркүйектің әр екінші жексенбісінде мерекеленеді.<br>Мәтіндімұқият тыңдаңдар. Мәтінде көтерілген мәселені анықтап, кестені толтырыңдар.<br>Көтерілген мәселені, туындау себептерін; оны шешу жолдарын, қорытынды ой шығарыңдар. | 2-қосымша |
| | **Дескриптор:**<br>1. Мәтінде көтерілген мәселені анықтайды.<br>2. Мәселенің туындау себептерін анықтайды.<br>3. Мәселені шешудің жолдарын табады.<br>4. Мәселені шешудің қоғам үшін пайдалы тұстарын көрсетеді.<br>**Жетелеуші сұрақтар:**<br>1. Отбасы күнін тойлаудың мәні неде?<br>2. Бұл мерекенің отбасы үшін қандай пайдасы бар?<br>3.«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауын өткізудің мәні неде?<br>4. Елбасы жанұялардың алдында қандай мақсаттар қояды?<br>Топтар өз талдауларын сыныптың алдында қорғайды. Өзара бағалау жүргізеді. | 3-қосымша |
| | **Бағалау парағы**<br>**Бағаланатын топ:**<br>**Бағалайтын топ:** | |

<table>
<tr>
<td>28-35</td>
<td>
<table>
<tr><td>№</td><td>Дескриптор</td><td>Комментарий</td></tr>
<tr><td>1</td><td>Мәтінде көтерілген мәселені анықтады.</td><td></td></tr>
<tr><td>2</td><td>Мәселенің туындау себептерін анықтады.</td><td></td></tr>
<tr><td>3</td><td>Мәселені шешудің жолдарын тапты.</td><td></td></tr>
<tr><td>4</td><td>Мәселені шешудің қоғам үшін пайдалы тұстарын көрсетті.</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>
Ж. Тыңдалымнан кейінгі тапсырма.<br>
Оқушыларға дастархан басындағы отбасылардың суреттері ұсынылады. Оқушылар бір суретті таңдап, сипаттау мәтінін құрастырады.<br>



<br>
Тапсырма:<br>
Берілген суреттердің бірін таңдап, суретті сипаттаңдар.<br>
Дескриптор:<br>
1. Сипаттау мәтінінің құрылымын сақтайды.<br>
2. Сурет кейіпкерлерінің көңіл-күйін, іс-әрекетін сипаттау мақсатында сын есімдерді орынды қолданады.<br>
Бағалау.<br>
Оқушылар жұптасып, өз мәтіндерін айтып береді. Өзара бағалау жүргізіледі.
</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>35-40</td>
<td>Рефлексия<br>
«Күн көзі» әдісі.<br>
Оқушыларға сары түсті қағаз беріледі. Оқушылар сабақ бойынша пікірлерін қағаздарға жазып, тақтада салынған күннің айналасына жапсырады.</td>
<td></td>
</tr>
</table>

# Сөз таптары

**Л.Шарафиева**
*«Қарашоқат ЖОББМ» КММ*
*Шалқар ауданы*

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары** | 4.4.2.6-сөз таптарының сөйлемдегі қызметін анықтау;<br>4.2.5.1-дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:**Сөйлем түрлеріне ажыратады;<br>**Оқушылардың көпшілігі:**Берілген тапсырмаларды орындайды;<br>**Кейбір оқушылар:**Өз беттерінше жұмыс жасай алады, топтағы оқушыларды ұйымдастыра алады; |
| **Бағалау критерийлері** | - Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру, мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау, оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстары жүргізу арқылы оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары жетілдірілу |
| **Тілдік мақсаттар** | **Тілдік мақсаты:**<br>Сөз таптары-части речи- part of speech<br>зат есім – имя существительное – the noun<br>сан есім – имя числительное – the number<br>сын есім – имя прилагательное - adjective<br>етістік – глагол - verb<br>**Пәнге тән лексика мен терминология:** Сөз таптары, зат есім, сан есім, сын есім, етістік. |
| **Құндылықтарды дарыту** | Қарым –қатынас жасау қабілеті, жауапкершілік, өмір бойы оқуға дайын болу. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Әдебиеттік оқу, дүниетану, музыка |
| | |
| **Алдыңғы оқу** | Оқушы алдыңғы сыныптарда көркем шығарма және ғылыми-көпшілік мәтіндермен таныс. Сөз мағынасымен жұмыс істеуде дереккөздерді дұрыс пайдалана алады. Ойын сабақ барысында қолданылған ойындар арқылы ауызша және жазбаша жеткізеді. |
| **Сабақтың барысы** | |

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**7 мин** | Психологиялық ахуал қалыптастыру.<br>«Ғажайып жылулық шынжыры» жылулық шеңбері.Балалар бір-біріне жмиып күлу арқылы ,жылы күлкілерін сыйлайды.Педагог күлкінің маңызына тоқтайды.<br>**Жұмыс ережесін келісу**<br>- Сабақтабір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>- Уақыттыүнемдейміз!<br>- Нақты,дәл жауап береміз!<br>- Сабақтаөзіміздіңшапшаңдығымызды, тапқырлығымыздыкөрсетеміз!<br>- Сабаққа белсене қатысып, жақсы бағааламыз!<br>**Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)**<br>«Жедел жауап» әдісі<br>**(Ұ) «Допты қағып ал» тәсілі бойынша сыныпқа сұрақтар қоямын.** | АКТ презентация |

**<u>ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау.</u>**
**Оқу мақсатын таныстыру**
**Күтілетін нәтижені анықтау**
**Жаңа сабақ**
Сөз таптары

*• Дереккөздерден ақпарат табамын, жаңа сөздің мағынасын анықтаймын.*

**Тілдік мақсаты:**
Сөз таптары-части речи- part of speech
зат есім – имя существительное – the noun
сан есім – имя числительное – the number
сын есім – имя прилагательное - adjective
етістік – глагол - verb

**Сабақ ортасы**
**30 мин**

**«Бағытталған жазу»** оқырманды қызықтыру үшін қызықты әрі көркем сөздер мен тұжырымдарды модельдеуден басталуы мүмкін.
<u>Оқулықтағы тапсырмаларды топта, жұпта, жеке орындау.</u>
**Сөз таптары**
**Дескрипторы:**
Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру, мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау, оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстары жүргізу арқылы оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары жетілдіріледі.

**«А,В,С»**

А-сұрақ қояды.
В-жауап береді.
С – айтқан жауаптарды бақылайды, толық болмаса толықтырады.
Оқушылар топта үшеуден отырады. А — сұрақ қоюшы, В – жауап беруші, С — бақылаушы рөлін атқарады. Бақылаушы қажетті жерлерін түртіп алып, әңгіме соңында қорытынды береді.
Оқушылар осы сұрақтарға жазбаша стикерге жауап береді. Ұсыныс, тілектерін айтады.
**Жеке жұмыс**
***«Кемпірқосақ» мәтінін оқып,түсініксіз сөздерді белгіле.***
Оқушыны жаңа сөздердің мағынасымен таныстыру.
**Көкжиек** - <u>аспан</u> мен <u>жер</u> бетінің астасып көрінетін сызығы.
**Сейілу** - айығу, ашылу, қараңғылық сейіле түсті.
Өрнек – ою, бедер, нақыш, өрнек салу, математикалық өрнек.
**Сүңгі** – суға сүңгі, ойға сүңгі,
**Алты қырлы сүңгі** - темір <u>сауытты</u> да тесіп өтетін екі басты, ұзын сапты <u>найза</u>.
**Бағалау.** «Үш шапалақ» әдісі арқылы жүргізіледі.
***Дәптермен жұмыс***
**6-жаттығу**

• Сөздіктен кестедегі сөздердің мағынасын анықта. Сөздерді сөз таптарына ажырат.

| Сөздер | Менің білуімше | Сөздіктен анықтағаным | Қай сөз табы? |
|---|---|---|---|
| қапырық | | | |
| нөсерлету | | | |
| сейілу | | | |
| көкжиек | | | |
| ғаламат | | | |
| жолақ | | | |

**7-жаттығу**
Жұмбақты жатқа жазып, шешуін тап.
**Бағалау**.Мақтап, мадақтау арқылы бағалау

АКТ презентация



Қағазға жазылған жаңа сөздер



Шағын тақта, алманың суреті



<table>
<tr>
<td>Сабақ соңы<br>3 мин</td>
<td>
«Жарнама» әдісі арқылы оқушының сабаққа белсенділігін арттырамыз<br>
Табиғи және суретті көрнекіліктерді пайдаланып, өтілген сөз таптарын қатыстырып жарнама жасайды.<br>
Бағалау. Жеке білім қоржынымызға жұлдызша жинаймыз. Жұлдызша арқылы бағалау<br>
Бейнежазба көрсетіледі<br>
«Айырмашылығы неде?» әдісі арқылы 8-жаттығу ауызша орындалады.<br>
Бағалау. Мұғалімнің мадақтауы<br>
Сараланған тапсырма<br>
Сергіту сәті<br>
Оқушыға түбір сөздер жазылған қиылған қағаздар беріледі. Сол қағаздарды арнайы сөз таптары (зат есім, сан есім, сын есім, етістік) ажыратып жазылған қағаздарға салады<br>
9-жаттығу<br>
Сүңгі*, жаңғырық *, тұман*, бұршақ сөздерінің біреуіне жұмбақ тауып жазады.<br>
<br>
«Сиқырлы қалпақ» әдісі арқылы қорытынды жасау<br>
Оқушыға тақырыпқа байланысты бірнеше жылдам сұрақтар қойылады.<br>
Дискриптор<br>
Оқушы сөз таптарын ажыратып әр сөз табына жеке тоқталады<br>
Сабақта қолданылған әдістерге қызығушылық танытады<br>
Үй тапсырмасы<br>
10-жаттығу
<table>
<tr><th>Сөз таптары</th><th>Сұрақтары</th></tr>
<tr><td>Зат есім</td><td>Кім? Не? Кімдер? Нелер?</td></tr>
<tr><td>Сан есім</td><td>Қанша? Неше? Нешінші?</td></tr>
<tr><td>Сын есім</td><td>Қандай? Қай?</td></tr>
<tr><td>Етістік</td><td>Не істеді? Не қылды? Қайтті?</td></tr>
<tr><td>Есімдік</td><td>Кім? Не? Қанша? Кімдер? Қай?</td></tr>
<tr><td>Үстеу</td><td>Қашан? Қайда? Қанша? Қалай?</td></tr>
<tr><td>Шылау</td><td></td></tr>
<tr><td>Одағай</td><td></td></tr>
<tr><td>Еліктеу сөздер</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Акт презентация<br><br>Сиқырлы қалпақ</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>
Рефлексия<br>
«Көбелек» әдісі<br>
<br>
Жасыл түс. Сөз таптарын, оларды ажыратуды, өз ойымды жеткізуді, жаңа сөздерді білемін!<br>
<br>
Сары түс. Оқулықтың, мұғалімнің көмегімен білемін, дайындық керек!<br>
<br>
Қызыл түс. Сабақта түсінбеген тұстарым болды, үйренуім керек!
</td>
<td>Көбелек суреттері</td>
</tr>
</table>

# А.Сопыбеков «Сапар мен парта»

**Г.С.Кадралина**
*Ақтөбе облысы, Темір ауданы*
*Шұбарқұдық гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі*

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ мақсат-тары** | Барлық оқушылар:<br>мысалды мәнерлеп оқиды, негізгі ойды анықтайды;<br>Оқушылардың көпшілігі:<br>топта жұмыс жасай отырып өз ойын ашық айтады;<br>Кейбір оқушылар:<br>Шығармашылық тапсырмаларды тиянақты орындайды. | |
| **Ресурстар:** | Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, стикер. | |
| **Тілдік мақсат:** | Түйінді сөздер мен сөз тіркестері: сынып, парта | |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі:** | Білу, түсіну, қолдану | |
| **Пәнаралық бай-ланыс** | бейнелеу, қазақ тілі | |
| **Жоспарланған сабақ мөлшері** | **Жоспарланған жұмыс түрлері** | Ресурстар |
| **Сабақтың басы**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Сабақтың ортасы | **Қызығушылықты ояту:**<br>Мектебің, мынау класың<br>Осында он бір жыл тұрасың.<br>Тарыдай болып кіресің,<br>Таудай болып шығасың.<br>Топқа бөлу: «Қарындаштар» тобы<br>«Дәптерлер» тобы<br>«Сызғыштар» тобы<br>**Алдыңғы оқу**<br>Алдыңғы сабақтарда өтілген тақырыптар бойынша «Сиқырлы ұяшықтар» ойыны арылы үй тапсырмасын тексеру<br>Мақсаты: өткенді пысықтау<br>Дескриптор:<br>1.Алдыңғы сабақтарда өтілген тақырыптар бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.<br>**(ҚБ)** Бір-бірін үш шапалақ арқылы бағалайды<br>1.Топтық жұмыс: сөзжұмбақтарды шешу:<br>1.Білім мен тәлім<br>Парақтап ашқанда,<br>Беттерінен мәлім.<br>2. Ілулі тұр кең алаң,<br>Керегімді мен одан<br>Жазып алам көшіріп,<br>Сүртем сосын өшіріп.<br>3. Жұқа тақтай бөлшегі-<br>Ұзындықтың өлшемі.<br>**Мақсаты:** сөзжұмбақты шешеді<br>Аталған жұмбақтардың шешуіне ортақ тақырып ойлап табу<br>**(ҚБ)** Жұптар бір-бірін тексереді.Стикер арқылы бағалайды.<br>**Қорытынды:** осы ортақ тақырыппен сынып сөзінің арасында байланыс бар ма? Бар болса, дәлеледе. | Топ аттары жазылған таблолар:<br><br><br><br> |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы | **2.(Т)**<br>А.Сопыбеков «Сапар мен парта» мысалды оқу<br>Мақсаты: Өлеңді түсініп оқу.Өлеңнің авторын атау. Сызбаға сүйеніп әңгімелеу.<br>Дескриптор:<br>1. Өлеңді мәнерлеп оқиды<br>2. Өз ойын еркін айтып жеткізеді.<br>**(ҚБ) *Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалайды.***<br>**4. (Ө) Дәптермен жұмыс:**<br>2-тапсырманы орындау<br>Мақсаты: Сапардың іс-әрекетінен қандай сабақ алдың? Әңгіме құрастырып жазу.<br>Дескриптор:<br>1. Сөйлемдерді дұрыс құрайды<br>2. Сөйлем ережелерін сақтай жазады<br>**(ҚБ) «Смайлинг» арқылы өзін-өзі бағалайды**<br>**(Т)** Шығармашылық жұмыс:<br>1-топ:ақындар Өлең құрастыру:<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол .... . (жуамыз).<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға енді қол .... . (созамыз).<br>2-топ: суретшілер «Менің мүшкіл халім» партаның суретін салу.<br>3-топ: зерттеушілер сынып жиһаздарына байланысты 3-4 ереже құрастырып жазу.<br>**Кері байланыс:**<br>3-қатар – сабаққа жақсы қатыстып, барлығын түсіндім<br>2-қатар – сабақта көп еңбек еттім, бірақ әлде де түсінбегенім бар<br>1-қатар – белсенділік танытпағанмен өзіме керегімді алдым<br><br> | А3 қағазы,<br>маркер,<br>стикерлер<br><br><br><br><br>Кері байланысқа әрбір оқушы өзінің таяқшасын тиісті қатарға апарып орналастырады |

*«Тәрбиеші жазбалары»*

# ТӨРТ ТҮЛІК ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӨЛДЕРІ

**Р.П.Алдабергенова**
*«Нұрлы болашақ» балабақшасының тәрбиешісі*
*Ақтөбе облысы, Қобда ауданы*

**Мақсаты:** Балаларға үй жануарлары туралы түсінік беру және тереңдету, оларды бір-бірінен ажыратуға , әңгімені мұқият, зейін қойып, тыңдауға, үй жануарларына байланысты тақпақ, мақал-мәтелдерді қайталай отырып сұрақтары арқылы тіл байлығын дамыту.

Балалардың үй жануарына деген сүйіспеншілігін арттыру және олардың төлдерін дұрыс атай білуге,төрт түлікті күтіп бағуға,оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Төрт түліктің төлдері жайында балаларға түсінік беру;

Төрт түлік жайлы түсініктерін кеңейту,ұғымдарын толықтыру,байланыстырып сөйлеу тілін қалыптастыру,сөздік қорын байыту;

Балаларға жануарларды күтіп бағуға деген сүйіспеншілігін оятып оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу;

**Көрнекілігі:** Үй жануарларының макеттері,аудиожазба, фетрдан жасалған көрнекіліктер,ковраграв тақтасы.

**Әдіс – тәсілдері:** сұрақ-жауап, түсіндіру, көрнекілік, топпен жұмыс, ойын, әңгімелеу, сергіту жаттығуы.

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі:** ашық сабақ

**Ұйымдастыру.**

**Шаттық шеңбері:**

Жарқын, жарқын үніміз,
Болашақтың күніміз.
Балалық шақ үйінің,
Жайнап тұрған гүліміз.
Сәлеметсіздер ме қонақтар,
Қош келдіңіз, бәріңіз.

Тәрбиеші:
Аптада неше күн бар?
Жеті күн бар.
Неше күн жұмыс істейміз?
Бес күн жұмыс істейміз.
Неше күн демаламыз?
Екі күн демаламыз.
Апта күндерін атайық

Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.

- Балалар, сендерді ата - әжелерің қандай сөздермен еркелетеді?

- Балалар: Ботақаным, қозым, құлыным, еркем, кішкентай лағым, қошақаным.

Сендерді ата - әжелерің жақсы көріп, сүйкімді жануарлардың аттарымен еркелетеді екен, қандай тамаша!

**(Төрт түліктің даусы естіледі)**

Тәрбиеші: Балалар тыңдайықшы бір төлдердің дыбысы естілетін сияқты.

**1-тапсырма: «*Үй жануарлары қалай дыбыстайды?»***

Қой-ешкі маңырайды.
Қой м-ә-ә-ә, м-ә-ә-ә.
Ешкі м-е-е-е, м-е-е-е.
Жылқы кісінейді. И-и-и-о-о-о.
Сиыр мөңірейді. Му-му-му.

Тәрбиеші:

- Жарайды балақайлар.

- Балақайлар сіздер саяхаттағанды жақсы көрер сіздерма?

- Иә!

- Ендеше мен сіздерді көрші әжейдің ауласыңы дағы үй жануарларымен толық танысу үшін саяхатқа апарайын.

- Ол үшін саяхатқа көлікпен барамыз.

- Қане барлығымыз көлікке отырайық.

- Мінекей балалар біздер көрші әжейдің үйіне келіп қалдық.

Әже:

-Қош келдіңіздер ұлдарым, қыздарым.

Балалар:

**-** Сәлеметсізбе .

Әже:

-Ал балаларым сіздер көріп,танысып болғанша мен осы үй жануарларымнаң алынған өнімдерден сіздерге сыйлығымды дайындайындап алып келейін.

Тәрбиеші:

**-**Жарайды әжей!

-Үй жануарлары деп үйде ұстайтын жануарр ларды айтамыз. Оларға мыналар;қой, ешкі, сиыр, жылқы. Қазақ халқының ежелгі кәсібі мал бағу. Ол сауса сүт, сойса ет, кисе киім, мінсе көлік. Халық малды өте қастерлеген. Сондықтан көптеген мақал – мәтел, жұмбақтар, өлеңдер, тыйым сөздер, аңыз әңгімелер айтып кеткен.

«Төрт түлік» туралы мақал-мәтел.
Жылқы – малдың патшасы
Қой – мырзалық
Сиыр – ақтық
Тайлақ ойнақтаса - тоқшылықкты

Тыйым сөздер.
Малды бастан ұрма.
Малға теріс мінбе.
Малды теппе, төкпе.

Жұмбақ.
Жем-шөп беріп бағамыз,
Сүтін сауып аламыз. (сиыр)

Сиырдың төлі бұзау. Сиыр жем, шөп жейді, су ішеді. Бұзау сүт емеді.

Сиыр сауса сүт, сойса ет, терісінен киім тігеді. Сиырдың пірі – Зеңгі баба. Сиырдың сүтінен қаймақ, айран, сүзбе, құрт, май, ірімшік алынады.

Қамыс құлақ, тастаған тұяқ,
Мінсе көлік, сүті дәрі, еті ем. (жылқы)

Жылқының төлі құлыншақ. Жылқы сұлы, жем жейді. Құлыншақ сүт емеді. Жылқының сүтін – қымыз деп атайды. Жылқы мінсе көлік, сойса ет, сүті дәрі. Жылқының пірі – Қамбар ата.

Кішкене ғана бойы бар,
Айналдырып киген тоны бар. (қой)

Қойдың төлі қозы. Қой шөп, жем жейді, су ішеді. Қозысы сүт емеді. Қойды сойса ет, терісінен түрлі заттар жасайды. Қойдың пірі – Шопан ата.

Басында екі таяғы бар,
Төрт аяғы бар,
Адам деуге болмайды, сақала тағы бар. (ешкі)

Ешкінің төлі лақ. Ешкі шөп, жем жейді, су ішеді. лақ сүт емеді. Ешкіні сойса ет, терісінен түрлі заттар жасайды. Ешкінің пірі – Сексек ата.

Тәрбиеші:
Үй жануарларын осылай шақырамыз.
Қойды пүшайт — пүшайт.
Ешкіні шөре — шөре
Жылқына құрау -құрау
Сиырды әукім — әукім.

-Жарайсыңдар балақайлар, ал осы үй жануарлары жайлы кім тақпақтар біледі екен?

**2 – тапсырма**. ***Үй жануарлары туралы тақпақтар:***

Айғаным:
Мінезім жайлы сиырмын,
Байлығымын бір үйдің.
Етім дәмді, сүтім бал,
Сырымды менің ұғып ал,

Нұртілек**:**
Құлын- құлын құлыншақ
Желбірейсің тұлымшақ
Маңдайыңда жұлдызың
Құйрығыңда құндызым.

Рамазан**:**
Қой-ешкі бір түлікпіз,
Бірге өстік еш күдіксіз.
Еті тәтті, сүті бал,
Қой-ешкі ең құнды мал.

Тәрбиеші:

**-**Ал қазір балақайлар жаңа айтып кеткенімдей, сүттің қалай алынатының сіздерге тәжірибе ретінде көрсеткім келіп тұр.

-Сиырға жақындамас бұрын балалар,қауіпсіздік ержесін сақтайық,сиырдың құйрықтары тиіп кету мүмкін.

-Алжапқышты тағып,орамалды тағып,қолымызды жуып алайық.

**3- тапсырма:** ***Қ/О: « Сиырдан сүт алу»***

***Мақсаты: Отырғышқа байланған бес саусақ қолғаптың іші ,ақ түсті сумен толтырылған. Балалар жаймен қолдарымен тартып сауу керек.***

-Балалар жарайсыңдар,сендер шапшаң әжейдің сиырларың сауып алдыңыздар.

-Ал мына шелектегі сүттерді әжейдің үйінде қалдырайық.

-Жарайсыңдар! Ал енді балақайлар осы үй жануарларының төлдерін тауып берейік.

**4- тапсырма:** ***Д/О: «Төлін тап».***

***Мақсаты: Ковраграв тақтасындағы*** *үй жануарларының атын және төлдерін ажыратуға үйрету.*

- Мынау сиыр, сиырдың төлі-бұзау.
- Мынау қой, қойдың төлі-қозы,
- Мынау ешкі,ешкінің төлі-бұзау.
- Мынау жылқы, жылқының төлі-құлын.

**5- тапсырма:** ***Д/О: «Дала жануарлының арасынаң үй жануарларын тап!».***

***Мақсаты: Ковраграв тақтасындағы дала жануарларының арасынаң*** *үй жануарларын ажырату.*

Тәрбиеші:
Жарайсыңдар балақайлар.

-Ал енді сіздерге тағыда бір тапсырма орындатқым келіп тұр.

**6-тапсырма:** «Үй жануарларын тап»

Мақсаты: Тыныс алу жаттығуы.Жасыл түске боялған күрішті үру арқылы,астынаң шыққан үй жануарлары жайында әр бала қысқаша айтуы керек.

***Тәрбиеші:***

-Жарайсыңдар балақайлар. ***Біздің балабақшаға қайтатың уақытымыз болып қалған сияқты.***

***Әже:***

***-Ал балаларым менің үй жануарларым қалай екен? Жақын танысып көрдініңдерме?***

***Балалар:***

***- Иә әже,сізге көп рахмет!***

-Ендеше балаларым, мына дәмді құрттарды апайларыңнңыз бақшаларыңызға барғасын сіздерге береді.

-Сау болыңдар! Өркендерің өссің.

***Балалар:***

Түрі: саяхат сабақ , ойын және сергіту жаттығулары арқылы. Қолданылатын көрнекіліктер:Әртүрлі тапсырмаларға сай алынған суреттер,балаларға арналған музыкалық аспаптар,тыныс алу жаттығуына арналған сандықша мен ырғақты сезінуге арналған қарлар.

Музыкалық репертуар: 1.Қайырлы таң! әуені

2. «Қысқы орманға саяхат»

3.Жыл мезгілдері А.Вивальди «Қыс»

4.Әндер. «Аққала», «Ақша қар»

5.Танец пингвинов.

Балалар залға әуенмен кіріп жарты шеңберге тұрып әуендетіп амандасады

Қуан шаттан,алақай,
Қуанатын күн бүгін.
Қайырлы таң апайлар,
Қайырлы таң балалар.
Сәлем бердік ,сәлем бердік сіздерге!

Орындарына отырады.

Жетекші:Балалар, сіздерге бір жұмбақ қойғым келіп тұр.

Шанамен зырғып желетін,
Шаңғы,шана тебетін,
Аққала жасап ойнайтын.
Қай мезгіл деп ойлайсың?

- Әрине қыс мезгілі. *Балалар қыс мезгілі қандай әдемі, керемет. Қардың түсі қандай?Қарды қолымызбен ұстасақ еріп кетеді.*

***Тіл жаттығуы:*** **1.** Қар, қар ұлпақар,

Жолдарға жатады. *(Қолдарымен төменде шайқайды)*

**2.** Қар, қар ұлпақар,

Дала борандайды. *(Қолдарымен үстінде бұлғайды)*

**3.** Қар, қар ұлпақар,

Жолдарды жабады. *(Алақандармен тізелерін соғады)*

**4.** Қар, қар ұлпақар,

Алақанда ериді. *(Алақандарды аударамыз)*

*Ендеше қарды қолымызбен ұстап қарайықшы расында да еріп кетеді екен ия.*

*Қыс мезгілінде тағы қандай қызықтар бар.*

(Экраннан суреттер көрсетіледі)

Ендеше біз де қысқы орманға саяхатқа шығайықшы.

Музыка тыңдау: Жыл мезгілдері А.Вивальди «Қыс»

- Балалар,мына музыка қандай мінезді деп айтуға болады?/Сиқырлы,әдемі өте ауадай жеңіл/

- Ал, бұл шығармада қандай аспаптың дауысын естіп отырмыз. Орындықтарыңыздың астындағы карточканы алыңыз,қай аспаптың дыбысын естісеңдер сол аспапты көрсетесіздер.

/Дұрыс, бұл скрипка аспабы./

*Д/Ойын: «Аспапты таны» домбыра мен скрипка дыбысын*

- *Өте жақсы балалар, енді біз «Ақша қар» әнін үйренейік. Ол үшін бірінші дауысымызға жаттығу жасап алайық.* Сіздер білесіздер ме бәрімізде музыкалық аспабымыз бар. Ол мына біздің дауысымыз.Дауысымыз әдемі шығу үшін біз не істейміз? Әрине, оны қыздырамыз.

Дауыс жаттығуы дыбыс созу арқылы дауысымызды шығарамыз.

Ән айту: үйренген Аққала әнін бірігіп айтайық.

Жақсы балалар енді бүгін жаңа ән үйренеміз.Ол ән «Ақша қар» деп аталады.

Әнді Нұрбибі Оразбаева апаларың өңдеп жазған.

Зерттеу жұмысы:Қарды қолмен ұстап көру.

- Балалар,салқын жақта пингвиндер тұрады. Қазір бәріміз пингвин болып мына қарлармен ырғақты қимыл жасаймыз.

Музыка әуеніне ілесіп,ырғақты қимылдар жасау

Енді сол пингвиндерге ұқсап бір-біріміздің соңымыздан еріп би билеп көрейік. Би: «Пингвиндер»

Аспаптармен ойын: Қасықтар мен қағаз арқылы оркестр құру.

Оқу қызметін қорытындылау,бағалау.

# «Дәрігер апай қонақта»

**К.І.Нұрмаханова**
*№48 «Шаттық» балабақшасының тәрбиешісі*

**Мақсаты:**

**Білімділік:** балалардың «Дәрігер»мамандығы жайлы білімдерін кеңейту.

**Дамытушылық:** балалардың ойлау қабілеттерін ойын арқылы жетілдіру және тіл байлығын, танымдық қабілетін, сөздік қарым-қатынастарын нығайту.

**Тәрбиелік:** бір-біріне деген достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілдері:** көрсету, сұрақ-жауап, ойын, сергіту сәті.

**Көрнекіліктер:** термометр, градусник, дәрумендер, көкөністер, жеміс-жидектердің суреті.

Сабақ барысы:

***Тәрбиеші***: балалар, қарандаршы, бізге көптеген апайлар келген екен, қане амандасайықшы.

***Балалар***: Арайлап таң атты,
Алтын сәуле таратты.
Жарқырайды аулымыз,
Жарқырайды балабақшамыз.
Қайырлы таң, балалар,
Қайырлы таң,апайлар!
Сәлеметсіздер ме, апайлар!

Шеңберге тұрып, тақпақ айту арқылы апайлармен амандасады.

***Тәрбиеші:*** балалар, бүгін бізге қонаққа кім келіп отыр, айтыңдаршы?

***Балалар***: дәрігер апай

***Тәрбиеші:*** дұрыс айтасыңдар. Ендеше, балалар, дәрігер апаймен де амандасайық.

***Балалар***: сәлеметсіз бе, апай?

***Дәрігер апай***: сәлеметсіңдер ме, балалар. Балалар, сендер мені таныдыңдар ма? Мен кіммін?

***Балалар***: иә, сіз біздің балабақшаның дәрігері - Айнұр апайсыз.

***Тәрбиеші:*** Балалар, дәрігер апай бізге қонаққа келді. Біз қонаққа не деп айтамыз?

***Балалар***: дәрігер апай, қош келдіңіз, қане, төрлетіңіз.

***Дәрігер апай***: рахмет, балалар. Балалар, қазір күз мезгілі, күн суытты, сол себепті мен сендердің қызуларыңды өлшеп, тыңдап, тазалықтарыңды тексеріп, сабақтың соңында дәрумен беремін.

***Тәрбиеші:*** балалар бір-бірлеп дәрігер апайға қаралыңдар.

***Тәрбиеші:*** жарайсыңдар, балалар. Қазір, біздер ойын ойнаймыз. Ойынымыздың аты ***«Кім жылдам?»*** деп аталады. Ойынның шарты: ортаға жеміс-жидектердің суретін көрсетіп, атын атау. Кім жылдам атаса, сол жеңімпаз болады.

***Дәрігер апай***: балалар беті-қолдарыңды жуып, таза жүріңдер. Шаштарыңды, тырнақтарыңды уақытында алғызып жүріңдер. Көкөніс, жеміс –жидектер жегенде жуып жеңдер.

Барлық балаларға бір дәруменнен таратылады.

***Тәрбиеші:*** балалар, қазір сергіту сәтін орындайық, бәріміз бірге!

***Сергіту сәті: «Сұр көжек жуынды».***

Бармақ боп, тоғайға
Сұр көжек жуынды.
Басын жуды,
Бетін жуды.
Көзін жуды,
Құлағын жуды.
Қолын жуды.
Аяғын жуды.
Сілкінді,
Сүртінді.
Тап-таза боп бір тынды.

***Тәрбиеші:*** балалар, сендерге дәрігер апай ұнады ма? Жарайсыңдар, балалар, сендер ойын-сабақ кешіне жақсы қатыстыңдар. Енді орындарымыздан тұрып қонақтармен қоштасайық.

# “Өзен балықтары”



**А.Б.Ршимова**
*«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі*
*Хромтау ауданы, Көктау ауылы*

**Білімділік-**Өзен балықтарының түрлерімен таныстыру. Іс-тәжірибе жасауды үйрету. Математикалық ұғымдарды (кеңістіктің бағдарлау, санау, салыстыру, теңестіру) бекіту.

**Дамытушылық** –Ұсақ қол маторикасын, логикалық ойлауын, есте сақтау қабілетін дамыту. Сөздік қорын молайту. Суретке қарап әңгіме құрастыра білуге, сахналауға ынталандыру. Шығармашылық қабілетін, қиялын дамыту. Қоршаған ортану тануға қызығушылығын арттыру. Қорытынды шығаруға, өз ойын жеткізе білуге баулу.

**Тәрбиелік-** Қамқорлық көрсетуге, бірлесіп жұмыс жасауға, ізденімпаздылыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: “Step by step» технология әдістерін қолдану,

М.Мантессори технология әдістерін қолдану, АҚТ пайдалану, д/ойын,

сұрақ-жауап, әңгіме құрастыру, сахналау.

Ата-аналармен жұмыс: Керекті құрал-жабдықтарды әкелу, үйде қайталау, ҰОҚ қатысу. Өзен жағасына саяхатқа апару.

ҰОҚ барысы: Жағымды көңіл-күй орнату:

Мынау менің жүрегім
Бәрі осыдан басталған.
Мынау басым ақылды,
Бәрін осы басқарған.
Мынау мениңң оң қолым,
Мынау менің сол қолым
Бәрлық істі атқарған.

Миға шабуыл:

Күміспенен апталған Суда өседі, өнеді,

Теңгеменен қапталған (сазан) Сыртқа шықса, өледі. (балы -Балалар, қалай ойлайсыңдар бүгін біз не жайлы сөйлесеміз?

-балалар: (балықтар туралы)

Тәрбиеші балалардың назарын экранға аударады. Балық түрлерімен таныстырып (сазан, шортан, алабуға, сом) , балықтардың тіршілігімен таныстырады.

Дидактикалық ойын: “Бөліктерден бүтін құрастыр және ата”

Мақсаты: Балалардың логикалық ойлауын, саусақ маторикасын дамыту. Жаңа сөздерді бекіту.

Сергіту сәті: “Қызыл гүлім-ай” mp 4

балалар бейнетаспадағы биин қайталайды

Күтпеген сәт: Судың дыбысы шығады.

Тәрбиеші: Балалар, бұл не? Ненің дыбысын естіп жатырмыз?

Балалардың жауабы: су, өзен, краннан су ағады, көл т.б.

Тәрбиеші: Балалар, дұрыс айтасыңдар. Қараңызшы біздің поштаға

Бейне жазба келіп тұр. Назарымызды экранға аударайық.

(Алтын балық сөйлейді, көмек сұрайды)

Алтын балық: -”Сәлеметсіздер ме, балалар. Маған сендерден көмек керек болып тұр. Өзең суы ластанып жатыр. Өзең мекендеушілерге қиын жағдайға тап болды.”

Тәрбиеші: Балалар, өзең балықтары қиын жағдайға тап болды дейді. Неге? Лас суда өмір сүре ал-

майды ма? Неге? Көмектесеміз бе? Қалай? Не істеуге болады?

Балалардың болжамдары:..........

Тәрбиеші: Балалар, балықтарға көмек көрсетейік, көңілдерін көтерейік. Сол үшін орталықтарға бөлініп тәжірибе жасайық, сурет салайық, ертегі шығарайық. Балалар өз еркінмен орталықтарға бөлінеді.

Ғылым орталығы: Тәжірибе жасау: "Лас суды тазалау"

Қажетті құралдар: лас су, шыны, воронка, сүзекі, сүзгілер, құм, тас, салфеткілер, қасық, т.б.

Құм мен су орталығы: Құм толы ыдыста түрлі ұсақ ойыншықтар арасынан балықты тауып алып, су құйылып тұрған ыдысқа балықты салады.

Қажетті құралдар: құм, су, ұсақ ойыншықтар, ойыншық балықтар.

Математика орталығы. 1. Тапсырма: "Балықтар қай бағытқа жүзіп бара жатыр"

Нұсқау: оң жаққа жүзіп бара жатқан балықты қызыл түспен бояймыз, ал сол жаққа жүзіп бара жатқан балықты көк түспен бояймыз.

2. санау, салыстыру. 3. теңестіру.

Қажетті құралдар: балық салынған парақтар, түрлі түсті қарындаштар,

Көркем әдебиет орталығы . 1. Дидактикалық ойын: "Суреттерді ретімен орналастырып, әңгіме құрастыр" 2. "Ертегі ойлап, сахналап бер"

Қажетті құралдар: сюжетті суреттер, сахналауға арналған түрлі бет перделер.

Өнер орталығы: "Балықты әшекейле"

Қажетті құралдар: түрлі дәнді-дақылдар, көкөністің дәндері (қарақұмық, фасоль, бұрыш түйіпшіктері, асқабақ дәндері т.б).

Сабақты қорытындылау

-Балалардың жұмысын талдау;

Тәрбиеші: Ал, балалар, бүгінгі іс-тәжірибемізді, орындалған тапсырмаларымызды көмек сұраған балыққа бейнежазба арқылы жолдайық.

-мадақтау;

Сұрақ –жауап: -Қай орталық сендерге қызық болды,? Немен қызық болды? Қай орталықта қиын болды? Неге? т.б.

# «Менің отбасым»

**А.Д.Сатаева**
*Бестамақ «Болашақ» балалар бақшасының тәрбиешісі*

Мақсаты:балаларға отбасы туралы түсінік беру, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Ойын,ертегі,көркем сөз,мақал-мәтелдер арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке,кішіпейілділікке тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері:әңгімелеу,көркем сөз,ойын,түсіндіру

**Шаттық шеңбері:**
Бақыт деген-
Осы шаттық шеңбері
Қол ұстасып
Тұрайықшы , кел бері.
Бақыт деген-
Көрмей қалса сағынып,
Мені іздейтін
Адал жүрек отбасы.
Көркем сөз.
Айналайын, балам-ай,
Айналсын сенен анаң-ай.
Әлдилеп сені сүйгенде
Бәрінің болар көңілі жай.

-Балалар,мұндай еркелетер сөзді сендерге кімдер айтады?

-Дұрыс аналарың,әжелерің,аталарың,әкелерің айтады.

-Бұл адамдардың бәрін бір сөзбен отбасы мүшелері деп атаймыз.

-Сонымен бірге тағы кімдер бар?

-Ағамыз,апамыз,ініміз,бөпелеріміз бар.

-Ал енді мына суретке назар салайықшы.

-Суреттен кімдерді көріп тұрсыңдар?

-Қандай отбасы мүшелері деп ойлайсыңдар?

-Дұрыс.Міне осы адамдар бір отбасы мүшесі болып есептеледі.Мысалы:А.Каусар сенің отбасыңда қанша отбасы мүшесі бар?Бек сенің отбасыңда кімдер бар?Ал Бауыржан сен шығып өз отбасың туралы айтып берші.

Отбасы мүшелеріне арналғантақпақтарымызды балаларымыз айтып берсін.

Раяна Қ 1.Атамнан басталар,
Әжемнен қосталар.
Отбасым мыналар,
Ең жақын адамдар.
Әкем мен анам бар,
Бір туған ағам бар.
Бір туған апам бар,
Бәрін жақсы көремін.
Бауыржан. Ата сөзі-қасиетті,киелі,
Ата сөзі-жанға жылы тиеді.
Ата сөзі-өміріме өнеге,
Ата сөзі тек шындықты сүйеді.
Айзере.Таусылмайды өлеңі,
Күнде айтып береді.
Барған сайын бір жаққа,
Кәмпит алып келеді.
Әжем мені өйткені,
Өте жақсы көреді.

Раяна Б.Бақытты,барым өзің боп,
Құшағына еніп сүйенсем.
Сүюші ең-»Ботам,қозым»-деп,
Аналық ыстық сезіммен.
Сәбиге қанат қақтырған,
Тербеткен ақыл-санасын.
Дүниедегі ең тәтті ән,
Әлдиің екен Анашым!
Сергіту сәті.
Атамның алып күрегін,
Ауланың қарын күреймін.
Әжеме мен құдықтан,
Су әкеліп беремін.
Үйді де сыпырып,
Еденді де жуамын.
Дид/ойын:»Даусынан таны»

Ойын шарты:Аудиодан аналарының еркелетіп айтқан сөздері жіберіледі,ал балалар өздерінің аналарының дауыстарын табу керек.

**-Балалар отбасы туралы м**ақал-мәтелдерін айтып берсін.

К.Омар1.Тәрбие- отбасынан басталады.
Гүлсезім 2.Ана көрген -тон пішер,
Ата көрген-оқ жонар.

Раман. 3.Балапан ұяда не көрсе,ұшқанда соны алады.

Қ.Каусар4.Ағасы бардың жағасы бар,інісі бардың тынысы бар.

Видеодан балалардың өз отбасындағы өмірінен алынған үзінді.

«Шалқан» ертегісі. Қазіргі заман талабына қарай өзгертілген ертегіні сахналау

Ата-Раман. Әже-Нұрай. Әке-Рамадан. Бала-Д. Омар. Ана-Айзере. Қыз-Диана

Міне балалар көрдіңіздер ме бірігіп,жұмылып ұйымшылдықтың арқасында шалқанды жұлып алды Осыдан да бір отбасының ауызбіршілігін,ұйымшылдығын көріп отырмыз.

Қим/ойын:»Дүкенші»

Ойын шарты:Балалар дүкеннен алған заттарын жақсы көретін адамдарына сыйлау керек.Кімге сыйлық алып тұрғанын айтып береді.

-Балалар мен де дүкеннен сендерге сыйлық алдым,соны таратып берейін.

Ән: «Ең жақсы адам»

# «Қанатты достар»

**Б.С.Сембаева**
*№44 «Тұлпар» МДҰ тәрбиешісі*
*Ақтөбе қаласы*

Мақсаты: Балалардың құстар туралы түсініктерін кеңейту, құстарға деген сүйіспеншілік сезімге қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Тілдерін дамыту сөздік қорларын молайту. Балаларды табиғат арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.

Шаттық шеңбері: Достарымның барлығын
Сыйлап жақсы көремін
Алақаным арқылы
Сыйлы жақсы көремін
Міне менің қолым бос
Жылуыма жылу қос
(Қонақтармен амандасу, алақан жылуын шашу)

Слайд арқылы жыл мезгілін анықтау (экраннан, еріген қар, гүл, жасыл шөптер, қызғалдақтар, бүршік жазған ағаштар)

Балалар бұл бейнелер қай мезгілді еске түсіреді?
Қар неге айналып жатыр
Қар қай мезгілде жауады?
Қазір қай мезгіл
Көктем мезгілінде неше ай бар?

Көңілді әуен ойнайды, сол кезде ортаға «Көктем» мезгілі кіреді.

Келді көктем қоңыр салқын желімен,
Келді көктем нұрын шашқан күнімен
Келді көктем қызыл жасыл гүлімен
Келді көктем әдемі құс үнімен
Көктем мезгілімен амандасу

Көктем: Сәлеметсіздер ме, балалар, сәлеметсіздер ме! Қонақтар мен көктеммін. Мен сендерге әдемі табиғатыммен және жұмбағыммен келдім. Балалар жұмбақ шеше аласыздар ма?

Тал басында түндіксіз отау (ұя)
Балалардың жауабы тыңдалады.
(экраннан ұя бейнесін көрсету)

-Жарайсыңдар балалар, осы ұяны нелер мекендейді?

-ұяны құстар мекендейді?

Осы кезде құстардың әуені орындалады. Құстар келіп ағаш түбіне қонады. (ауыздарында тістеген тапсырмалары бар)

Балалар коңілін экранға аудару (Шымшық бейнесін көрсету)

Сергіту сәті **:** «Шымшық»

Ағаш түбінде отырған құстарды анықтап , тапсырмаларын орындау

**1.**Тапсырма: Тоқылдақ (Мен тоқылдақпын, мен сендерге дос болғым келеді. Менімен «Жалғасын тап» ойынын ойнағылары келе ме?)

-Құс төмен ұшса жаңбыр жауады
Жоғары ұшса күн жылы болады.
Сауысқан шықылдаса, жақсы хабар естейміз
Қыста құсқа жақсылық жасасаң
Жазда жақсылығыңды өтеп береді.

Аққу атпа, досыңды сатпа

**2. Т**апсырма: Тырна Диас (Мен тырнамын, мен сендерге дос болғым келеді. Менімен «Жаңылма» ойынын ойнағылары келе ме?)

Шімішкі шақсаң шақ, шақсаң шақ

Шөбіңді шапсаң шап, шапсаң шап

Торғай торғайды ұнатады

Тоғай торғайды ұнатады.

Ақ шар бар , көк шар бар, көп шар бар, төрт шар бар

Шошыттың үш құсты

Шошытып үш құсты

**3 тапсырма:** Көкек Ринат (Мен көкекпін, мен сендерге дос болғым келеді. Менімен «Жұмбақ шешу» ойынын ойнағылары келе ме?)

Шарлап келіп даланы,

Үйіме үйін салады (қарлығаш)

Тақылдатып мазаны ап,

Ағаштарды мазалап,

Ормандарды емдейді, зиянкесті тазалап (тоқылдақ)

**4 тапсырма :** Қарлығаш (Мен қарлығашпын, мен сендерге дос болғым

келеді. Менімен «Құстар туралы тиым сөздер» ойынын ойнағылары келе ме?)

Құсқа тас лақтырма

Құстардың жұмыртқасын жарма

Ұя бұзба

**5. Т**апсырма **:** Аққу Руслана (Мен аққумын, мен сендермен дос болғым келеді. Мен сендермен «Дыбыстарды ажырат» ойынын ойнағым келеді)

Әуен айналып көгершін келеді Көгершіннің қолында шарлары бар. Шарларға буындар жазылған. Көгершін

-Сәлеметсіздер ме балалар, мен қандай құспын? Мен сендерге

«Адасқан буын» ойынын ала келдім.

Тыр- на , кө - кек, ақ- қу , шым - шық, қар- ға

Қорытындылау: Сұрақ-жауап

Ән «Ақ көгершін» әнімен аяқтау

# «Қуыршақ Әйгерімнің ойыншықтары»
## (ұлттық үлгідегі)

**Ж.Қ.Сүйінбаева**
*№32 «Қуаныш» МДҰ-ның тәрбиешісі*

Мақсаты: ойыншық ыдыстардың атауларын атай алады; негізгі түстерді таниды. Қамырмен жұмыс жасау дағдыларын: кесектен бөліп алу, шымшып алу, кесектерді жаю, ұнтақ заттарды біріктіру тәсілдерін пайдалана отырып, ою-өрнектерді жазықтықта орналастыра біледі.

Ресурстар: сандықша, ыдыстар (папе маше), ыдыстар бейнеленген карточкалар, сиқырлы қалташа, түрлі ойыншықтар, ыдыстардың макеті.

Шаттық шеңбері:

Қайырлы күн достым,

Қайырлы күн болсын!

Бүгінгі күн

Сәттілікке толы болсын!

Тәрбиеші: балалар, көңіл-күйлерің қалай? Бүгінгі күніміз ерекше болмақ. Сендер ойыншықтармен ойнағанды жақсы көресіңдер ме? Қандай ойыншықтарың бар?

Осы сәтте есікті қағып топқа Қуыршақ Әйгерім келеді. Балалармен амандасады. Қуыршақ Әйгерім өзін таныстырады.

Қолындағы сандықшасынан ойыншық ыдыстарын шығарып: -Балалар, мен де сендер сияқты ойыншықтармен ойнағанды жақсы көремін. Сендермен дос болып, бірге ойнағым келеді. Балалар, сендер маған жаңадан ойыншық жасап бересіңдер ме? Сосын бәріміз бірге ойнаймыз. (балалардың жауаптары)

Тәрбиеші: не істейміз балалар, қуыршақ Әйгерімге әдемі, жаңа ыдыстар жасап береміз бе? (балалардың жауаптары)

Қуыршақ Әйгерім: балалар, менің сандықшам сиқырлы, мүмкін қандай ыдыс жасау керегін бізге көмектесер. Сандықшаны ашып, ішінен қалташаны алып , балаларға көрсетеді. Балалар, қалташада не бар екенін білу үшін, әуелі ішіне қолымызды салып, затты алып қараймыз. Балалар қалташа ішінен ыдыстар бейнеленген суреттерді алады.

Тәрбиеші:енді қолымызда қандай сурет бар, сол суреттерге сәйкес топтарға бөлінеміз.

1 топ: Құман 2 топ: құмыра 3 топ: табақша

Дидактикалық ойын: «Ыдыстарды ою-өрнектермен безендірейік»

Әр топ өздеріне берілген тапсырмаларды орындайды. Қуыршақ Әйгерім де балалармен бірге ыдыстар жасауға кіріседі.

1 топ: тұзды қамырды үзіп алу әдісі арқылы құманның ойықтарын толтырып, «Ботакөз» оюын бейнелейді.

2 топ: құрғақ қиындылармен құмыраның ойықтарын толтыру арқылы «Қошқармүйіз» оюымен безендіреді.

3 топ: алдын-ала әзірленген дөңгелектермен табақша ойықтарын толтыру арқылы, «Қазмойын» оюын жасап шығады.

Тәрбиеші балалар жұмыстарынан көрме ұйымдастырады. Жұмыстарды талдайды.

Сергіту сәті: «Көңілді балалар»

Балалар қуыршақпен бірге әуенге еріп, би қимылдарын орындайды.

Тәрбиеші: біз қуыршақ Әйгерімге не жасадық? Ыдыстар қалай аталады?

Ыдыстардың түстері қандай? (балалардың жауаптары **4К сыни ойлау)**

Ыдыстар жайында жұмбақ, тақпақ, мақал-мәтелдер білеміз бе?

- Ыдыс аяқ тазалықты жақсы көреді.
- Ыдыс таза болса , ас дәмді.

Кесе шыны пиала, Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді? (ыдыстар)

Тәрбиеші: балалар, енді біздің қонағымыз қуыршақ Әйгерімге дастархан әзірлейік. Ол үшін не істейміз? Дастарханға қандай ыдыстар қоямыз? (балалар жауаптары)

Дидактикалық ойын: «Қуыршаққа арналған дастархан»

Ойын ережесі түсіндіріліп, балалар өздері ойнайды. Дастарханға қойылатын ыдыстарды балалар өздері қойып шығады. Көмек қажет ететін балаларға көмектеседі.

Қуыршақ Әйгерім: ой тамаша, қандай керемет Менің достарым ақылды, білімді, шебер екен, рахмет сендерге.

Тәрбиеші: балалар, біздерге қонаққа кім келді? Сендер қуыршақ Әйгерімге нелер жасап бердіңдер? Аттарын айтып берейікші. Мақал-мәтел айттық, жұмбақ шештік. Жарайсыңдар балалар, көп рахмет сендерге. Балаларды мадақтау, бағалау.

Қуыршақ Әйгерім сендерді бірге ойнауға шақырады.

«Әйгеріммен бірге ойнаймыз»

# Қайырымды Алдар көсе

**А.А.Тлеумагамбетова**
*МКҚК «№19 «Бұлақ» МДҰ-ның тәрбиешісі*

Зал күз мезгіліне байланысты безендірілген: жапырақтар, күзгі ағаштар, көкөністер мен жемістермен толған себеттің суреті, күн, бұлттар.

*Балалар залға көңілді музыкамен билеп кіреді,күн күркірегенде орындарына отырады.*

Жүргізуші: Сары көйлегін желбіретіп,
Жапырағын ағаштың селдіретіп.
Тойға бөлеп елімді күзім келді,
Нұр тамшысын аспанның мөлдіретіп.

Балалар, табиғаттың бізге берер байлығы мен берекесін сыйлайтын сары алтын күзіміз тағы келді. Жылдың қай мезгілін алсақ, табиғат өз ерекшелігімен сұлу көрінеді. Табиғатты сүйіп, оны аялап күту әрбір адамның міндеті. Өйткені бізді қоршаған табиғат аман болса, біз де әрқашан көңілді боламыз. Құрметті қонақтар,бүгінгі мерекемізге қош келдіңіздер!

Күз туралы өлең шумақтарымен балаларымызды ортаға шақырамыз

Ән: «Алтын күз»

(залға музыка әуенімен Алдар көсе кіреді»

Алдар көсе: -Амансыңдар ма ата-аналар,балалар! Күзгі мереке құтты болсын!Егініміз мол болсын! Биылғы егініміз бітік шықты ма екен? (егіндерді барып қарайды)

Саңырауқұлақтарымыз,егін,көк-өністеріміз көп екен.

Жүргізуші: -Амансыз ба,Алдар көсе,мерекемізге қош келдіңіз! Иә,биылғы көкөністер мен жемістер мол екен. Сіз жолдан шаршап келген боларсыз,отырып дем алыңыз. Мына әдемі көңілді саңырауқұлақтар сізге арнап би билегісі келіп тұр.

Би: «Көңілді саңырауқұлақтар» (залға музыка әуенімен Бай шаршап кіреді)

Бай: - Әй,Алдар сен менің жерімде не істеп отырсың?Менің көкөністер мен жемістерімді алып кетейін деп отырған жоқсың ба тағы да? Пісіп тұрған егіндер тек менің қоймамда жату керек,соны ұғып ал!

Алдар көсе: -Ой,баеке,мен жай таза ауамен әдемі табиғатты көріп тамашалап отырмын. Кел ,оданда екеуміз бірге тамашалайық.

Жүргізуші: -Иә,баеке,Алдар дұрыс айтады,оданда күзгі мерекеде ойын ойнап, бір көңілімізді көтермейміз ба?

Ойын: «Асты кім бірінші тауысады?»

Бай: -Ухх,шаршап кеттім ,сәл демалып алмасам болмайды екен.

(Бай қорылдап ұйықтайды)

Алдар көсе: -Қап,мына Бай ұйықтап қалды-ау,осы бау-бақшада көп еңбек еткен ауыл адамдарына егін, көк-өністерді апрып бере қояйын деп едім,бай кетпей отырып алды-ау, енді не істесем екен?Байды ұйқысынан оятып,үйіне қалай қайтарсақ болады екен?

Жүргізуші: -Ойй,Алдар көсе,сіз уайымдамаңыз,қазір ән айтып,би билеп жіберсек,бай ұйқысынан оянып кетеді.

Ән: «Күн суытты далада»

(Бай ұйқысынан шошып оянады)

Бай: -Бұл не шу?Бұл не айқай?Неге қиқулап жатырсыңдар?Таза ауада демалып ұйықтай қояйын деп едім.Ұйықтай алмадым ғой.

Алдар көсе: -Баеке,сіз оданда үйіңізге барып демалыңыз.Ал мен сіз келгенше бау-бақшаны күзетіп отыра тұрайын.

Бай: -Демалсам,демалайын!Әй,Алдар,сен менің жерімдегі көкөністер мен жемістерімді былтырғыдай алдап алып кетіп жүрме.

(Бай шығып кетеді)

Алдар көсе: -Мына жерде көп дәнді дақылдар өсіп тұр екен.Бұл қандай дәнді дақылдар екен?

(Қыздар ортаға жүгіріп орындарына тұрады,қолдарындағы масақтарын жайқалтып өлең шумағын айтады)

Аякөз: Дала сары киінді
Самал соқты салқындау
Қырмандарға үйілді
Алтын астық,алтын тау

Би: «Масақтар биі»

Жүргізуші: -Балаларымызды өлең шумақтарымен ортаға шақырайық. (Күннің күркіреген дыбысы естіледі)

Алдар көсе: -Ауа райы бұзылайын деп тұрған сияқты.Жаңбыр жауғалы тур. Ал жаңбырдан бізді не қорғайды?

Балалар: -Қолшатыр.

Алдар көсе: -Онда мен сендерге қолшатырлармен ойын ұсынамын.

Ойын: «Қолшатыр кімге бұйырада?»

Ойын шарты: 5 бала ойнайды. Жерге 4 қолшатыр қойылады. Музыка ойнағанда балалар қолшатырлардың айналасында жүреді, тоқтаған кезде олар қолшатырларды алып астына тығылады. Қолшатырды алмаған бала отырады. Содан кейін бір қолшатыр алынып, ойын жалғастырылады.

Алдар көсе: -Қолшатырым айналады, көкөністер «Қолшатыр» әнін орындап береді.

Ән: «Қолшатыр Би: «Тамшылар биі»

Жүргізуші: -Құрметті қонақтар,күзгі егінді жинайтын кез келген сияқты,қалай ойлайсыңдар? Ендеше «Бау-бақша» әнін қабыл алыңыздар!

Ән: «Бау-бақша»

Алдар көсе: -Көкөніс пен егінді, жинап алдым бақшадан,
Ауыз тисін барлығы,ауылдағы жақсы адам.
Баекең келмей турғанда,жүк көлігім зулайды.
Көріп калса өзімді,одан бетер тулайды.
Ал, кеттік!

Алдар көсе балаларды соңына ертіп шығып кетеді.

(Бай кіреді.Қолында қолшатыры болады.)

Бай: -Мына жаңбыр да жауып кетіп үйден шыға алмадым .

(айналасына қарап,ашуланып).....

- Мына жердегі егіндерімді,көкөністерімді Алдар тағы алып кетіпті ғой. Қап,алданып қалғаным-ай!Енді не істеймін? (бай шығып кетеді)

Жүргізуші: -Осындай Алдар Көседей жомарт адамдарымыз көп болсын!Халқымыз тоқ болсын! Егініміз көп болсын!Қамбамыз астыққа тола берсін!

Күз келіпті дегенше,
Мереке болсын дегейсің,
Қонаққа келіп тұратын,
Көрермендер көбейсін!

-Құрметті көрермен қонақтар, осымен біздің мерекеміз аяқталды. Рахмет сіздерге. Келесі мерекелік іс- шарамызда кездескенше сау болыңыздар!

# «Жолда жүру ережелері»

**Г.Б.Уразалина**
*Бестамақ «Болашақ» балалар бақшасының тәрбиешісі Ақтөбе облысы, Алға ауданы*

**Мақсаты:** Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру, есте сақтауға үйрету. Танымдық белсенділігін жол белгілерін білу мен олардың атқаратын қызметін, қоғамдық көліктермен жай көліктердегі тәртіпті сақтау заңдылықтары туралы түсініктерін, ойын арқылы ойлау қабілетін, тақпақ арқылы тіл байлықтарын дамыту. Жол ережесін білудің маңызды екенін түсіндіру. Жолда жүру ережелерін орындауға, дамытушы ойындар арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілі:** Көрсету, түсіндіру, ойын ойнату, сұрақ-жауап.

**Көрнекілігі:** Интерактивті тақта, жол белгілер плакаттары 3, слайд, жолақ жолдар, ойыншық көліктер, велосипед, сомокат.

**Билингвальды компонент:** Қауіпсіздік-безопасность; бағдаршам-светофор; жаяу жүргіншілер өтпесі-пешеходный переход.

**Тәрбиеші:** *(тәрбиеші инспектор болып киныл алады)*

— Сәлеметсіздер ме балалар! Ұйымдастырылған оқу қызметімізді бастамас бұрын амандасып алайық.

**Шаттық шеңбері** (балалар бірге айтады)
Арайлап таң атты,
Алтын шуақ таратты. Қайырлы таң, балалар!
Қайырлы таң қонақтар!

**Тәрбиеші:** - Балалар біздің ата-аналарымыз базарға, қалаға, ауылға барғанда олар немен жүреді?
- Көлікпен.
- Қандай көлік түрлерін білесіңдер?
- Жер үсті, ауа, суда жүретін көліктер.

- Жер үстінде қандай көліктер жүреді?

- Жеңіл көлік, ауыр көлік, велосипед, поезд, трамвай, троллейбус, автобус. т.б

- Жолда жүргенде жол жүру ережелерін сақтайсыңдар ма?

- Иә.

- Олай болса мен сендерге жұмбақ жасырайын.

**Жұмбақтар:**

1. Ала таяқ ұстаған,
Жол тәртібін нұсқаған.
Өміріңді күзеткен, .
Ысқырықпен түзеткен. (**Милиционер)**

2. Көше бойлап аяңдайды,
Адам тасып аялайды. **(Автобус)**

3. Көліктің қаншасын үстінен өткізген ,
Іргеден басталып , алысқа жеткізген**. (Жол)**

4. Өзі сөйлей білмейді,
Бірақ «Тоқта, жүр !» дейді. **«Бағдаршам»**

**Слайдпен жұмыс**

-Балалар экранға қарайықшы! Бұл нені білдіреді?(пешеход)

-Бізге жолдан өтуге көмектеседі.

-Дұрыс айтасыңдар балалар! Оны «Жаяу жүргіншілер өтпесі» деп атаймыз.

-Келесі суретте не бейнеленген балалар қарандарш? Бағдаршам - светофор

— Дұрыс айтасыңдар балалар! Балалар кім біледі бағдаршамнын түрлерін? -Я дұрыс балалар! – адамға арналған бағдаршам болады және көлік жүргішілерге арналған бағдаршам ия! -Бағдаршамда қанша көз бар? Қандай? -Үш көз бар -Қызыл,сары, жасыл -Өте жақсы балалар! *(Барлығы бі*рге айтады)

Қызыл көзін ашқанда,
Сабыр сақта, баспа алға.
Сары көзін ашқанда,
Қарап қалма аспанға.
Жасыл көзін ашқанда,
Жүре бергін, жасқанба - Балалар қалада қозғалыстар көп болса да, көліктер мен адамдар бір-біріне кедергі келтірмей жүреді. Өйткені көліктер де жаяу жүретін адамдар да жол ережесін қатаң сақтайды. Сондықтан көшенің екінші бетіне өтуге бағдаршамның-қызыл, сары, жасыл үш көзі көмектеседі. Ал егер бағдаршам өшіп қалған жағдайда тәртіпті реттеуші жүргізеді. Бұрын қолдарындағы таяқшасымен реттейтін, ал қазір ысқырықпен реттейді.

Күтпеген сәт: *(*Ішке *зуылбек өзінің достарымен кіреді. Бірі велосипед, бірі сомокат, бірі көлік жүргізіп келеді)*



**Тәрбиеші:** Кел төрлетіңдер балалар қайдан кележатсыңдар? Біз жол белгілерімен танысып жатырмыз.

**Бек:** Менің атым Зуылбек, мыналар менің достарым.

**Есет:** Сәлем балалар!

**Зуылбек:** Велосипедпен үнемі зуылдап жүремін, ал достарыма енді үйреткелі жүрмін.

**А.Алинур:** Я Зуылбек жақсы айдайды велосипедты.

**Тәрбиеші:** - Зуылбек бұл қалай болғаны? Сен балаларға жаман үлгі көрсеткеніңмен қоймай үйретуге де қорықпай жүрсінба? - Бұл ісін дұрыс емес!

**Зуылбек:** Мына белгілер көшеде қаптап тұр. Мен оларды қайтем, мен оларсызда зуылдатамын. Зуылбек: - Әй, мынау қандай белгі, мынау менің велосипедім емес пе? Мен үшін жасалған белгіме?

**Тәрбиеші:** Иә, сен үшін, бұл белгінің аты **«Велосипед жүрмейді»**

**Зуылбек: -**Жүрмейді, тапқан екенсіңдер, мен жүрмейтін жер жоқ, білдіңдер ме, мен үшін де саяжай да, аула да бәрі ашық.



-Мұны да белгі дейді-ау,көшеге пәтердің жылу батериясы белгісі не үшін керек?

**Тәрбиеші:** Зуылбек ау бұл да саған керек белгі. Сен велосипедпен зуылдап келесің дейік, қарсы алдыңнан осы белгі кездесті. Ендеше алдыңда темір жол бар деген сөз. Ұқтың ба?

**Зуылбек:** - А...а а а бұл белгінің де қажеті бола қоймас, салдырлап-гүлдірлеп поезд жеткенше өтіп үлгеремін.

**Тәрбиеші:** -Балалар, жолда жүру ережесін, белгілерді Зуылбекке үйретейік. «Сақтансаң сақтаймын» деген сөз бар емеспе!

1.Мен, Ескерту белгісі! (көрсетеді)
2. Балалар өтетін жол белгісімін!
3. Автобус аялдайтын орын, белгісімін!
4. Кіруге болмайды белгісімін !
5. Жаяу жүргіншілерге жүруге болмайды!
6. Тоқтауға болмайды!
7. Тоқта! (стоп)
8. Тайғақ жол!
9. Телефон!
10. Дәмхана!
11. Жанармай бекеті!
12. Алғашқы медициналық көмек пункіті

-Мінекей балалар, біз көптеген жол белгілерімен таныстық.

**Ойын: «Жол белгісін дұрыс атта!»**

**Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілетін жетілдіріп, ой-өрісін дамыту. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Ойын шарты:** Тақтаға көрсетілген толық емес жол белгілерінің құрастырып, аттарын атап айту.

-Жарайсыңдар балалар! Реттеушіге көмек берейік. Калада көше өте көп, сондықтан үлгералмай жатыр. Балалар орнымыздан турып, тақтада көрсетілген бағдаршамның түстері жоқ екен, бірақ реттеуші көрсетіп турған белгі бойынша керек түсін табайықшы.

**Қ/ойын: «Реттеуші»**

- Жарайсыңдар балалар! Зуылбек жол ересін білдін бе. Енді жолда бұзық болмайсын?

**-Зуылбек:** Жоқ рахмет сіздерге балалар мен енді жол ережелерін сақтап жүретін болам.

-Жарайсын Зуылбек! Балалар Зуылбекпен бірге автобусқа мініп тобымызға қайтайық.

# «Қарлығаш пен дәуіт» қазақ халық ертегісі
## Театрлық қойылымға арналған сценарий

**А.Х.Урынбасарова**
*№49 «Думан» бөбекжай балабақшасының қазақ тіл мұғалімі*
*Ақтөбе қаласы*

Қатысушылар: Ертегі айтушы әже. Қарлығаш. Балапандары. Көкек. Қарға. Дәуіт.

*Сахна ертегі желісі бойынша безендірілген. Жасыл желек, ақ сары гүлдер, биік жар басына қарылғаштың ұясы орналасқан балапандары шикылдап тұр. Баяу әуен естіле бастады. Әже қасындағы немерелеріне ертегі айтып отырады.*

**Ертегі айтушы әже:** Ерте,ерте,ертеде бір қарлығаш жардың қуысына ұя салып, өмір сүріпті. Қанатты қатпаған балапандары анасы азық әкелуге кеткенде, шыдамсыздана күтумен болады екен. Бір күні балапандарын жемекке қарлығаштың ұясына жауыз жылан өрмелеп шығып бара жатады. Мұны көрген қарлығаш аспан мен жерді шарлап, шыр-шыр етіп, балапандарына араша іздейді. Бір кезде ағаштың басында отырған көкекті көріп қалып қасына келеді.

**Қарлығаш:** Көкек! Көкек!
Маған көмек керек.
Жауыз жылан өрмелеп,
Ұямды менің бұзбақшы,
Балапандарымды азық қылмақшы.
*(Қарылғаш қанатын қағып шыр-шыр етіп тұрады).*

**Көкек:** *(маңғазданып)*
Ку-ку! Ку-ку!
Қымбат бағам алтыннан,
Биіктерге талпынғам.
Қолым тиемейді, уақыт жоқ,
Бүркіт досым , туған күнге шақырған.
*(Көкек көкектейді де* ұшып кетеді).

**Ертегі айтушы әже:** Содан не істерін білмей шырылдап айналаға шақ ұрып ұшады, ал жауыз жылан болса балапандарға жақындап қалды. Қарылғаш көмек сұрап қарға келеді.

**Қарлығаш:**
Қарға досым, қайдасың?
Жылан дұшпан асырмақшы айласын.
Ұямды менің құлатып,
Балапандарымды жылатып.
Ойлап зұлым пайдасын, Асырмақшы айласын.
Көмектес ! *(деп шыр-шыр етіп қанатын қағады).*

**Адия Қарға:** Қарр! Қарр!
Мен емеспін батырың, Мазамды алма!
Үйленгелі жатырмын.
Айтшы сен одан да:
Жарасама көйлегім?
Келмей тұр ғой сөйлегің. *(дейді де қарға айнаға қарап әдеміленіп тұра береді.)*

**Ертегі айтушы әже:** Қарлығаштың амалы таусылып, шырылдап ұшып келе жатады. Сол кезде дәуітті көреді. Дәуіт қарлығаштың шыр-шыр еткен дауысын естіп.

**Дәуіт:** Қарлығаш достым!
Неге сонша жыладың,
Бұрын соңды естілмеді Бұл әнің?!

**Қарлығаш:**
Болмаған еді бұлай мұң,
егіліп жүріп жылаймын.
Жауыз жылан өрмелеп шығып ұяма балапанымды жемекші,кімнен көмек сұраймын... ?! - деп, қарлығаш көзінің жасын төгіп-төгіп жібереді.

**Дәуіт:** Тез! Жылдам жеткіз, мені,
Құтқарамын сені.
Сөнбесін жақсы үміт,
Жауды жеңер жақсылық.
*(Қарлығаш қанатын тосады. Дәуіт жотасына шығып алады).*

**Ертегі айтушы әже:** Көзді ашып-жұмғанша ұясына жетеді. Жылан ұяға тақап қалған екен. Дәуіт пен қарлығаш енді бір сәт кешіккенде , балапандарды қылғып сап, жұмсақ ұяда масайрап ұйықтамақшы екен.

**Дәуіт:**
Дұшпандықты жеңіуге,
Дәуіт келді өмірге.
Алмас қылыш қолымда,
Батырлығым бойымда.
Кінәсізді қорғаймын,
Тек жақсылық ойлаймын.
(Дәуіт қолындағы қылышын жылынға сермеп жібереді. Жауыз жылан сылқ етіп жерге құлап түседі).

**Балапандары:** Шик-шик! *(шаттанып шырылдайды)*
Бақытты ән жалғассын,
Көгімде құс самғасын,
Еш зұлымдық болмасын,
Әлемде жақсылық орнасын. *(қанаттарын қағып қуанып шик-шик етеді).*

**Ертегі айтушы әже:** Дәуіттің ерлігіне сүйсінген қарлығаш онымен айнымас дос болыпты. Содан бері талай заман өтсе де екеуі бір ұяда тұрып, бірге өмір сүріпті.

# Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері

**А.М.Утегенова**
*«Күншуақ» бөбекжай – бақшасының қазақ тілі мұғалімі*
*Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы*

Мемлекеттік рәміздер – еліміздің ең қадірлі , қастерлі символдары.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері - Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Гимн Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері болып табылады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы - ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының арақатынасы - 1:2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тудың авторы - еңбек сіңірген қайраткері, дизайнер, атақты суретші Шәкен Оңдасынұлы Ниязбеков.

Геральдика қағидаттарына сәйкес, күн байлық пен молшылықты, өмірді және күш-қуатты бейнелейді. Қазақстанның мемлекеттік атрибутикасында күннің бейнеленуі еліміздің жалпыадамзаттық құндылықтарды қастерлейтінін дәлелдейді және жас мемлекеттің жасампаздық күш-қуатын, серіктестік пен ынтымақтастық үшін әлемнің барлық еліне ашық екенін айғақтайды. Қыран (бүркіт) бейнесі – көптеген халықтардың елтаңбалары мен туларында ерте кезден бері қолданылып келе жатқан басты геральдикалық атрибуттардың бірі. Алтын бүркіт кескіні жас егемен мемлекеттің әлемдік өркениет биігіне деген ұмылысын көрсетеді. Мемлекеттік тудың сабының тұсына тігінен ұзына бойына кескінделген ұлттық өрнектер – оның маңызды элементі . Тудың сабын жағалай салынған ұлттық өрнектер Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрін символдық тұрғыда бейнелейді. «Ою-өрнек» сөзі латын тілінен аударғанда – «әсемдеу», «сәндеу» деген ұғымды білдіреді . Ою-өрнегі қойдың төбесі мен екі жаққа іріле түскен мүйіз бейнесінде келіп, оның қолтық тұсынан қоидың құлағын долбарлайтын тағы бір шолақ мүйіз тәрізді екі буын шығып тұрады. Одан байқаған адамға қошқардың тұмсық бейнесі аңғарылады. Киізден жасалған бұйымдарда бұл ою түсті шүберектермен ойылып, құрақ, яғни аппликациялық өрнек түрінде де тігіледі. «Қошқар мүйіз» ою-өрнегі – байлық пен молшылықтың нышаны .

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы – дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «QAZAQSTAN» деген жазу бар. Елтаңбаның бояулар гаммасын екі негізгі түстерді құрайды: алтын және көгілдір. Біріншісі біздің халықтар арасындағы ашықтық, айқын келешегімізге сәйкес жасақталған. Екіншісі әлемнің барлық халықтары үшін көгілдір аспан дара болып есептеледі. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының авторлары - белгілі қазақ мүсіншісі, ҚР еңбек сіңірген сәулетшісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Республикалық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының төрағасы Шот-Аман Уәлихан пен архитектор, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің профессоры Жандарбек Мәлібекұлы Мәлібеков.

Республика мемлекеттік егемендігін иеленгеннен кейін, 1992 жылы Қазақстан әнұранының музыкасы мен мәтініне байқау жарияланды.Байқау қорытындысы бойынша Қазақ КСР Гимнінің музыкалық редакциясын сақтау туралы шешім қабылданды. Осылайша тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Гимінің авторлары болып белгілі ақындар Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев және Жадыра Дәрібаева жеңіп шықты.2000 жылы 9 мамырда Елбасы Н.Ә.Назарбаев Гимнді өзгерту қажеттігін қадап айтты және үкіметке нақты тапсырмалар берді.Бірнеше аптадан кейін, Мәжіліс депутаты Н.Рүстемовтің бастамасымен Н.Назарбаевтың жазылған әнді "ҚР Мемлекеттік Гимнде өзгертулер мен толықтырулар мәселелері туралы" күн тәртібіне енгізуді сұраған болатын.2001 жылдың 28 маусымында Парламент қабырғасында Мемлекеттік Гимнде өзгертулер мен толықтырулар бойынша жаңа Гимннің мәтінін қабылдау кезегі қаралған болатын. Алайда, ҚР Президенті Н.Назарбаев қос палатаға ресми түрде хат жолдап, жаңадан қабылданатын Мемлекеттік Гимнді кейінге қалдыру және күн тәртібінен алып тастау жөнінде өтінішін білдірді. Дауыс қорытындысы бойынша, аталған мәселе күн тәртібінен алынып тасталды. Парламент мүшелері кезекті отырысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік Гимнінің қазақша мәтінін өзгерту туралы мәселені қарастырылды. Депутаттардың дауыс беру арқылы «Гимн» терминнің «Әнұран» мәтініне өзгертпеуге шешім қабылдады . Әлем бойынша құрылған мемлекеттік рәміздерге қатысты заңнамаларында халықаралық термин «Гимн» деген грек тілін 90 пайыз мемлекеттер

пайдаланып келеді. Осыған орай, Парламент мүшелері өзгертуссіз қалдырды.

Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері – бұл тек көркем образдар ғана емес, Мемлекеттік тәуелсіздікті, патриотизм мен демократияны жүзеге асыру идеясының жаршылары. Мемлекеттік рәміздер – егемендігіміздің мызғымас негіздерінің бірі. Ол республиканың жүріп өткен тарихи жолын, қазіргі экономикалық, әлеуметтік және саяси өмірін бейнелейді.Еліміздің ежелден аңсаған тәуелсіздігіне қол жеткізіп, қазақ ұлтының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының қайта жаңғыруы, мемлекеттік рәміздердің бекітілуі болашақ дамуға бет алған егемен еліміз үшін ерекше құбылыс. Сондықтан мемлекеттік рәміздерді қастерлеу азаматтарымыз үшін басты міндет болып табылуы тиісті. Сондай-ақ ұлтаралық татулық пен бейбітшілікті насихаттау жолында және мемлекетіміздің әлемдік деңгейде танылып, өзіне тән белгілерімен дамыған елдер қатарынан орын алуы үшін төл нышандарымыздың атқаратын қызметі айрықша.

# «Қыс қызығы»

**Г.Ж.Уразбаева**
*№32 «Қуаныш» МДҰ-ның тәрбиешісі*

**Мақсаты:** Жыл мезгілі қыс туралы біледі. Балалар суретке қарап әңгімелей алады. Табиғатты аялай біледі, берілген тапсырмаларды орындай алады.

**Көрнекілігі:** Қыз мезгіліне байланысты суреттер.

**Сабақтың әдістері:** Көрсету, ойындар, сұрақ-жауап, тақпақтар.

Ұйымдастыру кезеңі:

Қуан, шаттан, Алақай,
Қуанатын күн келді.
Күліп шықты күн бүгін,
Қайырлы таң, қайырлы күн!

Сұрақ-жауап:

**Тәрбиеші:** Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Қыс айларын атап көріңдер?

Қыста қандай құбылыстарды білесіңдер?

**(Бала үнін есту)**

**Кері байланыс:** Тақпақтар.

Тәрбиеші: Балалар мына жерде сиқырлы дорба тұр екен. Олай болса ашып көрейік. Сиқырлы дорбада тапсырмалар бар екен. Тапсырмалар орындайық.

**1.Луллия шеңбері: Педогог жетекшілігімен жүргізілетін ойын.**

**2. Азығын табу**: (үй жануарлары сиыр, қоян, жылқы)

(аңдар қасқыр, түлкі, аю, тиын)

**3. Буынға бөлейік:** (берілген заттарды тақтаға іліп, буынға бөледе)

**Сергіту сәті:** Үсірем, үсірем, қолыңды үсірем,
Үсірем, үсірем, аяғыңды үсірем.
Үсірем, үсірем, құлағыңды үсірем,
Үсірем, үсірем, бетіңді үсірем.

**Пішіндерді табу:** (шыршаға пішіндерді тауып, ретімен жабыстыру.)

**Құрылымдалған ойын:** жылдамдық, ұқыптылық.

**Қорытынды:** Бүгінгі берілген тапсырмалар ұнады ма?

Қай тапсырма көбірек ұнады?

Жарайсыңдар балалар, көп рахмет.

Балаларды мадақтау, бағалау.

*Хабарландырулар тақтасы*

# Құрметті оқырман!

Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығы «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» ақпараттық-әдістемелік журналының **№2 (24)** санын **2021 жылғы 25 маусымда** шығарады. Тоқсанына 1 рет жарыққа шығатын журналға төмендегідей айдарлар бойынша материал ұсынуға болады:

1. Тілтаным: профессор-ғалымдардың, тіл оқытушылары (қазақ, орыс және басқа тілдер), балабақша тәрбиешілері, жеке тұлғалардың және тіл жанашырларының еліміздегі тілдерді оқыту мәселесі, үштұғырлы тіл саясаты, Мәңгілік Ел жалпыұлттық идеясы, этносаралықынтымақтастық, татулық тақырыбындағы мақалалары, эссе, баяндамалары беріледі.

2. Рухани жаңғыру**:** «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын, оның ішінде 6-бағыт «Латын графикалық жүйеге көшуді» насихаттау мақсатында мақала, баяндамалар беріледі.

3. Тіл үйрету әдістемесі**:** мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін, педагогикалықшеберлігін жетілдіруге ықпал ету, әдістемелік көмек көрсету мақсатында әдістемелік мақалалар, баяндамалар және т.б. беріледі.

4. Үздік сабақ: тіл оқытушылары (қазақ, орыс және басқа да тілдер),әдіскерлердің іс-тәжірибесіндегі озық сабақтары (ҚМЖ) және қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқытудың салалық сабақ әзірлемелері беріледі.

5. Тәрбиеші жазбалары: мектепке дейінгі ұйымдарының тіл оқытушылары (қазақ,орыс, ағылшын тілдері) мен тәрбиешілерінің озық сабақ әзірлемелері, жеке тұлғаныжан-жақты дамытуға бағытталған тәрбиелік, танымдық, мәдени іс-шаралар сценарийлері беріледі.

Материалдар келесі талаптарға сай болуы керек:

Мақала немесе сабақтың әдістемелік әзірлемесі, эссе, баяндама, өлеңдердің көлемі <u>**2 беттен**</u> көп болмауы керек. Беттің жоғарғы және төменгі жағынан 2 см., сол жағынан 2 см., оң жағынан 2 см қалдыру керек. Жазу шрифті KZ Times New Roman, Times New Roman, кегль 12, жоларалық ашықтық 1 пт. 2 интервалдан кейін автордың аты-жөні; бос интервалдан кейін мекеменің аты, қаласы, ауданы көрсетіледі. Мақаланың негізгі мәтіні 2 интервалдан кейін басылады. Мәтіннің соңында 1 интервалдан кейін пайдаланылған әдебиеттер тізімі (алфавиттік жүйеде) беріледі. Мәтіндегі сілтемелер тік жақшада [1:23-25] рәсімделеді. Файлдық құжаттың атауы автордың фамилиясымен аталуы қажет. Кесте, иллюстрациялық сызбаларды беруде Microsoft Office бағдарламасын қолдану қажет.

Барлық материалдар талапқа сай рәсімделіп, **ortaluktil@mail.ru** электронды поштасына жіберілуі қажет. Баспаға материал жариялау-тегін.

Журналдың №2 (24) санына материалдар <u>**2021 жылғы 2 маусымға**</u> дейін мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 20 «А», №102 кабинет. Байланыс телефоны: 8 (7132) 41-69-34.

«Habar-Servis» JŞS baspahanasynda basylğan.
Qazaqstan Respublikasy, Aqtöbe qalasy, Smagulov köşesı, 9/2.
Tel.: 8 (7132) 545-545, 400-400.